В процессе изучения косвенного влияния экотуризма на экономику страны был использован статистический метод исследования, математическая модель экотуристского дифференцированного мультипликатора на основе теории экономического анализа Д. Кейнса и методы расчета мультипликатора П. Самуэльсона и В. Нордхауза.

На основании исходных данных и принятых допущений представляется возможным рассчитать величину косвенного воздействия экотуризма на экономику страны – мультипликативный эффект экотуризма (таблицы 1-2).

Таблица 1 – Количество въездных посетителей в местах наблюдения
(на 1 июля 2016 года)

Страна	Количество опрошенных посетителей				
	всего	в том числе			
		в аэропортах	на железнодорожных вокзалах	на авто-станциях	на автомобильных пунктах пропуска
Республика Казахстан	13 965	2 977	4 989	4 325	1 674

Источник: Данные материалов [5]

Таблица 2 – Расходы въездных посетителей на территории Казахстана
(на 1 июля 2016 года)

Страна	Сумма потраченных денежных средств					
	Проживание в местах размещения	Услуги транспорта	Услуги туристских агентств и операторов	Питание	Рекреационные, культурные и спортивные мероприятия	Прочие расходы
Республика Казахстан	140 722,2	51 808,5	3 571,6	156 343,6	20 998,6	1 610,3

Источник: Данные материалов [5]

Учитывая динамику оборота экотуристских расходов в рамках экотуристского мультипликатора, расчет косвенного влияния экотуризма в обобщенном виде будет выглядеть следующим образом:

$$K = P + P * МСП + P * МСП^2 + P * МСП^3 + \dots + P * МСП^n \quad (1)$$

$$T = \frac{P}{(1-МСП)} \quad (2)$$

$$k = \frac{1}{(1-МСП)} = \frac{1}{МСН} \quad (3)$$

K – коэффициент мультипликатора;

$МСП$ – маргинальная склонность к потреблению;

$МСН$ – маргинальная склонность к накопления;

$P = const$;

T – выпуск экотуристской продукции (услуг).

Применении подобных моделей расчета предполагается наличие равновесного спроса-потребления в системе экономического оборота страны и неизменного параметра инвестиций за принятый 2013-2016 годы (таблица 3,4).

Под инвестициями в экономику страны будем подразумевать совокупные расходы экологических туристов и экскурсантов ($P = 280USD$ [6]). В заданный расчетный период (2016 год) такие расходы экотуристов принимались неизменными, как и маргинальная склонность к потреблению $МСП$ (маргинальная склонность к потреблению).

Таблица 3 – Уровень номинальных доходов и расходов в Казахстане в 2013-2016 годы

Годы	Уровень доходов, тенге (KZT)	Уровень расходов, тенге (KZT)
2013	550 075	386 655
2014	601 541	411 260
2015	647 091	426 912
2016	719 501	465 002

Источник: Таблица создана автором на основании источника [5]

Таблица 4 – Маргинальная склонность к потреблению в 2013-2016 годы

Годы	Маргинальная склонность к потреблению, %
2013	70
2014	68
2015	65
2016	64

Источник: Таблица создана автором на основании источника [5]

Среднестатистическая маржинальная склонность к потреблению за 2013 год равнялась 70%, в 2014 году – 68%, 2015 году – 65%, а в 2016 году – 64%. Как видно из таблицы, с каждым годом склонность к потреблению снижается. Исходя из данных показателей, среднеарифметическая маржинальная склонность к потреблению за последние четыре года составляла

$$66\%(\text{МСП} = \frac{70+68+65+64}{4} = 66).$$

Используя приведенные модели расчета, мы получили следующие показатели:

$$T = \frac{P}{(1-\text{МСП})} = \frac{280}{(1-0,66)} = 823$$

Ниже приведена формула для расчетов параметров геометрической прогрессии:

$$K = P + P * \text{МСП} + P * \text{МСП}^2 + P * \text{МСП}^3 + \dots + P * \text{МСП}^n$$

Определим число оборотов экотуристских расходов в экономике страны и величину прироста дохода на каждом обороте:

$$K = 280 + 280 \cdot 0,66 + 280 \cdot 0,66^2 + 280 \cdot 0,66^3 + 280 \cdot 0,66^4 + 280 \cdot 0,66^5 + 280 \cdot 0,66^6 + 280 \cdot 0,66^7 + 280 \cdot 0,66^8 + 280 \cdot 0,66^9 + \dots + 280 \cdot 0,66^{15} = 280 + 184,8 + 121,96 + 80,49 + 53,12 + 35,06 + 23,14 + 10,08 + 6,65 + 4,39 + \dots + 0,36 = 823$$

$$k = \frac{1}{(1-\text{МСП})} = \frac{1}{\text{МСП}} = \frac{1}{(1-0,66)} = 2,94$$

В нашем случае при коэффициенте мультипликации $k = 2,94$ расходы каждого экологического туриста и экскурсанта в размере 280 USD генерируют дополнительный доход в экономику страны в размере 823 USD, совершая при этом более 15 оборотов (транзакций).

Исходя из общедоступных информационных материалов, хочется отметить, что Казахстан в 2016 году посетили по официальным данным 6,5 миллионов иностранных граждан, из которых, с целью туризма и отдыха, чуть более 70 000 путешественников [6]. Если связать эти данные с расчетами которые мы смогли получить в ходе исследования, то величина мультипликативного эффекта от туризма в бюджет нашей страны составляет порядком 57,6 млн USD, при том, что официальные показатели по поступлению финансовых средств от туристского сектора в бюджет страны составляет около 2,81 млн USD. Если учитывать, что экотуризм формирует от 20 до 25% всех денежных поступлений от предпринимательской деятельности в сфере туризма, то показатель обобщенного мультипликатора для экотуризма будет составлять – от 11,5 до 14,4 млн USD

или 5 млрд KZT. Полученная величина обобщенного экотуристского мультипликатора не отражает ряд факторов, влияющих на него в сторону уменьшения.

На основании исходных данных и принятых допущений предоставляется возможным рассчитать величину косвенного воздействия экотуризма на экономику страны и получить мультипликативный эффект экотуризма. Мультипликативный эффект от экотуризма, рассчитанный по предложенной методике, носит оценочный характер, поэтому целесообразно при обосновании показателей, учитываемых в расчетах, использовать экспертный подход. Следует подчеркнуть, что одна из основных проблем расчета мультипликатора в экотуризме – несовершенство статистического учета в сфере туризма Казахстана. Главное значение мультипликативного влияния экотуризма выражается в том, что в конечном итоге «цепной» доход, полученный от одного экотуриста, превышает сумму денежных средств, потраченных им в экотуристской дестинации на приобретение услуг, товаров и др.

Список использованной литературы

1. Гуляев, В.Г. Туризм: экономика и социальное развитие / В.Г. Гуляев. – М.: Финансы и статистика, 2003. – 304 с.
2. Ruetter, H. *Wirtschaftsfaktor Tourismus// Volkswirtschaftin der Schweiz - Bern: Staat Wallis, 2001. – P. 125-132*
3. Samuelson P., Nordhaus W. *Economics, 13th Ed. / P. Samuelson. – New-York: McGraw-Hill Education, 1989. – 837 p.*
4. Папирян Г.А. *Международные экономические отношения. Экономика туризма: Учебное пособие / Г.А. Папирян,- М.: Финансы и статистика, 2000. – 208 с.*
5. *Статистика туризма. Бюллетень за 2016 год. Комитет по статистике при Министерстве национальной экономики Республики Казахстан. [Электрон. ресурс]. – URL:http://stat.gov.kz/faces/wcnav_externalId/ (дата обращения 01.10.2017)*
6. *Обзор въездных посетителей и их расходов. [Электрон. ресурс]. – 2017. – URL:<http://www.zakon.kz/4852855-obzor-vezdnykh-posetitelej-i-ikh.html>(дата обращения 01.10.2017)*

А.Т. Исаева¹

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСКЕ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ОНЫҒА ДИНАМИКАСЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада Қазақстан жағдайында шағын және орта бизнеске анықтама бере отырып, қолда бар шетелдік тәжірибелерді ескере келе, шағын және орта бизнеске сипаттама берген.

Әлемдік экономиканың жаһандануы бүкіл дүние жүзілік өндірістік процесінің өзгеруіне, халықаралық еңбек бөліндісіне және ғылыми-техникалық прогрестің тереңдеуіне байланысты болады, сонымен қатар шаруашылық қызмет субъектілерін интернационализациялау процесін тездететін құбылыс. Шағын және орта бизнес жаһандану кезінде мобильді болуына байланысты, нарық конъюнктурасының өзгеруіне шапшаң бейімделеді, сонымен қатар, жаңа технологияларды тез енгіздіріп, ірі бизнеспен бәсекеге түсетіндігі айқындалған. Қазіргі таңда шағын және орта бизнесті сату немесе қызмет көрсету арқылы, пайда табу мақсатында кәсіпкерлік қызмет түрі ретінде ғана қарастырмай, сонымен қатар, шағын және орта бизнес – әлеуметтік-экономикалық жауапкершілігі бар, инновациялық-өндірістік және экспорттық әлеуетті бар дербес сектор ретінде қарастырған. Шығын және орта бизнес әлеуметтік-экономикалық дамуының тұрақтылығын және жаңа жұмыс орындармен, сонымен қатар нарық тауарлары мен қызмет түрлерімен қамтамасыз ететіндігі айқындалады. Аталған мақалада шағын және орта бизнеске тоқтала отырып динамикалық талдау жасалған.

Түйін сөздер: шағын және орта бизнес, талдау, динамика, ішкі және сыртқы айналым, сауда, қызмет, өндіріс.

Аннотация

А.Т.Исаева¹

*¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казакстан*

АНАЛИЗ И ДИНАМИКА МАЛОГО И СРЕДНЕГО БИЗНЕСА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

В этой статье описываются малые и средние предприятия с учетом существующей международной практики, дающей ссылку на малый и средний бизнес в Казахстане.

Глобализация глобальной экономики будет зависеть от изменения глобального производственного процесса, распределения международной рабочей силы и углубления научно-технического прогресса, а также ускорения процесса интернационализации экономических субъектов. В связи с тем, что малые и средние предприятия мобильны во время глобализации, они быстро адаптируются к меняющимся условиям рынка, а также быстро интегрируют новые технологии и конкурируют с крупными

предприятиями. Сегодня малый и средний бизнес рассматривается не только как предпринимательская деятельность, но и как частный сектор с социально-экономической ответственностью, инновационным, производственным и экспортным потенциалом посредством продаж или обслуживания малого и среднего бизнеса. Установлено, что устойчивость социально-экономического развития экономики и среднего бизнеса обеспечит новые рабочие места, а также рыночную продукцию и услуги. В данной статье анализируется динамика малого и среднего бизнеса.

Ключевые слова: малый и средний бизнес, анализ, динамика, внутренний и внешний оборот, торговля, услуги, производство.

Abstract

Isaeva A.T.¹

*¹Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

ANALYSIS AND DYNAMICS MUNICIPALITY FOR BUSINESS KAZAKHSTAN

In this article, they are described as a medium-sized business, with a few examples of small and medium-sized businesses in Kazakhstan.

Globalization of the global economy will depend on the globalization of the production process, the internationalization of labor migration and scientific and technological progress, as well as the process of internationalization of economic entities. With the help of mobile phones and global media, they are quickly adapting to the marketplace, and also quickly integrate new technologies and compete with a large number of businesses. Today, small and medium-sized businesses are regarded as not only business-oriented, but also as private sector with social and economic responsiveness, innovation, production and export potential for mediation or middle-income business. It should be noted that the social and economic development of the economy and the medium-sized business are the newest jobs in the industry, as well as market products and services. In this article, the dynamics of small and medium businesses are analyzed.

Key words: small and medium business, analysis, dynamics, internal and external ventures, trading, services, prod .

Қазақстан жағдайында шағын және орта бизнеске анықтама бере отырып, қолда бар шетелдік тәжірибелерді ескере келе, шағын және орта бизнеске келе-сідей сипаттама беруге болады. Шағын және орта бизнес кәсіпорындары деп, бір немесе бірнеше инвесторлармен құрылған, географиялық шектелген аймақтарда жұмыс істейтін және нарықтың шектелген үлесіне ие кәсіпорындарды айтамыз. Бұл кәсіпорындарда басқаруды негізін салушылар жүзеге асырады, олар барлық негізгі стратегиялық шешімдерді қабылдайды; басқару – нысаншылдықтың жоқтығы мен ұтымды шешім қабылдау сипатымен ерекшеленеді; басқару саласында, сондай-ақ өндіріс саласында жұмысшылардың жоғары өзара ауыспалылығы байқалады.

Кәсіпкерлік сектор нарықтық бәсекелестің өзгерісіне өте сезімтал. Сонымен қатар экономикадағы бәсекелес сипатты қолдай отырып, орта топтың қалыптасуының негізін қалайды. Осындай әлеуметтік базаны дамытпастан нарықтық реформаларға жоғары баға беру мүмкін емес. Бұл сипаттаманың әділдігін

экономиканың қолдаушы күші болған шағын және орта бизнесті кең бағытта қолдаған шет елдердің тәжірибесі айғақтайды. [1]



Дерек көзі [1]

Сурет – 1. Шағын және орта бизнеске қатысушылардың жалпы жұмысқа қамтылғандар санындағы әр елдегі үлесі

Мысалы, АҚШ-та жалпы өнімнің 40% және еңбекке қабілетті халықтың елу 53% оның үлесіне тиеді. Ірі корпорацияларға қарағанда шағын кәсіпорындар технологиялық жаңалықтарды анағұрлым көп игереді. Мұндай кәсіпорындар тауарларды экспортқа шығаруға мүмкіншіліктері мол. Олардың үлесіне: Германия, Италия, Жапония, сияқты елдерде тауар экспортының 40% жуығы тиселі екен.


Кестеде деректері дәлелдеп отырғандай, шағын және орта бизнес өркениетті елдерде әлеуметтік мәселелерді шешудің басты күші бола отырып, тұрақтылықтың кепіліне айналуға. Экономикалық және статистикалық мәліметтер бойынша шағын және орта бизнес субъектілерінің рөлі тіпті дамыған елдерде байқалады. Шағын және орта бизнес субъектілерінің санын арттырып, оларға көмекке көрсете отырып, мемлекет экономикалық, әлеуметтік, әсіресе жұмыспен қамту мәселесін шешеді.

Спецификалық функцияларды істей отырып, ірі және шағын құрылыс фирмалары бірін-бірі толықтыруда деуге болады. Сондықтан, шағын және ірі құрылыстық кәсіпорындар арасында тікелей бәсекелестік туралы айту заңсыз. Шағын және орта бизнес ірі бизнеске қарағанда анағұрлым тиімдірек жұмыс істейтін салаларда өзінің нарықтағы тауашасын сәтті иеленеді. Мысалы, ірі комбинат әсері – бұл ірі бизнес саласы екендігіне сөз жоқ, бірақ осы комбинаттағы электромонтаждық фирмалар электромонтаж жұмыстарын әлдеқайда тиімдірек орындайды. Осы тұрғыдан шағын, орта және ірі бизнесті салыстыруына көңіл аударатын болсақ, мен шағын, орта және ірі бизнесті салыстыруды кесте түрінде ұсынамын. [1]

Кесте – 1. Шағын, орта және ірі бизнесті салыстыру анализі

№	Критерий	Ірі бизнес	Шағын бизнес
1	Қызмет көрсету мен өндіріс салалары	Өнеркәсіп, отын-энергетикалық кешен, энергетика	Қызмет көрсету саласы сауда және қамтамасыз етуші өндірістер
2	Шығарылатын өнім сипаты	Массалық өндіріс	Ұсақ сериялы немесе жеке өндіріс
3	Жаңа енгізілімге деген қабілеттілік	Жаңа енгізілімге қабілеттілігі аз	Ірілерге қарағанда, жаңа енгізілімдер 24 есек өп
4	Стратегияның өзгеруі	6-10 жыл	0,5-1 жыл
5	Қызмет саласы	Ірі қалалар және өндіріс кешені	Үлкен және шағын қалаларда
6	Бәсекелік ортаны құру	Нарықтың елеулі бөлігін жаулап алу есебінен бәсекенің шектелуі	Бәсекелестік ортаның күшеюі
7	Кәсіпорынды құру және тіркеу	Қаржылық шығындардың едәуір болуы және тіркеу процедурасының созылмалығы	Бастапқы шығындардың және тіркеу талаптарының төмендігі
8	Жаңа жұмыс орындарын құру	Жұмыс орындарын құру қарқыны анағұрлым төмен	Жұмыс орындары өте жылдам (3 есе) қарқынмен құрылуда
9	Жұмыс күшін оңтайландыру мүмкіндігі	Жұмысшылардың тар көлемді маман болғандығынан мүмкін емес	Жұмысшылардың жоғарғы дәрежедегі ауыспалылығының арқасында мүмкіндік мол
10	Басқару құрылымы	Көлемі зор басқару құрылымы	Басқарудағы икемділік, басқару аппаратындағы жұмыскерлер саны ең төменгі
11	Басқару жүйесіндегі мүдделердің ұштастырылуы	Құрылтайшылар мен менеджерлер мүдделерінде қарама – қайшылық болғандықтан ұштаспайды.	Құрылтайшылар мен менеджерлердің міндеттер бір адам үйлестіретіндіктен, басқару жүйесін де мүдделер қарама – қарсылы болмайды.

Дерек көзі [3]




Дерек көзі [2]

Сурет–2. Ішкі сауда

Ұлттық экономиканың өзекті сұрақтарының бірі ішкі сауданың жағдайы және оның даму болашағы болып табылады. Ел экономикасының салықтық төлемдері бойынша жер қойнауын пайдаланушылардың, өңдеу өнеркәсібінің және қозғалмайтын мүліктен кейін төртінші орынды сауда иеленді.

Сауда – экономиканың үлкен бір саласы. Қазақстанда сауда аясында экономикадағы жұмыспен қамтылған халықтың жалпы санының 14,4% жұмыс істейді (1,3 млн адам). Жұмыспен қамтылғандардың ісжүзіндегі саны 2 млн дейінгі адамды, немесе 28%, құрайды. Қазақстанда дәстүрге айналған, бірақ заман талабына сай келмейтін «үй жанындағы дүкендер» әлі де басым. Сауда кәсіпорындары бойынша бұл форматтың орташа үлес салмағы 41%, ал сауда аландарының (базарларды қоса алғанда) жалпы қоры көлемінде – 21%. 2014-2015 жж. 752 сауда базарлары жұмыс атқарып, онда 968 мың адам шұғылданған. Бөлшек сауданың жалпы көлемінің 45,1 пайызын сауда базарлары мен жеке кәсіпкерлер құрайды.



Дерек көзі [2]

Сурет – 3. Бөлшек және сауда көлемі (млрд.теңге)

Жалпы алғанда, еліміздегі сауда жасаушы кәсіпорындар мен ұйымдардың бөлшек сауда айналымының көлемі 2013 жылмен салыстырғанда 2015 жылғы көрсеткіштер бойынша 16,1 пайызға артқан. Яғни 2015 жылы 6555,8 млрд теңгеге бөлшек саудада азық-түлік өнімдері, алкогольдік сусындар мен темекі өнімдері және азық-түлік емес тауарларға сауда жасалған. Көріп отырғанымыздай бөлшек саудада негізінен, азық-түлік емес тауарлар басым болып тұр. 2015 жылғы деректер бойынша бөлшек сауданың жалпы көлемінің ішінде азық-түлік тауарларының үлесі 40,4%, азық-түлік емес тауарларының үлесі 59,6% құрайды. 2015 жылы мұндай тауарлардың бөлшек саудадағы жалпы көлемі 4668,9 млрд теңгеге ұлғайды. Бұл дегеніміз 2013 жылмен салыстырғанда, 17,3 пайызға артық. Ал азық-түлік тауарлары 2015 жылы 1886,9 млрд теңге тежелді. Сонымен қатар алкогольдік сусындар мен темекі өнімдеріне деген сұранысыныңда артқандығы байқалады.

Жан басына шаққанда бөлшек сауда бойынша 2015 жылы әр қазақстандық орташа есеппен 373636 теңгеге сауда жасаған. Бұл көрсеткіш 2014 жылмен салыстырғанда 2 пайызға жоғары. Демек, орташа есеппен ай сайын бір адам 31136,3 теңге көлемінде азық-түлік тауарын және азық-түлік емес тауарын сатып алу әрекетін жасаған. 2015 жылы жан басына шаққандағы бөлшек сауданың жалпы көлемінің ішінде азық-түлік тауарларының үлесі 40,4%, азық-түлік емес тауарларының үлесі 59,6% құрайды. Өткен жылмен салыстырғанда адам басына шаққан азық-түлік сатып алуға жұмсалған шығын 2,1 пайызға және азық-түлік емес тауарын сатып алуға жұмсалған шығын 2 пайызға артқан. Ал көтерме сауда 2015 жылы 16240,5 млрд теңге құрап өткен жылмен салыстырғанда 0,2 пайызға артқан.

Жан басына шаққан бөлшек сауданың ең көп көлемі бойынша бірінші орын иесі Алматы қаласында – 839,15 мың тг. Ай сайын бір алматылық орташа есеппен 83,9 мың тг жұмсаған. Оңтүстік астананың 1,64 млн тұрғыны бөлшек сауда желілерінде 1,37 трлн тг сомасы көлемінде тауарларды сатып алған. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 6,25% көбірек. 2015 жылдың ішінде қаланың әр тұрғыны азық-түлік тауарын сатып алу үшін 294,72 мың тг жұмсап, 544,43 мың тг азық-түлік емес тауарын сатып алған. 2014 жылмен салыстырғанда өндірістік тауарларға деген шығын 55,45 мың тг өскен, өндірістік емес тауарлар бойынша шығын 76,70 мың тг азайған.

Екінші орынды Астана қаласы иеленді. Бас қаланың 852,8 мың тұрғыны 2015 жылы бөлшек сауда желілерінде 527,9 млрд тг қалдырып, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 35,48 млрд тг, немесе 7,21%, көбірек жұмсаған. Бұл адам басына 619,06 мың тг, немесе бір айда 61,9 мың тг. Атап айтқанда, 191,48 мың тг азық-түлік тауарын және 427,58 мың тг азық-түлік емес тауарын сатып алу үшін жұмсалған. 2015 ж. қаңтар-қазанында Астана тұрғындары азық-түлік тауарын сатып алу үшін 3,02 мың тг кем жұмсап, азық-түлік емес бұйымдарына 17,37 мың тг артық сауда жүйесінде қалдырған.

Үшінші орындағы Ақтөбе облысында жан басына шаққан бөлшек сауда көлемі 450,89 мың тг, немесе айына 45,1 мың тг, құрап, 5,8%, немесе 18,5 млрд тг, артқан. Облыстағы бөлшек сауданың жалпы көлемі 333,8 млрд тг құрады. Азық-түлік тауар бойынша сатып алудың адам басына шаққан көлемі

168,44 мыңнан 169,48 мың тг дейін өссе, азық-түлік емес тауар сатып алу 221,37 мыңнан 236,41 мың тг дейін артқан.

Қарағанды облысы 338,10 мың тг жеткен жан басына шаққан бөлшек сауда көлемімен **төртінші орында**. Демек, облыстың әрбір тұрғыны ай сайын 33,81 мың тг жұмсайды. Облыстың 1,37 млн тұрғыны 2015 жылғы 465,99 млрд тг бөлшек сауда жүйесінде жұмсап қалдырған. Орташа есеппен ай сайын бір адам 14,16 мың тг көлемінде азық-түлік тауарын және 19,65 мың тг көлемінде азық-түлік емес тауарын сатып алу әрекетін жасаған. Өткен жылмен салыстырғанда адам басына шаққан азық-түлік және азық-түлік емес тауарын сатып алуға жұмсалған шығын 4,41 мың тг және 4,26 мың тг артқан.


Бесінші орынды Шығыс Қазақстан облысы иеленіп отыр. Осы облыстағы бөлшек сауданың жалпы көлемі 6,1%, немесе 26,4 млрд тг өсіп, 457,9 млрд тг құрайды. Жан басына шаққан бөлшек сауда көлемі 328,23 мың тг құрап, ай сайынғы көрсеткіш 32,8 мың тг жетіп отыр. Бөлшек сауда желілеріндегі бір адамға шаққан азық-түлік тауарын сатып алу 1,09 мың тг кеміп, 110,51 мың тг құраған. Яғни Шығыс Қазақстан облысының тұрғындары орташа алғанда бір ай ішінде азық-түлік бұйымдарына 11,01 мың тг және азық-түлік емес бұйымдарына 21,7 мың тг жұмсайды. Тізімнің аяқ жағында Жамбыл, Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстары орналасты. Жамбыл облысында бір адамға есептелген жылдық бөлшек сауда көлемі 124,65 мың тг жетті. Мұнда бір тұрғын айына 12,4 мың тг жұмсайды. Бұл Алматы қаласының көрсеткішінен 71,45 мың тг кем. Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстарының осы көрсеткіші тиісінше 118,61 мың және 88,39 мың тг деңгейінде. Басқаша айтқанда, осы екі өңірдің тұрғындары Алматы қаласымен салыстырғанда айына тиісінше 72 мың және 75 мың тг кем жұмсайды. Осы аталған үш өңірде тұратын 5.8 млн халықтың жалпы елге қатысты үлесі 33,4% болса да, Қазақстан Республикасының жалпы бөлшек сауда көлеміндегі үлесі 12,3% ғана. 2015 жылдың жетістіктерді 2014 жылмен салыстырғанда ең көп өсім Шығыс Қазақстан облысында байқалды. Мұнда бөлшек сауда көлемі 18,66 мың тг артқан. Екінші орынды 16,08 мың тг өсімімен Ақтөбе облысы иеленді. Өсім қарқыны бойынша озық үштікті Астана қаласы бекітіп отыр. Мұндағы бір адамға деген бөлшек сауда көлемі 14,35 мың тг көбейген. *Дерек көзі [3]*



Дерек көзі: [2]

Сурет – 4. Бөлшек сауданың нақты көлемінің индексі, пайызбен

2015 жылы бөлшек сауда көлемі 2,9 пайызға артып, 6,5 трлн теңгеден асты, деп хабарлайды Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетіне сілтеме жасаған BNews.kz. Дәл осы жылы көтерме сауда көлемі 2014 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,4 пайызға ұлғайып, 8,4 трлн теңгені құрады. «Көлік» саласы бойынша физикалық көлем индексі 106,7 пайыз, «байланыста» - 102,8 пайыз, «сауда» саласында – 102 процент. Сусындар мен азық-түлік өнімдері қызметтерінің көлемі 2015 жылдың 154,1 млрд теңге болды. 2014 жылмен салыстырғандағы өсім – 6,6 пайыз.



Дерек көзі [2]

Сурет – 5. Сыртқы айналым (млн. АҚШ доллары)


Қазіргі кезде ұлттық шаруашылықтардың халықаралық сауда жүйесіне неғұрлым жедел тартылуына қарамастан, дүниежүзілік тауар айналымының шоғырлану дәрежесі жоғары. Мұны дүниежүзілік экспорт пен импорттың географиялық құрылымынан айқын көруге болады. ХХ ғасырдың соңына қарай дүниежүзілік тауар айналымының 72%-ы — Батыс Еуропа мен Азия елдеріне, ал Солтүстік Америка үлесіне 17%-ы тиесілі болды. Өтпелі экономика тән бұрынғы социалистік елдердің үлесі бар болғаны 4%-ды құрады. Дүниежүзілік тауар айналымында Азияның жаңа индустриялық елдерінің үлесі артып келеді, оларға әлемдік экспорттың 10%-ға жуығы тиесілі.

ХХ ғасырдың соңына қарай дүниежүзілік сыртқы саудада дамыған 25 ел жетекші орын алды. Оларға әлемдік экспорттың – 84%-ы, импорттың 82%-ы тиесілі болды. Дамыған елдер өзара тауар айналымы жөнінен де жетекші орынға ие; АҚШ пен Канада арасындағы тауар ағыны дүниежүзілік керсеткіштің 3,2%-ын құрады.

2013 жылы әлемдік сауда көлемі 18,2 трлн долл. асып түсті. Қытай 4,16 трлн долл. көрсеткішімен АҚШ-ты (3,57 трлн долл.), Жапонияны (1,7 трлн долл.), ЕО (1,7 трлн долл.) артқа тастап, бірінші орынға шықты. Шекарасыз саудада онлайн-сауданың жетістіктері көрнекті, оның көлемдері 2013 жылы 1,25 трлн долл. жетті.

Біздің ел сыртқа 300-ден жоғары өнім түрін шығарады. Бірақ Қазақстан экспортының 3/4 бөлігін бар болғаны 5-ақ тауар түрі - мұнай, қара металдар прокаты, тазартылған мыс, бидай және ферроқорытпалар құрайды. Елдің негізгі экспорттық тауары – шикі мұнай (барлық экспорттың 3/5 бөлігі). Ал сырттан көбінесе дәрі-дәрмек, химия , құрал-жабдықтар әкелінеді.

Дерек көзі [2]



Сурет – 6. Сыртқы айналым – экспорт (млн. АҚШ доллары)

Әлемдік сауда туралы деректер Қазақстанның негізгі экспорттаушы ел екенін растайды, алайда ол бірқатар елдерден әлдеқайда артта қалып келе жатыр. Бұл ретте Қазақстанның әлемдік экспорттағы экспорт үлесінің өсу қарқындары бойынша рейтингтегі орныққан орны тұрақты емес. Көбінесе бұл – экспорттың құндық көлемдерінің өзгеруі энергия қорларына, металдарға және шикізатқа бағаның құбылмалы динамикасымен анықталатынымен байланысты.


2015 жылғы экспортталатын тауарларға баға 26,5%, импортталатындарға – 11%-ға төмендеді. Өткен кезеңде экспорттық жеткізілімдердің бағасы газ конденсатына – 42,2%, мұнайға – 40,7%, көмірге – 36,2%, қара металдар илегіне – 33,9%, түсті және қара металл кеңдеріне – 33,1%, табиғи газға – 25,3%, алюминийге – 25,2%, мырышқа – 21,3%, мысқа – 18,3%, ферроқорытпаларға – 18,2%, қорғасынға 12,9%-ға төмендеді. Бағаның астыққа – 22%, мақтаға 13,8%-ға төмендеуі, олардың жүнге 33,4%-ға жоғарылауы тіркелді. Қазақстанда 2015 жылы төлем балансы классификациясы бойынша тауарлар экспорты 45,9 миллиард доллар болды, бұл 2014 жылға қарағанда 43,3 пайызға төмен (былтыр 79,5 миллиард доллар болған). Ұлттық банк мәліметінше, мұнайдың әлемдік бағасы экспорттың қысқаруының негізгі факторы болды. Орташа алғанда, 2015 жылы Brent маркалы мұнай бағасы бір баррель үшін 52,4 доллар (2014 жылы орташа алғанда бір баррель бағасы – 98,9 доллар) болған. Мұнай мен газ конденсаты 2 есе қысқарып, экспорт құны 26,8 миллиард доллар болған. Қалған тауарлар бойынша экспорт 27 пайызға қысқарды. "Тауарлар импорты 22,9 пайызға қысқара отырып, 33,6 миллиард доллар болды (2014 жылы 43,6

миллиард доллар). Өнімнің барлық түрі бойынша тауарларды әкелу төмендеді", - делінген баспасөз қызметі хабарламасында.

Қазақстанның сыртқы саудасын «құрлықтық» сауда деп те атауға болады, өйткені оның басым бөлігі (9/10-нан жоғары мөлшері) Еуразия елдерімен жүргізілетін сауданы құрайды. Оның географиялық жобасын ТМД елдерімен 2015 жылы экспорт көлемі 7908,3 млрд АҚШ долларды құрап 24,5 пайызға төмендеген. (барлық сауданың 31%-ы), әсіресе ЕурАзЭҚ елдерімен (25%-ы), Еуропалық Одақпен (32%-ы) және Қытаймен (8%-ы) арадағы тауар айналымдары береді. Олардың үлесіне еліміздегі тауар айналымының 3/4 бөлігі келеді. Қазақстан өнімдерін негізгі сатып алушылар – Швейцария, Италия, Ресей, Қытай (барлық экспорттың 60%-ы). Тағы осындай мөлшердегі импорт тауарлары Ресей, Германия, Қытай және Украинадан келеді. Сонымен қатар Қазақстан басқа елдермен экспорт көлемі 2015 жылы 38047,5 млрд АҚШ долларын құрады. Бұл 2014 жылмен салыстырғанда 44,4 пайызға төмен.

Импорттық өнімдерден күс еті – 14%, көкөністер – 11,8%, өсімдік майы – 4,6%, шай – 1,2%-ға арзандады, сүрек – 34,2%, темекі – 33,3%, жемістер мен жаңғақтар – 7,1%, бояулар мен сырлар – 2,9%, кондитерлік өнімдер – 1,1%, балық 0,6%-ға қымбаттады. Көптеген мөлшердегі импорт тауарлары Ресей, Германия, Қытай және Украинадан келеді. Қазақстан нарығына тауарды басты жеткізушілер болғандар: Ресей (мұнай, бензин, құбыр өнімдері және т.б.), оның үлесі Қазақстанның жалпы импортының 38% құрады; Қытай (электроника, вагондар, телефондық аппараттар және т.б.) – оның үлесі 17% құрады.

Қазақстан импортының құрылымында «машиналар, жабдықтар, көліктік құралдар, аспаптар мен аппараттар» тауарлық тобы басым, оның үлесі 39% құрады. Минералдық өнімдер 15%, химиялық және онымен байланысты салалардың өнімдерінің импорты 13% құрады. Қазақстан өзін тек 60% ғана өз ауыл шаруашылық өнімдерімен қамтамасыз етеді, қалған 40% импорт үлесінде.




Дерек көзі [2]

Сурет – 7. Сыртқы нарықтағы үлес, импорттық операциялар

Қазақстан импортының географиялық құрылымында соңғы жыл бойы өзгерістер болды. Осылайша, ТМД елдерінен импорт үлесі 2015 жылы 2013 жылмен салыстырғанда 42,4 пайыз, 2014 жылмен салыстырғанда 25,7 пайыз төмендеген, ал басқа әлем елдерінен импорт көлемі 2013 жылы 26,3 пайызға және 2014 жылмен салыстырғанда 30,1 пайызға дейін төмендеді.

Шағын және орта бизнестің белсенді субъектілері саны жөнінен екі облыс алда келеді. Солардың ішінде осындай 119246 құрылымы мен еліміздегі жалпы көрсеткіштің 18,99 пайызын құрайтын Оңтүстік Қазақстан облысы бір інші орында тұр. Екінші орындағы Алматы облысы жалпы көрсеткіштің 16,44 пайызын қамтитын 103241 субъектіге ие. Ал бадан кейінгі орындардағы аймақтардың үлес салмақтары бұлардан едәуір төмен. Бұған кіз жеткізу үшін үшінші – төртінші орындарға жайғасқан Шығыс Қазақстан облысы мен Алматы қаласында тиісінше 61995 және 56221 шағын және орта бизнес құрылымдары бар екенін айтсақ та жеткілікті. Қызылорда облысы кестенің соңында. Сыр бойындағы кәсіпкерлік құрылымдардың 12917 деген цифрмен шектеледі. Соңынан санағанда екінші болатын, халқының саны аталмыш өңірдегі денекіеседей аз Маңғыстау облысындағы көрсеткіш бадан біршама биік – 15941. Арата қалушылардың көшін Атырау облысы 17700 деген цифрмен тиянақтайды. Кәсіпкерліктің жекелеген тармақтарына келсек, заңды тұлға лышағын және орта кәсіпкерлік субъектілері бойынша Алматы қаласының алдына түсетін ешкім жоқ.

млн. АҚШ доллары



Дерек көзі [2]

Сурет – 8. Ішкі айналым

Оңтүстік Астанада бұл көрсеткіштер тиісінше 18215 және 2335 сандарын көрсетеді. Қалған аймақтарда бұл цифралар едәуір төмен. Сол сияқты жеке кәсіпкерлікпен шаруа (фермерлік) қожалықтарының саны жөнінен Оңтүстік Қазақстан және Алматы облыстары алға шығып кеткен. Ал осылардың шаруа (фермерлік) қожалықтарынан басқалары бойынша Қызылорда облысы көштің ең соңында орын тепкен. Енді шағын және орта бизнес субъектілерінің саны жөнінде мәліметтер, ол мынадай көріністерді ұсынар еді. Статистика агенттігінің биылғы жылғы 1 қазандағы мәліметі бойынша, еліміздегі шағын және орта бизнес құрылымдарына 2156901 адам жұмысқа тартылған. Олардың 552445-і заңды тұлғалы шағынбизнес, 422464-і заңды тұлғалы орта бизнес құрылым-

дарында есепте тұрады, 728682-сі жеке кәсіпкерлікпен шұғылданады, 453310-ы шаруа қожалықтарында жұмыс жасайды.

Кесте – 2. ҚР шағын және орта бизнес жөніндегі мәліметтер

Аймақатауы	Кәсіпкерлік субъектілер	Шағын бизнес	Орта бизнес	Жеке кәсіпкерлік	Шаруа (фермер) қожалықтары
Оңтүстік Қазақстан	119246	4455	474	55496	58821
Алматы облысы	103241	4256	520	49454	49011
Шығыс Қазақстан	61995	4517	499	41580	15399
Алматы қаласы	56221	18215	2335	35664	7
Қарағанды	41756	4875	747	30161	5973
Жамбыл	35042	1518	171	17967	15386
Қостанай	33114	2602	509	24978	5025
Астана қаласы	24843	5859	810	18172	2
Ақмола	24724	1964	428	18632	3700
Павлодар	22400	2520	340	16684	2856
Ақтөбе	21441	2769	448	14585	3639
Солтүстік Қазақстан	19080	1763	397	13745	3175
Батыс Қазақстан	18118	1989	240	12339	3550
Атырау	17700	2168	374	13502	1656
Маңғыстау	15941	4303	374	10518	746
Қызылорда	12917	1754	210	9801	1152

Дерек көзі [3]

Шағын және орта бизнес құрылымдарында күнкөрісін ажыратып жүрген жұртшылықтың саны жөнінен де Оңтүстік Қазақстан облысы 285308 көрсеткіштерімен алда келеді. Осы салалар арқылы әл-ауқаттарын көтерушілердің қатары Алматы қаласы мен облысында да едәуір. Оларда бұл деңгейлер тиісінше 275447 және 255321 мөлшерінен қайтады. Ал оларды субъектілер түрлеріне қарай бөліп қарастырғанда, заңды тұлғалы шағын және орта бизнесте Алматы қаласының үлесі айрықша көп. Онда бұл салалар тиісінше 126330 және 71791 адамды асырап отыр. Сол сияқты 89658 адамға жұмыс тауып берген Шығыс Қазақстан облысы жеке кәсіпкерлікті дамыту жөнінен көш басында тұр. Ал шаруа (фермерлік) қожалықтарында нәпақа айырып жүргендер қарасы Оңтүстік Қазақстан облысында бәрінен де көп, олар 141403 адамды құрайды. Көрініс мейлінше түсінікті болуы үшін кесте–2-де төмендегі мәліметтер келтірілген.

Кесте – 3. Шағын және орта бизнеспен жұмыспен қамтылғандар саны, адам

Аймақатауы	Кәсіпкерлік субъектілер	Шағын бизнес	Орта бизнес	Жеке кәсіпкерлік	Шаруа (фермер) қожалықтары
Оңтүстік Қазақстан	285308	43900	25273	74732	141403
Алматы қаласы	275447	126330	71791	77269	57
Алматы облысы	255321	36885	24531	71006	122899
Шығыс Қазақстан	199578	44297	34146	89658	31477
Қарағанды	167212	46860	33424	62180	21748
Жамбыл	128779	20310	10841	27621	70007
Қостанай	123105	26859	32373	52557	11316
Астана қаласы	109869	44492	27794	37579	4
Ақмола	99565	19645	30309	38943	10668
Солтүстік Қазақстан	90318	15723	28251	38805	7539
Павлодар	85911	22135	15657	40725	7394
Ақтөбе	84911	23750	21968	29256	3175
Батыс Қазақстан	72027	18505	15553	27314	10655
Маңғыстау	64549	28044	17643	17622	1240
Атырау	62243	18510	16957	23099	3668
Қызылорда	53232	16200	15953	17316	3763

Дерек көзі [2]

Ал кез келген еңселі елдің экономикалық өсімі мен өркендеуінің негізі болып табылатын осы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері әкеліп жатқан табыстар қандай, енді соған тоқталайық.

Статистикалық агенттік ұсынған 2015 жылдың қаңтар-қыркүйек айлары аралығындағы мәліметтерде оның республика бойынша 4 трлн. 108 млрд. теңге болғаны байқалады. Бұлардың арасында заңды тұлғалы шағын кәсіпкерліктің табысы – 1 трлн. 114 млрд. 843 млн., заңды тұлғалы орта кәсіпкерліктің үлесі – 2 трлн. 450 млрд. 288 млн., жеке кәсіпкерлердің қосқаны – 336 млрд. 344 млн., ал шаруа (фермерлік) қожалықтарының әкелгені 206 млрд. 605 млн. теңге маңынан қайырылады. Аймақтардың жайына келсек, мұнда Алматы қаласының десі бәрінен басым. Осы субъектілер әкелген барлық табыстың 27,64 пайызы, яғни 1 трлн. 135 млрд. 482 млн. теңгесі оңтүстік астананың үлесіне тиеді. Келесі орындағы Астана қаласына тиесілі қаржының қоржыны бұдан екі еседен де төмен, ол – 504 млрд. 569 млн. теңге. Үшінші орындағы Батыс Қазақстан облысының еншісіне 334 млрд. 967 млн. теңге жазылсы, төртінші орынға табан тіреген Атырау облысында 273 млрд. 877 млн. теңге бар. Бұдан соңғы бесінші

орынды – Алматы (255409 млн.), алтыншы орынды – Оңтүстік Қазақстан (206367 млн.), жетінші орынды – Шығыс Қазақстан (193747 млн.), сегізінші орынды Қарағанды (188068 млн.), Ақмола (122443 млн.) және Павлодар (114048 млн.) облыстары 11-13 орындарға жайғасқан. Кестенің соңын Қызылорда (113144 млн.), Солтүстік Қазақстан (108537 млн.) және Жамбыл (85450 млн.) облыстары аяқтайды. Статистика агенттігінің мәліметіне сүйенсек, үстіміздегі жылдың қаңтар-қыркүйек айларында өнім өндіру көлемі республика бойынша 5,3 пайызға өскен. Соның ішінде шағын және орта бизнес белсенді субъектілерінің саны 1,1 пайызға артып, оларда жұмыс жасайтындардың қатары 2,5 пайызға көбейген. Мұнда өнім өндіру мөлшерін 113,8 пайызға өсірген Ақтөбе облысы көш басында тұр. Үздік үштіктің үзірі бұдан басқа Павлодар (106,9%) және Қарағанды (106,8%) облыстарына тиесілі. Көштің соңында Алматы (101,9%), Қызылорда (102,7%) және Солтүстік Қазақстан (102,1%) облыстары қалып қойған.

Қазақстан алдағы жылы Бүкіләлемдік сауда ұйымына енуге талпыныс жасауда. Ал бұл ұйымға мүше болу банк саласын, шағын және орта бизнесті дамытуды талап етеді. Сондықтанда болар, аталмыш салаларға қолдау көрсету Президент пен Үкімет саясатының басты бағыттарының біріне айналды. Енді осы қамқорлық пен қолдауды мүмкіндігінше тиімді пайдалана білу аймақтардағы әкімдіктер мен осыған қатысты басқармалардың қаншалықты дәрежеде іскерлік пен шалттық таныта алып жүргендердің нақтылы бағасы мен өлшемін байқата алады. Елімізде шағын және орта бизнес мониторингі төмендегідей (кесте – 3)

Кесте – 4 . Шағын және орта бизнес мониторингі

ШОБ негізгі көрсеткіштері	ШОБ белсенді субъектілері 627779	ШОБ субъектілерінде ұмыс істеушілер 2156901	ШОБ өндірген өнім 4108079 теңге
Белсенді субъектілер өсімі 101,1%	Заңды тұлғалы шағын кәсіпкерлік 65527	Заңды тұлғалы шағын кәсіпкерлік 552445	Заңды тұлғалы шағын кәсіпкерлік 1114843 млн. теңге
Қамтылған адамдар өсімі 102,5 %	Заңды тұлғалы орта кәсіпкерлік 8876	Заңды тұлғалы орта кәсіпкерлік 422464	Заңды тұлғалы орта кәсіпкерлік 2450288 млн. теңге
Өндірілген өнім (қойылған баға бойынша) өсімі 105,3%	Жеке кәсіпкер 383278	Жеке кәсіпкер 728682	Жеке кәсіпкер 336344 млн. теңге
	Шаруа (фермерлік) қожалығы 170098	Шаруа (фермерлік) қожалығы 453310	Шаруа (фермерлік) қожалығы 206605 млн. теңге

Дерек көзі [2]

Қорыта айтқанда, Қазақстан экономикасын алға жылжытуда және әлеуметтік, макроэкономикалық мәселелерді оңтайлы шешуде шағын және орта бизнесті орны маңызды. Ендігі мәселе шағын және орта бизнесті ұйымдастыру және дамыту бойынша Заңнамалық базаны нығайту болып табылады. Осы орайда: «Меншікті тіркеу», «Лицензиялау туралы», «Инвесторларды қорғау», «Салық салу» өлшемдері бойынша Заңдарды оңтайлы нәтижелері көрініс болады.

Шағын және орта бизнес ел тұрақты тығыны, ондағы саяси және әлеуметтік экономикалық жағдайдың орнықтылығының тірегі ретінде атап көрсетуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауы, 2017 жылғы 31 қаңтар. [Электрон. ресурс]. – 2017. - URL: <http://www.mfa.kz/kz/helsinki/content-view/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-nazarbaeva-narodu-kazahstana-31-anvara-2017-g-7>.

2. Қазақстан Республикасының орта және шағын кәсіпорындарына талдау. [Элек-трон. ресурс]. 2016 – URL: www.stat.gov.kz 2016 г. (Дата обращения 29.11.2017)

3. ҚР жылғы индустриалды-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2014 жыл 1 тамыз. [Элек-трон. ресурс]. 2017 – URL: <https://primeminister.kz/kzpage/view/gpiir>. (Дата обращения 29.11.2017)

УДК 338.512

МРНТИ06.81.45

Ж.З. Оралбаева¹, Ж.Әбділда¹

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

АУДИТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІң ҚЫЗІНДІК ҚҰНЫН АНЫҚТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Аудиторлық қызметтердің ерекшеліктерінің бірі тексеру басталғанға дейін бағаны анықтаудың қажеттілігі болып табылатындығында. Қызметтердің өзіндік құндарын алдын-ала анықтау өте қиын мәселелердің бірі болып саналады. Ол бірнеше факторларға тәуелді, атап айтқанда: ұйымға тексеру жүргізу үшін аудитордың жұмсайтын уақыт шығындарын нақты ескеру мүмкін емес; аудитордың еңбекақысының тексерудің өзіндік құнына тәуелділігі, себебі тексерудің өзіндік құнына аудитордың еңбекақысы да кіреді. Осындай қиыншылықтарға қарамастан пайданың жоспарланған көлеміне шығу үшін қызметтің бағасын дер кезінде есептеу қажет. Аудиттің өзіндік құнын анықтау кезінде аудиторлар келесідей сұрақтарға көңіл бөледі: жұмыстың көлемі; ұйым қызметінің ерекшеліктері; аудит жүргізілетін кезең. Сондықтан да аудиторлық ұйымдарда қызметтерге деген стандартты тарифтер болмайды. Оны анықтау үшін бірқатар іс-әрекеттерді қабылдау қажеттілігі туады.

Түйін сөздер: аудит, аудиторлық қызмет, өзіндік құн, шығындар, аудитор, аудиторлық ұйым, қаржылық аудиторлық тексеру.

Аннотация

Ж.З.Оралбаева¹, Ж. Абдильда¹

*¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ СЕБЕСТОИМОСТИ АУДИТОРСКИХ УСЛУГ

Особенностью аудиторской деятельности является необходимость в определении цены до начала работ. Заранее определить себестоимость работ сложно. Это зависит от ряда факторов: невозможность точно учесть затраты времени аудитора на проведение проверки данной организации; зависимость заработной платы аудитора от стоимости проверки, так как в себестоимость данной проверки входит в том числе и зарплата аудитора. Несмотря на все эти сложности, необходимо своевременно рассчитать цену работы, чтобы выйти на запланированный объем прибыли. Можно указать лишь вехи, на которые опираются аудиторы при определении стоимости аудита: объем работ; специфика деятельности предприятия; период, за который должен проводиться аудит. Поэтому в аудиторских фирмах не бывает стандартных тарифов на услуги. Для их определения необходимо предпринять некоторые действия.

Ключевые слова: аудит, аудиторская деятельность, себестоимость, затраты, аудитор, аудиторская организация, финансовая аудиторская проверка.

Abstract

Oralbaeva Zh.Z.¹, Abdilda Zh.¹

*¹Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

FEATURES OF FORMATION OF THE COST OF AUDITING SERVICES

The peculiarity of auditing activity is the need to determine the price before the commencement of work. It is difficult to determine the cost price in advance. This depends on a number of factors: the inability to accurately account for the time spent by the auditor on the conduct of an audit of this organization; the dependence of the auditor's salary on the cost of verification, since the cost of this audit includes, among other things, the auditor's salary. Despite all these difficulties, it is necessary to calculate the price of work in time in order to reach the planned volume of profit. It is possible to specify only the milestones on which auditors rely when determining the cost of an audit: the amount of work; specificity of the enterprise; period for which an audit is to be conducted. Therefore, in audit firms there are no standard tariffs for services. To determine them, it is necessary to take some actions.

Keywords: auditing, auditing, cost, expenses, auditor, audit organization, financial audit.

Қазіргі таңда нарықтық экономика жағдайында қызмет ететін ұйым алуан түрлі экономикалық тәуекелдермен жүздесіп отырады. Шаруашылық операцияларды жүргізу, мүліктерді пайдалану, ақша қаражаттарын аудару, капитал инвестициялау барысында пайда болатын нарық мүшелері арасындағы қатынастар ұйымның қаржылық жағдайы мен шаруашылық қызметінің нәтижесі туралы экономикалық ақпараттар мен қабылданған заң актілерін ұстануы негізінде қалыптасады. Аталған ақпарат негізінде ұйым басқармасы және өзге де қызығу-

шылығы бар тұлғалар басқару шешімдерін қабылдайды. Ұйымның қаржылық есебінде көрсетілген ақпараттар ерікті және еріксіз түрде әр түрлі себептермен бұрмалануы мүмкін. Ақпараттардың сапасын анықтау, экономикалық тәуекелдерге талдау жүргізу мақсатында экономикалық қызметтің ерекше түрі аудиторлық қызметтің пайда болу қажеттілігі туындады.

Қазіргі таңда дүниежүзілік экономикалық жағдай қарқынды өзгеріс үстінде. Ал ол өз кезегінде экономиканың әр түрлі саласында қызмет ететін ұйымдарға өзгерістерге икемді болуға және тиімді басқарушылық шешімдерді қабылдауға әсерін тигізуде. Елбасымыз айтқандай: «Болашағын айқындап, сын-қатерлерді күтіп отырмастан, оған табанды түрде қарсы тұра алатын халық қана жеңіске жетеді». Аталған өзгерістерге төтеп беру мақсатында, елбасымыз Қазақстанды Үшінші жаңғырту туралы міндет қойған. Үшінші жаңғыртудың мақсаты – еліміздің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін экономикалық өсімнің жаңа моделін құру. [1]

Міне, осындай жағдайда еліміздің экономикасында аудиторлық қызметтің дамуы басты қажеттілік болып табылады. Аудиторлық қызметтің мақсаты аудиттелетін ұйымның бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржы-шаруашылық көрсеткіштерді тексеру ғана емес, сонымен қатар, осы ұйымның шаруашылық қызметін оптимизациялауға мүмкіндік беретін ұсыныстар қалыптастыру, ұйым пайдасын арттыру және шығындарды тиімді жұмсауға көмектесу болып табылады. Аудиторлық қызмет Қазақстан Республикасы аудиторлық қызмет туралы заңнамасымен реттеледі, ал заңнама сәйкесінше Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді. [2]

Аудиторлық қызмет субъектілері болып нарықта қызмет етуші коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар табылады, яғни, аудит экономиканың барлық саласын қамтиды.

Қазіргі таңда аудитор қызметіне жүгінуші ұйымдар саны күннен күнге артауда. Ал мұндай жағдайда кез келген ұйымды қызықтырушы факт болып көрсетілетін аудиторлық қызметтің бағасы табылады. Аудиторлық қызмет бағасы аудиттелетін ұйымға жүргізілетін аудиторлық қызметтің өзіндік құны негізінде қалыптасады. Аудиторлық қызмет аудитордың пікірі негізінде қалыптасатын интеллектуалдық қызмет болып табылатындықтан, оның өзіндік құнын анықтаудың өзге қызметтерге қарағанда өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы, нақты бір тауардың өзіндік құнын анықтау үшін сол тауардың бір данасын шығаруға кеткен шығындары арқылы есептейміз. Алайда, аудиторлық қызметтің өзіндік құны тек шығындардан құрылмайды. Өзіндік құн өндірістік шығындардың белгілі бір деңгейін сипаттайды. Ал, ресурстарды үнемдеу деңгейі өндіріс процесіне жұмсалған өндірістік құралдар мен жұмысшы күшінің көлемін білдіреді. Өзіндік құн объективтік көрсеткіш болып саналады және ол қандай да бір нормативтік актілердің мазмұнына тәуелді болмайды.

Заманауи экономикалық сөздіктердегі анықтамаларға сәйкес, баға құру дегеніміз тауарлар мен қызметтерге баға қалыптастыру әдістері мен тәсілдерін пайдалану процесі. Баға құру әдісі дегеніміз нақты қызметке нақты уақыт

аралығында баға құру тәртібі. Баға құрудың негізгі тәсілдеріне шығын бойынша баға құру әдісі, баға құрудың нарықтық әдісі және параметрлік әдіс жатады.

Шығын арқылы баға құру әдістерінің ішінде «орташа шығынға пайданы қосу» әдісі көп қолданылады. Бұл әдіс бойынша тауар не қызметке бағаны ұйым осы тауардың 1 данасына не қызмет көрсетуге кететін орташа шығындарын есептеп, шыққан сомаға пайда нормасын қосу арқылы шығарады. Баға құрудың нарықтық әдісінің негізіне нарықтағы дәл сондай қызмет үшін белгіленген орташа нарықтық баға қойылады. Көпшілік жағдайда, қандай да бір қызмет түріне нарықтық баға құру нарықтағы көшбасшы ұйымдардың бағасына сүйеніп жасалады. Параметрлік топ әдісінде қызмет бағасы көрсетілетін қызмет параметрлерінің құндылығына қарай эксперттік баға беру арқылы анықталады.

Аудиторлық қызметке баға құрудағы негіз болып аудиторлық тексерістің өзіндік құны табылады. Өнімнің өзіндік құны дегеніміз өнімді өндіру барысында пайдаланылатын табиғи ресурстар, шикізаттар, материалдық қорлар, негізгі құралдар, еңбекақы шығындары мен өнімді сату бойынша шығындардың құндық бағасы. Ал шығындар дегеніміз өнімді өндіру мен сатуға кеткен шығыстардың ақшалай формада көрсетілуі.

Аудиторлық қызмет интеллектуалдық қызмет болып табылады. Аудиторлық қызметтің кез келген түрінің нәтижесі болып зерттелетін сұрақтарға аудиторлық қорытынды түріндегі аудитордың пікірі табылады. Ал осы пікірді қалыптастыру процесі болып интеллектуалды өнімді шығару процесі табылады. Қазақстан Республикасы «Аудиторлық қызмет туралы» заңға сәйкес тиісті лицензиясыз аудиторлық ұйымдарға кәсіпкерлік қызметтің өзге де түрімен айналысуға тыйым салынған. Аудиторлық ұйымдардың негізгі қызметі аудиторлық қызмет болып табылғандықтан, оның барлық шығындары осы қызметпен байланысты болып келеді. Ұйымның шығындары есеп саясатына сәйкес келесідей баптарға бөлінген:

- материалдық шығындар;
- еңбекақы шығындары;
- сақтандыру шығындары;
- жарнама шығындары;
- негізгі құралдар мен материалды емес активтерге кеткен шығындар;
- ұйым қызметкерлерін оқыту шығындары;
- ағымдық шығындар;
- болашақ кезең шығындары. [3]

Аудиторлық ұйымның шығындарының топтастырылуы өзге қызмет саласындағы ұйымдардың шығындарының топтастырылуынан өзгешеленбейді. Аудиторлық ұйымдардың шығындарының құрамына тоқталатын болсақ, ең бірінші топ – бұл материалдық шығындар. Материалдық шығындарға әдеттегі кәсіпорындарда қандай да бір тауарды өндіруге кеткен шикізаттар мен материалдар, сатуға қойылған тауарлар немесе өзі өндірген дайын өнімдері жатса, аудиторлық ұйымдарда материалдық шығындарға аудит жүргізу барысында пайдаланылатын құралдар жатқызылады. Оларға негізінен кеңсе тауарларын

жатқызамыз. Кеңсе тауарларына қағаз, қалам, қарындаш, калькулторлар, степлер, скрепка және т.б. атауға болады. Сатып алынған кеңсе тауарлары бірден пайдаланылатындықтан, ұйым бухгалтері оны материалдық шығындарға шығыстайды да, олар арнайы қоймада сақталмайды. Ұйымның материалдық шығындарының бірінші түрі кеңсе тауарлары болса, екінші түрі – бұл жанар-жағар май шығындары. Аудиторлық қызметті көршілік жағдайда ұйым кеңсесінен тыс орындайтын болғандықтан, олар өз қызметкерлерін жанар-жағар маймен қамтамасыздандырады. Ұйым мен жанар-жағар маймен қамтамасыз етуші жабдықтаушымен келісімшартқа отыру негізінде, әр көлікке жанар-жағар майды шығыстау нормасы негізінде талонмен қажетті жана-жағар май көлемін береді. Жанар-жағар май есебі есеп саясатына сәйкес тиісті құжаттар негізінде жүргізіліп, шығыстау актісі негізінде шығысталады. Ұйым жанар-жағар майды пайдаланатындықтан, шығысталған жанар-жағар май көлемінде әр тоқсан сайын міндетті түрде қоршаған ортаны қорғау қорына аударымдар жасап отырады. Сол себептен аудиторлық ұйымның материалдық шығындарына кеңсе тауарларын сатып алуға кеткен шығындар, жанар-жағар май шығындары және қоршаған ортаны қорғау қорға аударымдар жатады.

Ұйымның есеп саясатында көрсетілген шығын баптарының келесі түрі сақтандыру шығындары болып табылады. Қазақстан Республикасының «Аудиторлық қызмет туралы» заңына сәйкес кез келген аудиторлық ұйым аудит жүргізу барысында келтірілу мүмкін мүлкілік зақымға азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыруға міндетті. Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру Қазақстан Республикасының заңды актілері негізінде жүзеге асырылады.

Жоғары бәсекелі қарқынды дамушы нарықта жұмыс істейтін халықаралық аудиторлық компанияларды қоспағанда Қазақстан нарығындағы аудиторлық компаниялардың саны күннен күнге артуда. Осыған орай, клиенттерді тарту мақсатында жарнама үлкен рөл атқарады. Жарнама қазіргі таңда өте көп болғандықтан, оның бағасы да арзан емес. Кейбір аудиторлық ұйымдарда арнайы маркетинг бөлімі жоқ болғандықтан, олар сыртқы маркетингтік компаниялардың қызметіне жүгініп, әр түрлі жарнама көздеріне қаржы жұмсайды. Олар әр түрлі газеттердегі жарнамалар, интернет порталдары, таратылатын қағаздар және т.б. Сонымен қатар, маркетингтік құралдың бірден бір құралы – бұл ұйымның жеке сайты. Ұйымның жеке сайтында ұйым көрсететін қызметтер тізімі, ұйымның сипаттамасы, мекен-жайы, ұйым мамандарының құрамы және т.б. мәліметтер көрсетіледі. Сайттағы ақпараттар негізінде аудит жүргізуді қажет етуші ұйымдар аудиторлық ұйымға кездесуге тапсырыс береді. Сайттың дизайнын құрастыруға және оны жүргізуге де арнайы мамндар жалданады. Осындай көздер арқылы аудиторлық ұйымдар өздеріне клиенттерді тартады.

Аудиторлық қызметті жүргізу барысында пайдаланылатын негізгі құрал-жабдық болып компьютер табылады. Аудит жүргізу барысында әр маман өз дербес компьютері арқылы жұмысын жасайды. Ұйым балансындағы әрбір құрал-жабдыққа міндетті түрде амортизация есептеледі. Ал материалдық активтерге келетін болсақ, оларға, біріншіден, аудиторлық қызмет туралы ұйым

лицензиясы, сосын аудиторлық қызмет жүргізу барысында пайдаланылатын бағдарламалар (1С-бухгалтерия, ФинЭкАнализ және т.б.). Аудиторлық ұйымдардың негізгі құралдары мен материалды емес активтеріне амортизациялық аударымдар ұйымның бекітілген есеп саясатына сәйкес жүргізіледі. Сонымен қатар, ұйым осы компьютерлік техникаға абоненттік қызмет көрсететін ұйыммен келісімшартқа отырған.

Аудиторлық ұйымдардың ағымдық шығындарына кеңсені жалдау бойынша шығындар, күзет қызметі бойынша шығындар, су, электр энергиясына кеткен шығындар, қоқыс шығару шығындары, телефонмен байланыс бойынша абоненттік төлемдер, интернет шығындары, банк қызметіне кеткен шығындар және өзге де эксплуатациондық шығындарды жатқызуға болады. [4]

Болашақ кезең шығындары ағымдық кезеңде пайда болса да, болашақ кезеңде шығысталатын шығындар. Аудиторлық ұйымдардың болашақ кезең шығындарына бухгалтерлік, қаржылық есеп саласындағы бұқаралық ақпарат құралдарына жазылу ақыларын жатқызуға болады. Олар: «Бюллетень бухгалтера» журналы, ПАРАГРАФ, УЧЕТ.кз ақпараттық порталдар және т.б. Осындай ақпарат құралдары арқылы бухгалтерия саласында қызмет ететін әріптестер жаңадан енгізілген өзгерістермен, жаңалықтармен бөлісіп, пікір алмасады, әр түрлі тақырыптарға семинарлар жүргізеді.

Аудиторлық ұйымдар аудиторлық, бухгалтерлік және консалтингтік қызметтер көрсететіндіктен тапсырыс берушілерге көрсетілетін қызмет сапасының деңгейінің жоғары болуы маңызды болып табылады. Ұйым қызметкерлерінің мамандану деңгейі олар иеленген сертификаттар түрлерімен расталады. Олар өз қызметкерлерін кәсіби түрде жетілдіруге жыл сайын қаражаттар жұмсайды. Соның нәтижесінде аудиторлық ұйымдардың ұжымы «ҚР кәсіби бухгалтері», «САР сертификатталған бухгалтер-тәжірибеші» сертификаты, салықтық консультант сертификаты және ACCA DipIFR куәлігін иеленген мамандардан құралады.

Жоғарыда сипатталған шығындар аудиторлық ұйымның ағымдық шығындары болып табылады. Аудиторлық қызмет маусымдық қызмет болып табылатындықтан ұйым өз шығындары арқылы зиян шекпейтіндей етіп ұсынылатын қызметке баға құрайды. Сол себептен, ұйымның ағымдық шығындары аудиторлық қызметтің өзіндік құнына кіретін жанама шығындар болып есептеледі. Ал аудиторлық қызметтің өзіндік құнына кіретін негізгі шығын болып қызмет көрсетуші мамандарға төленетін еңбекақы табылады. Аудиторлық ұйымдарда қызметкерлерге төленетін еңбекақы көлемі әр маманның қызмет ету лауазымына байланысты есептеледі. Аудиторлық ұйым мамандарының кәсіби баспалдақпен өсуі әр маманның жеке және кәсіби қасиеттеріне, жинаған сертификаттарына, жабылған аудиторлық объект көлеміне, ұйымдастырушылық сұрақтарды шешу деңгейіне байланысты болады.

Аудиторлық қызметтің өзіндік құнын қалыптастыру барысында ескерілетін аудиторлық ұйымның негізгі шығындарына жоғарыда аталған шығындар жатқызылады. Кез келген аудиторлық ұйымның негізгі табыс көзі аудиторлық

қызмет болғандықтан, аудиторлық қызметтің өзіндік құнын қалыптастыру барысында ұйым есептік кезең ішінде кешетін негізгі эксплуатациялық шығындарын да ескереді. Аталған шығындарға келесі бөлімде көрсетілген факторларды ескере отырып, аудиторлық ұйым аудиторлық қызметтің өзіндік құнын есептеп, баға құрады.

Жоғарыда аталған шығындарды, интеллектуалдық қызметтің өзіндік құнын қалыптастыруда ескерілетін тұрақты шығындар деп атасақ та болады. Алайда, нақты бір объектіге жасалатын аудиторлық қызметтің өзіндік қызметін есептеу осы объектіге жүргізілетін аудитке жұмсалатын уақытқа байланысты болып келеді. Жүргізілетін аудиторлық қызметтің өзіндік құны аудитті алдын-ала жоспарлау кезеңінде, аудиторлық ұйым мен аудиттелетін ұйым арасында келісімшарт жасамас бұрын анықталады. Себебі, аудиторлық қызметтің бағасы мен жүргізілетін аудит ұзақтығы келісімшартта көрсетіледі. Аудиторлық қызметтің өзіндік құнын анықтау ерекшелігі оның болжамдылығында болып табылады. Өйткені, аудитор аудиттелетін субъектіге аудит жүргізу ұзақтығын тек берілген бастапқы ақпарат негізінде анықтайды да келісімшартқа қол қояды. Ал аудит жүргізу барысында аудиторлық ұйым аудитті келісімшартта көрсетілген уақыт ішінде жасап үлгеруі тиіс. Аудиторлық қызметке баға құрудағы негіз болып аудиторлық қызметтің аудитор белгілеген өзіндік құны табылады. [5] Сол себептен, аудитор аудиторлық қызметтің өзіндік құнын белгілеу барысында өзінің осы саладағы білімі мен кәсіби тәжірибесіне сүйенеді. Мол тәжірибе негізінде аудиторлар аудиторлық қызметтің жүргізілу мақсатына қарай бірқатар факторларды ескереді. Ал жүргізілетін аудит ұзақтығы бірқатар ішкі және сыртқы факторларға тікелей байланысты болып келетіні белгілі. Сол себептен көпшілік аудиторлық ұйымдарда ұйым ұсынатын қызметтерге белгіленген нақты стандартты тарифтер болмайды.

Аудиттелетін субъектіге жүргізілетін аудиторлық қызмет өзіндік құны аудиттің алдын ала жоспарлау кезеңінде анықталады да оның бағасы келісімшартта көрсетіледі.

Өзіндік құнға әсер етуші жалпы факторларға аудиттелетін субъекті қызмет ететін экономикалық факторлар, салалық факторлар және нормативтік-құқықтық факторлар жатады. [6]. Осы факторларға жеке тоқталып кететін болсақ:

1. Аудиторлық қызметтің өзіндік құнына әсер етуші экономикалық факторларға аудиттелетін субъекті қызмет ететін экономика саласының жағдайы, инфляция деңгейі, мемлекеттік саясат және т.б. Аудиттелетін субъектіге аудит жүргізу барысында әсер ететін жалпы экономикалық факторларға экономиканың даму деңгейі (құлдырау не өсу), пайыздық ставкалар мен қаржылық ресурстардың бар болуы, ұлттық валюта девальвациясы мен ревальвациясы, инфляция, Қазақстан Республикасы Үкіметінің саясаты (қаржылық, салықтық, тарифтік, саудалық шектеулер және т.б.) және шетел валютасын айырбастау курсы мен валюталық реттеу механизмдері жатады.

2. Аудиттелетін субъекті қызмет ететін сала ерекшеліктеріне саладағы нарық пен бәсекелестік деңгейі, циклдік не маусымдық қызмет, өндіріс техно-

логиясындағы өзгерістер, коммерциялық тәуекел (өндіріс барысында пайдаланылатын жаңа технология), қызмет көлемін қысқарту не ұлғайту, қызмету етудің жағымсыз шарттары (мысалы, сұраныстың төмендеуі, пайдаланылмаған өндірістік қуаттар, маңызды бағалық бәсекелестік деңгейі), саладағы ұйымның экономикалық көрсеткіштері, сала проблемалары мен бухгалтерлік есептің салалық ерекшеліктері, экологиялық талаптар мен проблемалар, нормативтік құқықтық актілердің талаптары жатады.

3. Нормативтік-құқықтық факторларға бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікке қойылатын талаптар, салық салу мен мемлекеттік реттеулер және т.б. факторлар жатады.

Аудиторлық тексеріс ұзақтығы жалпы, жеке, аудиторлық ұйымның өзіндік және өзге де факторларға тікелей байланысты болғандықтан, әр ұйымға әр түрлі есептеледі. Сол себептен аудиторлық тексерістің нақты бағасы жоқ және барлық ұйымға бірдей емес. Аудиторлық қызмет интеллектуалдық қызмет болып табылатындықтан, оның өзіндік құнын есептеу тәртібі де ерекше. Аудиторлық қызметті нақты бір өндірістік процесс деп қарастыратын болсақ, бұл жағдайда процесстің өнімі болып аудиторлық қорытынды табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Нурсеитов Э.О. *Аудит. Краткое руководство* / Э.О. Нурсеитов. – Алматы: *Лет*, 2015. – 219 с.

2. ҚР Конституциясы, 1995 жылдың 30 тамызында қабылданған (2017.10.03. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) [*Электрон.ресурс*]. – 2017. - URL: <http://online.zakon.kz/> (Дата обращения 05.12.2017)

3. Кузнецова А.А. *Формирование себестоимости продукции* / А.А. Кузнецова. - 2-е изд., перераб. и доп. – М.: *Налоговый вестник*, 2005 (ГУП Чехов. полигр. комб.). – 287 с.

4. Леонов Ю. *Ценообразование в сфере услуг* // *Аудит и налогообложение*. – 2008-№9. - С. 24.

5. Липсиц И.В. *Ценообразование. Практикум. Учебное пособие для академического бакалавра* / И.В. Липсиц. – Москва: *Юрайт*, 2014. – 336 с.

6. Николаева С.А. *Принципы формирования и калькулирования себестоимости: Учебное пособие* / С.А. Николаева. – М.: *Аналитика – Пресс*, 2014. – 100 с.

С.Н. Абиева¹, Ж.Е. Ермек¹

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

ҰЙЫМНЫҢ ҚАРЖЫ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ТАЛДАУ

Аңдатпа

Мақалада ұйымның қаржы-шаруашылық қызметін талдау мәселесі қарастырылады. Қаржы-шаруашылық талдау – ұйымның шаруашылық қызметін талдаудың қорытындылау кезеңі. Қаржылық талдаудың әдісі – талдау жүргізуге қолданылатын қабылдаулар мен тәсілдер түрлері. Осыған орай қаржы-шаруашылық талдау ішкі және сыртқы болып бөлінеді. Талдауда тәртіп бойынша жедел бухгалтерлік есеп және бақылау үдерісінде қалыптасатын көрсеткіштер жүйесі қолданылады. Талдау көмегімен ұйым қызметінің нәтижелер өзгерісіне әсер ететін елеулі факторлық көрсеткіштер анықталады. Абсолюттік мөлшерлермен бірге қаржылық жағдайды талдау кезінде салыстырмалы көрсеткіштерді есептеуді және бағалауды болжайтын талдаудың әр түрлі тәсілдері қолданылады. Оларға көлденең, тікелей, трендтік, факторлық талдау және коэффициенттерді есептеу жатады. Талдау материалдары арнаулы әдістер арқылы зерделеніп, қорытындыланады. Мақалада «CTCS Logistics» ЖШС-ның қаржылық жағдайына талдау жасалды.

Түйін сөздер: қаржылық талдау, бухгалтерлік баланс, актив, пассив, меншікті капитал, жиынтық табыс, өтімділік, төлемқабілеттілік.

Аннотация

С.Н. Абиева¹, Ж.Ермек¹

*¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

АНАЛИЗ ФИНАНСОВО-ХОЗЯЙСТВЕННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОРГАНИЗАЦИИ

В статье рассматриваются финансово-хозяйственная деятельность организации. Финансово-экономический анализ является заключительным этапом экономического анализа организации. Метод финансового анализа – типы приемов и методов, используемых для анализа. В этой связи финансово-экономический анализ делится на внутренние и внешние. В анализе используется система показателей, которые формируются в процессе ускоренного учета и контроля. В анализе определены ключевые факторы, влияющие на эффективность операций предприятия. При анализе финансового положения вместе с абсолютными величинами используются разные способы оценки сравнительных показателей. Они включают в себя горизонтальный, прямой, трендовый, факторный анализ и расчет коэффициентов. Аналитические материалы изучаются и обобщаются с использованием специальных методов. В статье анализируется финансовое положение ТОО «CTCS Logistics LLP».

Ключевые слова: финансовый анализ, баланс, актив, пассивность, капитал, общий доход, ликвидность, платежеспособность.

Abstract

Abieva S.N.¹, Yermek Zh.E.¹

¹Kazakh national pedagogical university named after Abai, Almaty, Kazakhstan

**ANALYSIS OF THE FINANCIAL AND ECONOMIC ACTIVITIES
OF THE ORGANIZATION**

The article considers the financial and economic activities of the organization. Financial and economic analysis is the final stage of the economic analysis of the organization. The method of financial analysis is the types of methods and methods used for analysis. In this regard, the financial and economic analysis is divided into internal and external. The analysis uses a system of indicators that are formed in the process of accelerated accounting and control. The analysis identifies key factors that affect the efficiency of the company's operations. In analyzing the financial situation, together with absolute values, different ways of assessing comparative indicators are used. They include horizontal, direct, trend, factor analysis and calculation of coefficients. Analytical materials are studied and summarized using special methods. The article analyzes the financial situation of CTCS Logistics LLP LLP.

Key words: financial analysis, balance sheet, asset, passivity, capital, total income, liquidity, solvency.

Қазақстан бүгінгі таңда әлеуметтік-экономикалық жаңару мен инновациялық серпілістің жаңа кезеңіне аяқ басты. Сонымен қатар еліміз экономикалық үрдістерге сай дамып келе жатқан озық елдердің тәжірибесіне сүйене отырып, өндірісті, соның ішінде экономиканың нақты секторын таңдап алды.

Қазақстанда нарықтық қатынастары жағдайында ұйымның қаржылық жағдайын талдаудың маңызы өте зор. Бұл ұйымдардың тәуелсіздікке ие болуымен, сондай-ақ және де басқа контрагенттер алдында өзінің өндірістік-кәсіпкерлік қызметінің нәтижелері үшін толық жауапкершілікте болуымен байланысты.

Елбасымыздың Қазақстан халқына жолдауында 2017 жылғы 31 қаңтар «Қазақстанның үшінші жаңғаруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік»

Үшінші басымдылығы – макроэкономикалық тұрақтылық.

Осы аталған басымдылықтың ішінде басты міндеттердің бірі аудиторлық компаниялардың жауапкершілігін арттырып, акционерлердің ашықтығын қамтамасыз ету, ұжымдық басқаруды жақсарту қажет. Осының барлығын заңнамалық деңгейде бекітілу керек. Сондықтан қазіргі таңда ұйымдардың қаржышаруашылық талдауы жоғары деңгейде болуын талап етеді. Елбасымыздың жолдауында келесі бір мәселе экономикалық тұрақтылық. Қазақстанда экономика тұрақты даму үшін жалпы ұйымдардың өнеркәсіпті жүргізу деңгейі жоғары болуы шарт.

Ұйымның қаржылық жағдайы кәсіпорынның қалыпты өндірістік, коммерциялық және басқа да қызмет түрлері үшін қажетті қаржы ресурстармен қамтамасыз етілуімен және оларды мақсатқа сай, тиімді тарату және пайдаланумен, сондай-ақ басқа шаруашылық субъектілерімен қаржылық қарым-қатынаста болу, төлеу қабілеттілігі және қаржылық тұрақтылықпен сипатталады. Әртүрлі көзқарастарды жинақтай келе: қаржылық жағдай – бұл пайдаланылатын

қаражат көздерінің бар екенін және құрлымын, олардың орналасуын және пайдалануын сипаттайтын экономикалық категория [1].

Қаржылық жағдайды талдаудың негізгі мақсаты қаржы ресурстарының пайдалануын объективті бағалау негізінде ішкі шаруашылық резервтерді қаржылық жағдайды нығайту және төлемқабілеттілікті жоғарлату үшін анықтау болып табылады.

Қойылған мақсаттарға жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- активтердің құрамы мен құрлымын, олардың жағдайын және қозғалысын бағалау;

- меншікті және қарыз капиталының көздерінің құрамы мен құрлымын, олардың жағдайын және қозғалысын бағалау,

- ұйымның қаржылық тұрақтылығының абсолюттік және салыстырмалы көрсеткіштерін талдау, оларды өзгеру деңгейін бағалау;

- шаруашылық субъектісінің төлемқабілеттілігін және оның балансының активтері мен өтімділігін талдау.

Қаржылық жағдайды талдаумен ұйымның басшылары немесе қызмет бөлімдері ғана айналыспайды, сонымен бірге оның қатысушылары инвесторлар – ресурстардың тиімді пайдалануын зерделеу мақсатында; банктер несиелеу жағдайын және тәуекел деңгейін анықтауды бағалау үшін; салық инспекциясы бюджетке қаржаттардың түсу жоспарының орындалуы үшін және т.б.

Осыған орай талдау ішкі және сыртқы болып бөлінеді:

Ішкі талдау ұйымына, яғни оның қызмет бөлімдерімен жүргізіледі және мұндай талдаудың нәтижелері ұйымның қаржылық жағдайын жоспарлаумен болжамдау және оларды бақылау үшін пайдаланылады. Талдаудың мақсаты - ұйымның қалыпты қызмет етуі үшін жағдай жасауына және пайданы ұлғайту үшін ақша қаражаттарының түсімін жоспарлы түрде қамтамасыз ету мен меншікті және қарыз қаражаттарын оңтайлы тәсілмен орналастыру болып табылады.

Сыртқы талдау жариялы қаржылық есептілік негізінде бақылаушы органдармен, инвесторлармен, материалдық қаржылық ресурстарды жеткізушілермен жүзеге асырылады. Оның мақсаты пайданы жоғары көлемде қамтамасыз етіп және жоғалтуларды болдырмау үшін тиімді қаражат салымдары мүмкіндігін анықтау.

Сыртқы талдау жарияланған есеп беру мәліметтеріне, яғни бүкіл қоғамның игілігі болып табылатын ұйымның қызметі туралы шектеулі ақпарат бөлігіне негізделеді. Ішкі талдау үшін негізгі ақпарат көзі болып бухгалтерлік баланс және оған қосымшалар болып табылады.

Ішкі талдау ұйымның қызметі туралы, оның ішінде ұйымның қызметін басқаратын шектеулі тұлғалардың қолдары жететін барлық есептілік жайлы ақпараттар қолданылады.

Ұйымның қаржылық жағдайын талдаудың мазмұнына кіреді:

- қаржылық жағдайды жалпы бағалау;

- баланс активтерімен пассивтері құрамын, құрлымын және динамикасын талдау;

- өтімділік пен төлемқабілеттілікті талдау;

- ұйымның банкроттылығын талдау және құнын бағалау [2];

Нарықтық экономика жағдайында тек талдау негізінде жоспарлаудың барлық сатыларында, нақты қызметінде және есеп беру уақытында ғана емес, сонымен қатар бірқатар кезеңдерде, ұйымның алдына қойылған міндеттерді шешудің оңтайлы нұсқасын белгілеуге, яғни оның даму тенденциясын анықтауға болады.

Талдау объектісі болып ішкішаруашылық жоспарлау, есептілік және басқада ақпарат көздерінің көрсеткіштер жүйесінде көрсетілетін әлеуметтік және мәдени даму сұрақтарын бірге алғандағы ұйымның шаруашылық қаржы қызметінің барлық жақтары қамтылады.

Ұйымның қаржылық шаруашылық талдау әдістеріне тоқталатын болсақ, жалпы ұйымның қаржы шаруашылық талдау әдістері дегеніміз – ұйымның қызметін математикалық, статистикалық, есептік және ақпараттарды өңдеудің басқа тәсілдерін қолдана отырып, кешенді органикалық өзара байланыстарды зерттеу.

Талдауда тәртіп бойынша жедел бухгалтерлік есеп және бақылау үдерісінде қалыптасатын көрсеткіштер жүйесі қолданылады. Талдау көмегімен ұйым қызметінің нәтижелер өзгерісіне әсер ететін елеулі факторлық көрсеткіштер анықталады. Абсолюттік мөлшерлермен бірге қаржылық жағдайды талдау кезінде салыстырмалы көрсеткіштерді есептеуді және бағалауды болжайтын талдаудың әр түрлі тәсілдері қолданылады. Оларға көлденең, тікелей, трендік, факторлық талдау және коэффициенттерді есептеу жатады [3].

Көлденең талдау қаржылық шаруашылық есептіліктің жеке баптарының жалпы жиынтық көрсеткіштердегі үлес салмағын анықтау және келесі кезеңдегі нәтижені өткен кезең мәліметтерімен салыстыру мақсатында жүргізіледі.

Тікелей талдау бір немесе бірнеше аналитикалық кестені құрудан тұрады, онда абсолюттік көрсеткіштер салыстырмалы өсу қарқынымен толықтырылады.

Трендік талдау ұйымның мүлдіктік жағдайындағы сапалық қозғалыстарды бағалауға мүмкіндік жасайды.

Факторлық талдау жасау үшін көрсеткіштер зерделеніледі және құраушы бөліктерге бөлінеді, керісінше синтез – жеке элементтер жалпы зерттелетін көрсеткіштерге біріктірілу арқылы жасалынады.

Коэффициенттерді талдау (салыстырмалы көрсеткіштер) қаражаттардың және пайда болу көздерінің түрлерінің арақатынасын, ұйымның ресурстарының тиімді пайдалану көрсеткіштерін, қаржылық тұрақтылығын және рентабельділігін есептеуде қолданылады.

Ұйымның қаржылық шаруашылық жағдайын талдау нәтижелері мен сапасы көбінде ақпараттық базаның қол жетімділігі сапасымен анықталады.

Қаржылық жағдайды талдаудың ақпараттық базасы болып халықаралық деңгейде ІҚЕХС (IAS) қаржылық есептілікті ұсыну негізінде бекітілген форма-

ларда ұйымның қаржылық есептілігі құрастырылады және оларға кешенді талдаулар жүргізіледі. Бірінші кезекте бұл «Бухгалтерлік баланс» (№1 нысан), «Кіріс пен шығыс туралы есеп беру» (№2 нысан), «Ақша қаражаттарының қозғаласы туралы есеп беру» (№3 нысан), «Капитал өзгерісі туралы есеп беру» (№4 нысан), «Түсіндірме жазба» (№5 нысан).

Қаржылық жағдайды талдау міндеттерінің логикасы мен сипаты бухгалтерлік баланстың түрлері мен құрылымы, оның активтері мен пассивтері бөлімдері баптары өзара байланысты. Бухгалтерлік баланс ұйымның шаруашылық қаражаттарын белгілі бір күнге, олардың құрамы мен қорлану көздері бойынша топтастырылып ақшалай бағаланған түрде жинақтап көрсетеді. Сондықтан бухгалтерлік баланс іс жүзінде ұйымның қаражаттарын және қаржылық қатынастарын жинақтап көрсететін, қолданылып жүрген жүйелі үлгі болып табылады.

Есептілікте ұсынылған ақпаратқа қойылатын негізгі талап – ол пайдаланушылар үшін пайдалы болуы, осы берілген ақпаратты іскерлік шешімдер қабылдау үшін қолданылуға жарамды болуы керек. Ақпарат пайдалы болуы үшін сәйкесінше келесі критерийлерге жауап беруі шарт:

- орынды берілген талдау маңызды және пайдаланушы қабылдаған шешімге әсер етеді;
- сенімділік экономикалық мазмұны заңды нысаннан басым болу, тексеру мүмкіндігі және құжатты негізделген;
- шыншылдық яғни қателерге жол берілмейді, сонымен қатар есептілікті бұрмаламайды [4].

Мысал ретінде ұйымның қаржы-шаруашылық қызметін талдау бойынша шаруашылық субъектісі ретінде алынды. Бұл ұйымның «CTCS Logistics» ЖШС-нің экономикалық іс қызмет сферасын, қаржыландыру қызметін, пайда табу мақсатында ақша қаражаттарын салу бағыттарын, капитал салымының жаңа саласын іздеуді анықтайды.

1-кестеде «CTCS Logistics» ЖШС-ның қаржылық-шаруашылық қызметін талдау (мың тг) алынып отыр.

№	Көрсеткіштер	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.
1	Қызмет көрсету және орындалған жұмыстарды жүзеге асыру (табыс)	363290	38113	419255
2	Қызмет көрсету мен жұмысты жүзеге асыруға байланысты материалдық шығын	261231	272050	283116
3	Пайда (+); (-)	221862	235886	252384
4	Еңбек өнімділігі	5862	6015	6187
5	Еңбекке төлеу қоры	348693	366759	381257
6	Жұмысшылардың орташа айлық еңбек ақысы	69890	70804	72516
7	Рентабельдік деңгейі, %	85%	86,7%	89,1%
8	Көрсеткіштер	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.
Ескерту: талдау ұйым қызметінің нәтижесінде автормен құрастырылды [4]				

«СТС Logistics» ЖШС-ның қаржылық-шаруашылық қызметін талдау бойынша ұйымның қызмет көрсету және орындалған жұмыстарды жүзеге асыруда біз жылдан жылға өсімді байқаймыз. Сондай-ақ ұйымның пайдасы болғандығын көреміз, сәйкесінше пайданың болу нәтижесінен ұйым рентабельділігі де жоғары деңгейді көрсетіп отыр.

Өсу себебі коммерциялық ұйымдарды тасымалдаудан, жолаушы тасымалынан және жүк тасымалданатын қызметтер көрсетуде жүзеге асыруға болады.

Қызметтер спектрі:

- жүктерді тасымалдау;
- жүкті сақтандыру;
- қоймалы қызметтер;
- халықаралық тасымалдау.

Кәсіпорынның тиімді қызмет жасауы қаржылық нәтижесі көрсеткіштерін кешенді және сапалы талдап, келешекке жоспар жасауға тікелей байланысты. Кәсіпорынның қаржылық талдау сапасы қолданатын әдіс-тәсілдер мен таңдау деректерінің нақтылығына тәуелді.

«СТС Logistics» ЖШС-нің қаржылық жағдайы кәсіпорынның шаруашылық іс қызметі негіздерімен байланысты белгілі бір принциптерде тұрғызылады: шаруашылық дербестік, өзін өзі қаржыландыру, материалдық жауапкершілік, қаржылық резервтермен қамтамасыз ету.

Ұйымның қаржылық жағдайын бағалаудың негізі ұйымның ішкі және сыртқы проблемаларын айқындап оларды шешу жолдарын табу, ары қарай дамуын, дағдарыстан шығу жолын, инвестиция, несие тарту және басқада шамаларды өткізу.

Жалпы, ұйым қызметінің нәтижесін талдау негізінде сонымен қатар кәсіпорынның ішкі және сыртқы проблемаларын айқындауға қаржы шаруашылық қызметін талдау жолдары айқындалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан халқына жолдауы. – Алматы: Егемен Қазақстан, №20 (29001), 2017 жылғы 31 қаңтар.

2. Джоншианло Р.Е, Андыбаева Г.Т. Ұйымның қаржылық жағдайын талдау: Оқу құралы/ Р.Е Джоншианло, Г.Т. Андыбаева. – Алматы: ЛЕМ, 2015. – 72 б.

3. Демесінов Т.Ж. Қаржылық талдау: Оқулық/ Т.Ж. Демесінов. – Алматы: Дәуір, 2011. – 320 б.

4. Заманбеков Ш.З. Кәсіпорынның шаруашылық қызметін талдау. оқулық / Ш.З. Заманбеков. – Алматы: Экономика, 2016. – 220 б.

Ж.З. Оралбаева¹, Б.Жайлау¹

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

ҚОСЫЛҒАН ҚҰН САЛЫҒЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫНЫҢ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ, ОНЫҢ МӘНІ МЕН МАҒЫЗДЫЛЫҒЫ

Аңдатпа

Мақалада қосылған құн салығының пайда болу тарихы, салықтың осы түрінің жеке мемлекеттердегі пайыздық мөлшерлемелерінің әртүрлі болуының себептері қарастырылған. ҚҚС бюджеттің кіріс бөлімін қалыптастырудағы рөлі бағаланған.

Қосылған құн салығы жанама салықтар тобына жатқызылады. Оларға негізінен фискальдық қызметтің тән екендігін атап айтқан жөн. Олардың пайда болуы шығыстардың ұлғаюымен байланысты мемлекеттің кірістерге деген қажеттіліктерінің жоғарылауымен тікелей байланысты. Тарихы тұрғыдан алып қарасақ, жанама салықтардың алғашқы нысаны тауарлардың жекеленген түрлеріне салынатын акциздар болып табылды. Осы акциздерге қарама-қайшы болып келетін қосылған құн салығы әмбебап акциз болып табылады, себебі ҚҚС барлық тауарларға салынады. Қосылған құн салығының ерекшелігі – оның түсуін жоғарылату тек салықты есептеу әдістерін түрлендіру жолымен ғана мүмкін болып табылатындығында.

Түйін сөздер: салық, қосылған құн салығы, бюджет, жанама салықтар, бюджет саясаты, бюджет кірістері.

Аннотация

Ж.З. Оралбаева¹, Б. Жайлау¹

*¹Казахский Национальный Педагогический Университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

ПРЕДПОСЫЛКИ ВОЗНИКНОВЕНИЯ НАЛОГА НА ДОБАВЛЕННУЮ СТОИМОСТЬ, ЕГО СУЩНОСТЬ И ЗНАЧЕНИЕ

В статье рассмотрена история возникновения налога на добавленную стоимость, причины различия в величине процентных ставок этого налога в отдельных государствах. Оценена роль налога на добавленную стоимость в формировании доходной части бюджета.

Налог на добавленную стоимость относится к группе косвенных налогов. Необходимо отметить, что для них характерна в основном фискальная функция. Их появление связано с возрастанием потребности государства в доходах в связи с ростом расходов. Исторически первой формой косвенных налогов выступали акцизы, которые взимались с отдельных видов товаров. В противоположность им налог на добавленную стоимость представляет собой универсальный акциз, так как обложению им подлежат все товары. Особенность налога на добавленную стоимость – это

возможность увеличивать его поступления лишь путем варьирования методами начисления налога.

Ключевые слова: налог, налог на добавленную стоимость, бюджет, косвенные налоги, бюджетная политика, доходы бюджета.

Abstract

Oralbaeva Zh.Z.¹, Zhaylau B.¹

*¹Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

PREREQUISITES FOR THE APPEARANCE OF VALUE ADDED TAX, ITS ESSENCE AND MEANING

The article considers the history of the appearance of value added tax, the reasons for the difference in the interest rates of this tax in individual states. The role of value added tax in the formation of the revenue side of the budget is assessed.

Value added tax relates to a group of indirect taxes. It should be noted that they are characterized mainly by the fiscal function. Their appearance is usually associated with an increase in the state's need for income in connection with rising costs. Historically, the first form of indirect taxes was excises, which were levied on certain types of goods. In contrast, the value-added tax is a universal excise, as all goods are subject to taxation. The peculiarity of the value added tax is the opportunity to increase its revenues only by varying the methods of calculating the tax.

Key words: tax, value added tax, budget, indirect taxes, fiscal policy, budget revenues.

Салықтар мемлекеттің пайда болған мезетінен бастап қоғамдағы экономикалық қатынастардың аса қажетті буыны болып табылады. Олардың дамуы мен нысандарының өзгеруі салық жүйесіндегі өзгерістермен қатар жүріп отырды. Қазіргі қоғамдағы салықтар мемлекеттің кірістерінің негізгі көзі. Таза қаржылық қызметінен басқа, салықтар қоғамдық өндіріске, оның динамикасы мен құрылымына, ҒТП-тің дамуына мемлекеттің тарапынан экономикалық ықпал ету үшін де пайдаланылады.

Салық салу объектісіне қарай салықтар тікелей және жанама салықтар болып жіктеледі [1].

Тікелей салықтар тікелей табысқа немесе мүлікке салынады. Тікелей салықтарға заңды және жеке тұлғалардың табысына салынатын салықтар, мүлік салығы; жер салығы; бағалы қағаздармен жүргізілетін операцияларға салынатын салықтар жатады.

Жанама салықтар – баға немесе тарифке үстеме түрінде белгіленген салық төлеушінің кірістері мен мүлкіне тікелей байланысты емес салықтар. Жанама салықтарға қосылған құнға салынатын салығы мен акциздер жатады.

Жанама салықтар мемлекеттің фискалдық мүдделерін білдіреді. Оларды саналы қолдану баға белгілеудің процесіне жағымды ықпал жасауы және тұты- нудың құрылымына әсер етуі мүмкін.

Жанама салықтар салудың мәні салықтың тауар бағасына немесе қызметтің тарифіне қосылатындығында. Бұл жағдайда салықты тауардың не қызметтің

нақты тұтынушысы төлейді, алайда тұтынушы мен мемлекет арасында тікелей байланыс болмайды.

Қосылған құн салығын ең алғаш рет 1949 жылы француз экономисты Лоре ұсынған, бірақ Франция үкіметі бұл салықтың экономикалық мазмұнын талдап, өндірістің құлдырауы кезеңінде оны енгізудің маңызы жоқ деп шешті. Бірнеше жылдар өткен соң ғана, яғни 1954 жылы мемлекеттегі экономикалық жағдайы жақсарғаннан кейін ҚҚС қайта қарастырылып енгізілді. Лоре сол кезеңде мемлекетте айналымнан алынатын салықты ауыстыра алатын ҚҚС-ң әсерінің үлгісін көрсетті. 1968 жылы Францияда ҚҚС-ын толық енгізу жүргізілді. Бұған дейін салық таза күйінде ешбір мемлекетте қолданылған жоқ. Бірақ, 1968 ж. бастап салықтың таралуы интенсивті қарқын алды. Оған әсер еткен 1967 ж. сәуірінде Еуропалық Экономикалық Одаққа кіретін мемлекеттерде ҚҚС-ын жанама салықтың негізі түрі ретінде енгізуді қабылдаған бірінші және үшінші Еуропалық Экономикалық Одақтың Директивасы болды және енгізу мерзімі 1972 жылға дейін деп анықталды. Болашақта қауымдастыққа кіруге мүдделері бар мемлекеттерге ҚҚС жүйесінің жұмыс істеуі міндетті болды. ҚҚС-ын қолдану нұсқаулары төртінші Директивамен анықталды [2].

Францияда енгізілген ҚҚС-ғы басқа мемлекеттерде өндіріс салығы ретінде қолданыла бастады. ҚҚС фискалды саясатты іске асыру барысында қолдануына қарамастан, оған нақты ынталандыру қызметтері де тән. Көптеген мемлекеттердің үкіметтері бюджет тапшылығын жабуды ең алдымен ҚҚС-нан түсетін түсімдердің көлемін ұлғайту арқылы жүргізіп отырды. Себебі бұрын табыстарға прогрессивті түрде салық салу қорлану процесі мен қызмет белсенділігіне кері әсер ете бастады [3].

Еуропалық Экономикалық Одаққа кіретін мемлекеттердің салық жүйесін өзгертудің негізгі уәждемесі ретінде келесілерді атауға болады: [4]

- ҚҚС жаңа техника арқылы салық операцияларын құжат айналым жүйесінің реттелуін дәл және тез жүргізуге мүмкіндік береді;
- ортақ нарыққа мемлекеттердің кіруіне ҚҚС-ын енгізу міндетті;
- тауарлар мен қызметтердің бір түріне салықтардың жеңілдік жағдайын жасау мақсатында ҚҚС бөлшек сауда сатуларына салынатын салықпен салыстырғанда әлдеқайда тиімді;
- ҚҚС бюджеттік түсімдерді әлдеқайда көтереді.

Сонымен қатар, осы факторлардың ішінде негізгі саяси аргумент - ортақ нарыққа кіру шарты болып табылады. Дәл осы аргумент еуропалық мемлекеттер арасында осы салықтың кең тарауына түрткі болды. Қазіргі кезде Еуропалық Одақ мүшелерінің барлығы көрсетілген салықты енгізді.

Бүгінгі күні салықтың бұл түрі дүние жүзінің 60 мемлекеттерінде салық жүйесінің құрама элементі болып табылады.

Қазақстан Республикасында ҚҚС-ғы 1992 жылы қаңтарында енгізілді [5]. Кеңестік қоғам кезінде жүріп жатқан процестерге бұл салық түрінің енгізілуі, артынан із қалдырады. Нақ осы кезде Қазақстан егемендігі туралы ресми мәртебе алған еді. Кеңес үкіметінен мұра болып қалған қаржы-несие жүйесі

нарықтық даму жолына түскен жас мемлекеттің талабына сай келмеді, себебі ол әкімшілік бұйрыққа негізделген болатын. Сондықтан ең бірінші заңнамалық актілер және Республиканың жоғары кеңесімен қабылданған «Қазақстан Республикасының салық жүйесі туралы» және «Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі туралы» заңдар арқылы қаржы жүйесін реформалап қана қоймай, сонымен қатар дүниежүзілік тәжірибеде прогрессивті тенденцияларға сәйкес жаңа салық жүйесі қалыптасты. Жанама салықтың тетіктерін зерттеу кезінде көбінесе, Қазақстанның жанама салығының дамуын, әсіресе қосылған құн салығына көңіл бөлуді қажет етеді. Сонымен қатар 1996-1997 жж. салықтың айналымынан қайтарылуы және салық кодексіне түзетулер енгізуді көздеді. Қазақстан Республикасында ҚҚС-тың жақтаушылары да, қарсылығын білдірушілер де болды. Қарсылығын білдірушілер ойынша, ҚҚС-н енгізу төлемақының сұранысына байланысты төлемдерге тура келді, бұл «экономиканың қызуын» тоқтату үшін қолданылады, өйткені «экономиканың қызуы» өндірістің құлдырауына әкеп соғады. Кей жағдайда олар батыстың дамыған елдердің тәжірибесінде сүйенеді, олардың ойынша ҚҚС бюджет кірісінің басым бөлігін құрамайды және оның үлестік мөлшері 20%-ға жетпейді.

Өзінің мәні бойынша қосылған құн салығы бұл әмбебап жанама салық, ол тауардың сатылу бағасына кіреді және ақырында тұтынушылардың иығына артылады. Әрбір делдалдық өндірістік немесе сауда делдалы болып өзінің клиентін заңда көрсетілген салықты алып, оны бюджетке қосылған құн салығын алып тастап аударды, яғни, бюджетке аударылған қосылған құн салығы төленген қосылған құн салығы мен алынған қосылған құн салығы арасындағы айырма ретінде анықталады.

Мұндағы ҚҚС тек белгілі өндірістік циклда тауарға қосылған құнға ғана тиісті екенін айта кеткен жөн. ҚҚС-ты жинаушы ретінде тауар қозғалысының басынан бастап сатылғанға дейін әрбір сатушы болады (ҚҚС тауардың сатылу бағасына қосылады, бірақ бөлек көрсетіледі), сатушы өзінің өндірісі үшін тауарды сатып алуда ешқандай экономикалық ауыртпалықты атқармайды, өйткені олар жабдықтаушыларға төленген салықтың кез келген сомасын мемлекеттен өндіріп алады. Бұл механизмнің мағынасы, салықты ақырғы тұтынушыға аудару. Соңғысы бұл салықты тауардың немесе қызметтердің ақырғы сатылу бағасы нысанында төлейді немесе оның орнын толтыруға мүмкіндігі болмайды. Сондықтан ҚҚС тұтыну салығы болып табылады, өйткені оның ауыртпалығын ақырғы тұтынушы көтереді.

Келесі кезекте ҚҚС-н атқаратын қызметтеріне тоқталайық, өзімізге белгілі барлық салықтар үш негізгі қызметті атқарады, олар фискалдық, қайта бөлу, реттеушілік. Қазіргі кезде Қазақстанда нарықтық қатынастардың дамуы жағдайында ҚҚС таза фискалдық қызметті атқарады. Ол ҚҚС-н бекітілген мөлшерлемесі арқылы анықталады Қазақстанда оның мөлшері 12%. Әлемнің дамыған елдерінде ҚҚС негізінде дифференциалданған мөлшерлемелері бар 3-50% дейін және одан жоғары. Яғни оның мөлшерлемесі әр түрлі тауарлық топтардың әлеуметтік маңыздылығына сәйкес белгіленеді. Төменгі мөлшерлемеде салық

салынатын тауарлар бірінші қажеттіліктегі заттар болып саналады. Олардың құрамына рецептпен берілетін дәрі-дәрмектер, сәндік бұйымдар жатады. ҚҚС-тың дифференциалданған мөлшерлемесін белгілей отырып, бұл салық әр түрлі тауарлардың құнымен оларға деген сұранысты реттей алады, яғни, салық түрлі реттеуші қызметтерді, әсіресе өндірісті реттеу, баға мен инфляцияны төмендету, тауар айналымын жеделдету, жаңа өнімдер өндірісін ынталандыруды реттеуді жүзеге асырады. ҚҚС-ын есептеу негізінде салықтың базалық мөлшерлемесі жатыр, яғни мемлекетпен анықталатын тауарды сатып алу мен сату арасындағы уақыт аралығы мен салық коэффициенті ҚҚС мөлшерлемесін инновациялық сипаттағы жоғарғы технологиялық өнім жағына ыңғайлап реттеу үшін енгізіледі. [6] Бұл коэффициент ҚҚС мөлшерлемесін реттеу мақсатымен өндірістік және өндірістік емес қызмет салалары үшін, сондай-ақ тауарлардың әр түрлі топтары мен түрлері үшін, сәндік тауарлар үшін ҚҚС-тың жоғарғы мөлшерлемесін және төменгі мөлшерлемесін 1-ші қажеттіліктегі тауарлар үшін белгілеу үшін қолданылады. ҚҚС мөлшерлемесі ұдайы өндіріс процесінің барлық деңгейінде өзін-өзі реттеу элементтерін енгізу және қатаң мемлекеттік реттеумен байланыстыруды талап етеді, яғни, мемлекет ҚҚС-қа базалық мөлшерлеме орнатады. Бұл мемлекетке салық салу мен салықтардың мемлекеттік бюджетке түсуін бақылауға мүмкіндіктер береді. ҚҚС мөлшерлемесін есептеудің берілген әдісін пайдалану базалық мөлшерлемеге сүйенеді. Базалық мөлшерлемеге негізделіп есептелетін нақты мөлшерлеме өндіріс тауарлары үшін әлдеқайда жоғары болады, ал бірінші қажеттіліктегі тауарлар үшін төмен болады. Осылайша ҚҚС-тың нақты мөлшерлемесі оның сипатынан, қызмет түрінен және ірі ұйымдық құрылымдарды басқарудың тиімді қызмет етуінен тәуелді болады. Бірақ, бұл жағдайлар экономикалық жағына негізделген демек, объективті болады. Осыған байланысты ҚҚС-ның мөлшерлемесі экономикада қалыптасқан жағдайларға сәйкес болады және болып жатқан өзгерістерді бірден сезінеді, ал бұл бағалар құрылымында, инфляциялық процестерде және олардың мөлшеріне оңды әсер береді.

Салық салу мөлшерлемесін реттеу экономиканың жеке сфераларын дамытуды ынталандыру қажеттілігі туындағанда қолданылады. Мөлшерлемені төмендету арқылы салалардағы капитализациялауды ынталандырылып экономиканың басқа секторларынан қосымша капитал ағымы келіп түседі. Керісінше, салық мөлшерлемесінің жоғарлауы бизнестің жеке түрлерімен дамуын шектеуге әкеп соғады. Осылайша жеке аймақтардың дамуын, жеке бағдарламалардың орындалуын ынталандыру жүзеге асырылады, жанама салықтардың және импорттық баждардың мөлшерлемесін реттеу отандық нарықпен өндірушілерді шет елдік бәсекелестерден қорғау сыртқы экономикалық қызметті бақылау елдегі қажетті сауда балансын ұстап тұру құралының рөлін атқарады.

Әлемдік тәжірибеде, нарықты экономика дамыған және дамушы елдерде, яғни, мемлекеттік монополизм басым болатын және бөлу қатынастарындағы тұрғындардың әлеуметтік белсенділігінің дамымауы жағдайында жанама салықтар бюджет кірістерін қалыптастыруда артықшылыққа, тауарлар мен

қызметтерге және кедендік баждар формасында ие болады. Сондай-ақ, табысты мемлекеттік қайта бөлуді жүзеге асырады. Бұл салықтың фискалдық қызметімен қатар мемлекеттік кірістерді қамтамасыз ететіндігін білдіреді. Салық салу механизмі өзіне қоғамдық өндіріске оның динамикасы мен құрылымына инновациялық процестердің дамуына экономикалық ықпал ету мүмкіншілігіне ие болады.

Салықтар жіктеу негізінде ҚҚС жанама, тұтыну салығы болып табылады және мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігін құрайды. Салық салу объектісін бағалау дәрежесі бойынша ҚҚС нақты салықтарға жатқызылады. Оны төлеу тек жүзеге асырылатын мәміле сипатымен анықталады және салық салу субъектісінің қаржылық жағдайын есепке алмайды.

Жанама салық салу үшін нақты салық төлеуші тұлғамен оны салықты төлеу міндеттеме жүктелмеген тұлға арасындағы айырмашылықты білу маңызды. Айналымнан алынатын салықтардың басқа түріне қарағанда қосымша құн салығы мемлекетке табыстың бір бөлігін өндірістің және бөлудің әрбір кезеңінде алуға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда мемлекеттің ақырғы табыстары аралық өндірушілер санына тәуелді болмайды.

Қосылған құн салығы өндіріс және тауар, еңбек немесе қызмет айналымы процесінде қойылған және де Қазақстан Республикасы территориясына тауарларды импорттауда аударылған құн өсімінің бөлігін бюджетке аударуды білдіреді. Бюджетке төленуге жататын қосылған құн салығы өткізілген тауарларға еңбекке немесе қызметтерге есептелген қосымша құн салығының сомасымен сатып алынған тауарлар орындалған жұмыстар және көрсетілген қызметтерге төленуге тиісті салық сомаларының айырмасы ретінде анықталады.

ҚҚС айналымға салынатын салық сияқты көпсатылы, бірақ оның ерекшелігі салық базасы ретінде тауардың кезекті пайда болу кезеңінде туындайтын тек жаңа тауарлар құнының бір бөлігі болып табылатындығында. Көпсатылылық тауарлардың кез келген сатып алу актісінде салық салынатындығын білдіреді. Алайда, айналымнан алынатын салыққа қарағанда, мұнда көпсатылық секірмелі сипатқа ие болады (яғни салық жинақталады). Тауардың алдағы қозғалысының барлық кезеңдеріне төленген ҚҚС-ын есептелінген «шығатын» ҚҚС-нан алып тастауға рұқсат беріледі.

Сонымен қатар, ҚҚС бейтарап салық болып табылады. Оның бейтараптылығы ҚҚС-ын төлеуден босатудың санын қысқарту мен нөлдік мөлшерлемесін кең қолдануда. ҚҚС-ын күрделі жұмсалымдарға толық мөлшерде несиелеу керек және бұл ҚҚС-ң салықтардан артықшылығын қамтамасыз етеді және олардың орнына қорлану тауарларына да тартылады. Экспорттық тауарларға ҚҚС-ын толық мөлшерде соммасын анықтау мен орнын толтыру жолы экспорттық баптарының тең дәрежеде бәсекелестігін қамтамасыз етуге міндетті.

ҚҚС қиғаштық туғызатын және тиімсіз салықтардың орнына қолданылады. Мысал ретінде салық міндеттемелерінің мөлшерінің өсуін, түрлі салық мөлшерлемелерінің көптігін (кейде олар жүздеп есептеледі), тұтыну тауарларына салық

салыну, импорттық тауарларға салық жеңілдіктерінің барлығы, салық салу базасының қысқартылуы, ескірген (кейде жемқорлықтан босамайтын) салық салу жүйесін түбегейлі өзгертуге және қемшіліктерінен құтылуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, ҚҚС-ң регрессиялық жақтары да бар. Ал, ол болса тұтынушыларға ауыртпалық әкеледі. Соның ішінде салық ауыртпалығының көп мөлшерін табыс деңгейі төмен тұлғалар сезінеді. ҚҚС халықтың өмір деңгейінің төмендеуіне әкеледі. Салықтың регрессиялық жағын әлсірету үшін мөлшерлемелерді көтерумен, төмендету мен қатар кейбір тауарлар мен қызметтерді салық салудан мүлдем босату қолданылады. Мұндай босатулар екі формада қолданылады: нөлдік мөлшерлеме мен мөлшерлеменің жоқтығы. Тәсілдердің екеуі де тауарлар мен қызметтерді ақырғы тұтынушыға сату кезінде салық салудан босатады. Тәсілдердің ерекшеліктері: нөлдік мөлшерлеме кезінде сатушы оның сатып алуларына кіретін салықтың орнын толтыруға құқы бар. Ал салық мөлшерлемелерінің жоқтығында мұндай құқық онда жоқ және әдетте ол салықты ақырғы тұтынушыға артады, сондықтан ақырғы тұтынушыға нөлдік мөлшерлеме әлдеқайда пайдалы.

ҚҚС мемлекеттік салық болып табылады, яғни бүкіл мемлекеттік аумақта қолданылады, ал тауарды экспорттауға салық салынбайды.

ҚҚС-ң барлық атқаратын қызметтерінен Қазақстанда фискалды функциясы басым орын алады.

Нарықтық экономикасы дамыған мемлекеттерде нәтижелі қолданылатын ҚҚС қарастыра отырып, өндіріс дағдарысының алдын алу мен нарықтан әлсіз өндірушілерді жылдам ығыстыру мақсатында жүргізілетін өндірісті «тізгінде ұстау» саясатының басты элементі болып табылатын ұмытпаған жөн. Бұл салықты гипертрофирленген монетаризм және тауарлы дефицит жағдайында қолдану оның ауыртпалығын тұтынушыға толығымен аударады. Ал ол онсыз да қарқынды инфляцияны өсіреді.

ҚҚС салық жүйесіне енгізуде әр түрлі көзқарастар жөнінен қарастыруға болады. Егер оны ҚҚС енгізу мезетіндегі республикада қалыптасқан жағдай ерекшелігінен қарасақ, онда оның, мемлекеттің тәуелсіздік мәртебесін қабылдаумен байланысты оперативті шаралармен шешімдер қабылдауды, нарық қатынастарының дамуымен, меншіктің әр түрлі формаларының пайда болуымен, бағалардың ырықтандырумен, басқарудың директивалық әдісінен бас тартуды талап еткенін ескерген жөн. Осы жағдайда ҚҚС оның артықшылықтармен жалғыз дұрыс шешім болды. ҚҚС пайдасына басты дәлел ретінде салық салу базасының кеңеюі, жоғары салық тәртібі және төлемдердің тұрақты түсімі болды. ҚҚС-ның жағымсыз әсерін азайту әрекеті салық жүйесінің қалыптасуының бірінші сатысының барысында жасалған, ал ол ҚҚС қолданылуын жеңілдетті. Айта кететін жағдай, фискалды органдардың жұмысы мемлекеттік қазына түсімін жоғарлатуға бағытталған, ал өз кезегінде көп күшті қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Үмбеталиев А.Д., Керімбек Ғ.Е. Салық және салық салу: Оқулық / А.Д. Үмбеталиев Ғ.Е. Керімбек. – Алматы: Экономика, 2012. – 864 б.
2. Пушкарева В.М. История финансовой мысли и политики налогов: учебное пособие. / В.М. Пушкарева. – М.: ИНФА – М., 1996. – 192 стр.
3. Ермекбаева, Б.Ж. Шет мемлекеттердің салықтары: оқу құралы / Б.Ж. Ермекбаева, М. Ж. Арзаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. –153 б.
4. Ильясов К.К., Идрисова Э.К. Налоги развитых зарубежных государств: Учебное пособие/ К.К.,Ильясов., Э.К. Идрисова. – Алматы: Каржы-каражат, 2007. – 155 с.
5. Үмбеталиев А.Д, Керімбек Ғ.Е. Салық және салық салу:оқулық 1-2 том / А.Д. Үмбеталиев, Ғ.Е. Керімбек. – Алматы: Экономика, 2011. – 582 б.
6. Ермекбаева Б.Ж., Лесбеков Г.А. Основы налогообложения: Учебное пособие/ Ермекбаева Б.Ж., Лесбеков Г.А. – Алматы: Казак университет, 2002. – 122 с.

УДК 331.34

МРНТИ 21.41.63

М.А. Канабекова¹, А.М. Жақсыбай¹

*¹ Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

КОНЦЕПЦИЯ УПРАВЛЕНИЯ ПЕРСОНАЛОМ НА ПРЕДПРИЯТИИ

Аннотация

Управление персоналом является главной функцией любой организации. В современных условиях организации сталкиваются с множеством проблем при формировании систем управления персоналом. Эта система должна включать все аспекты работы с персоналом, ориентироваться на развитие человеческих ресурсов в тесной связи с целями организации, обеспечивать ее высококвалифицированными, всесторонне развитыми и образованными сотрудниками. Как показывает анализ трудов теоретиков и практиков, исследовавших вопросы управления персоналом, в современных условиях возрастает роль персонала, участвующего в управлении, проявляющего инициативу, заинтересованного в повышении производительности труда. Для повышения эффективности управления кадрами традиционная концепция управления персоналом трансформируется в концепцию управления человеческими ресурсами. Для этого необходимо изменение организации системы управления персоналом. Изменяется система привлечения, поощрения, развития персонала, организация рабочих мест работников.

Ключевые слова: управление персоналом, человеческие ресурсы, кадры, организация, конкурентоспособность, управление человеческими ресурсами, концепция, менеджмент

Аңдатпа
М.А. Канабекова¹, А.М. Жақсыбай¹
¹Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті,
Алматы қ., Қазақстан

КӘСІПОРЫНДАРДА ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ КОНЦЕПЦИЯСЫ

Өнімді инновацияға техникалық сипаттамаларында, құрауыштарында және материалдарында, қоса келтірілген бағдарламалық қамтамасыз етуінде және басқа функциональды сипаттамаларында едәуір жетілдірілгендері енгізіледі. Өнімді инновацияларда жаңа білімдер немесе технологиялар пайдаланылуы мүмкін немесе олар пайдаланудың жаңа тәсілдеріне немесе қазіргі бар білім мен технологиялардың жаңа комбинацияларына негізделуі мүмкін. Жаңа өнімдер өзінің сипаттамалары бойынша немесе бұрын кәсіпорынмен жүргізілген өнімдердің белгіленуі бойынша бір-бірінен едәуір ерекшеленетін тауарлар мен қызметтер саналады. Өнімді инновация техникалық сипаттамалардың елеусіз өзгерістерге ұшыраған бейнебір өнімді пайдаланудың жаңа тәсілін әзірлеу болып табылады, сондай-ақ қазіргі бар өнімдердің жақсартылған өзгерістері оның қасиеттерін жақсартатын бұйымның материалындағы, құрауыштарындағы және өзге де сипаттамаларындағы өзгерістердің есебінен жүзеге асырылуы мүмкін; қызмет көрсету саласында олардың ұсыну тәсілдеріндегі едәуір жетілдірулер, қолданыстағы қызметтерді жаңа функциялармен немесе сипаттамалармен толықтыру не өте жаңа қызметті енгізу. Өнімді инновациялардан: елеусіз өзгерістер; ескішілікті жаңғырту; жүйелі маусымдық өзгерістер; басқа клиенттер үшін жүргізілген өнімдерден айырықша ерекшелікті болдырмайтын

жеке клиенттің сауалына бейімделу салдары; басқа кәсіпорындардан сатып алынған жаңа тауарлар мен қызметтерді қарапайым қайта сату алып тасталады. Дизайн өнімді инновацияларды әзірлеу және өткізудің ажырамас бөлігі болып табылады. Мұның өзінде дизайндағы өнімнің функционалдық сипаттамаларында және оны болжамды пайдалану тәсілдерінде едәуір өзгерістерге әкелмеген өзгерістер өнімді инновациялар деп саналмайды. Олар маркетингілік инновациялар болуы мүмкін.

Үдерістік инновациялар қызметті құру мен ұсынудың жаңа немесе едәуір жақсартылған әдістерін қамтиды. Мұнда қызмет көрсетуге бағытталған, кәсіпорындармен пайдаланылатын жабдықтағы және бағдарламалық қамтамасыз етудегі немесе тұтынушыға қызметтерді көрсету рәсімдері мен технологияларындағы елеулі өзгерістерді жатқызуға болады. Үдерістік инновациялар жабдықтау, бухгалтерлік есеп, ағымдағы жөндеу және алдын алу секілді қосалқы қызмет түрлерінде қолданылатын жаңа немесе едәуір жақсартылған техникалық әдістер, жабдық және бағдарламалық қамсыздандыру. Жаңа немесе едәуір жетілдірілген ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу, егер ол кәсіпорынның қосалқы қызметінің тиімділігі және (немесе) сапасын жоғарылатуға бағытталған болса, үдерістік инновация болып табылады. Үдерістік инновациялардан: ұсақ өзгерістер немесе жақсартулар; қолданыстағы жүйемен өте ұқсас өндіріс немесе логистика жүйесіне қосу есебінен өндіріс немесе қызмет көрсету мүмкіндіктерінің біршама артуы; алып тасталады.

Кәсіпорын жұмысының сапасы мен тиімділігін арттырудағы маңызды рөлді ұйымдық инновациялар, атап айтқанда ақпараттық алмасуды кеңейту, жаңа білімдер мен технологияларды оқытуға пайдалануға деген қабілеттілікті арттыру. Ұйымдық инновациялар олар өздері құрылған жүйеге көптеген қатысушылары және өзара қатынастары бар күрделі әлеуметтік жүйеге қатынасы бойынша көптеген дәрежеде ерекше. Бұдан басқа, инновациялар менеджментте технологиялыққа қарағанда күрделілеу, өзінің енгізілгеніне дейін дәлелденеді және одан кейін де бағаланады. Ұйымдық инновациялардың кәсіпорындағы өзге ұйымдық өзгерістерден айрықша ерекшелігі бұдан бұрын кәсіпорында пайдаланылмаған, басшылықтың стратегиялық шешімдерін іске асырудың нәтижесі болып табылатын қандай да ұйымдық әдістің енгізілуі.

Кәсіпорындардың инновациялық қызметін зерттеуде инновациялық саладағы кәсіпорындардың бірлескен ынтымақтастығын зерттеуге, нәтижесінде инновациялардың сапалы деңгейін арттыруға және бәсекеге қабілеттілік нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған екпін күшейтілген. Бұл білімді тарату және пайдалану процесінде өзара іс-қимылдың жаңа тетіктерін анықтау қажеттілігімен, инновацияларды әзірлеу және іске асыру процесінде ұйымдардың арасындағы білім ағындарының өзара алмасуының маңызды рөліне негізделеді. Кәсіпорынның инновациялық қызметі ақпарат, білім, технология, тәжірибе, адами және қаржылық ресурстар көздерімен байланысының әртүрлілігі мен құрылымына байланысты. Кәсіпорынның инновациялық қызметін зерттеуде зерттеулер мен талдамалардың бірлескен жобаларын орындау бойынша серіктестермен

өзара байланыстың әртүрлі нұсқалары қарастырылады: кәсіпорын кіретін топ (бірлестіктер, серіктестіктер, қоғамдар) құрамындағы кәсіпорындар, өнімді тұтынушылар, құрал-жабдықтарды, материалдарды, жинақтаушыларды, бағдарламалық құралдарды жеткізушілер: консалтингілік, ақпараттық фирмалар, ғылыми ұйымдар, университеттер мен басқа да жоғары оқу орындары; даму институттары («Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ, «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ, «Даму» Кәсіпкерлік қоры» АҚ және т.б.). Осымен, экономика дамуының тиімділігі жекелеген дербес экономикалық құрылымдардың инновациялық дамуының тиімділігіне ғана емес (ғылыми ұйымдар, ғалымдар, ЖОО және т.б.), инновациялық қызмет үдерісінде олардың арасындағы өзара байланыстың тиімділігіне де тәуелді.

Сонымен, ел экономикасын алға сүйрейтін елімізде индустриалдық-инновациялық даму халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға оң ықпалын тигізетіндігі ақиқат.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан жолы–2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2014 жылғы 17 қаңтар [Электрон.ресурс] – 2017 - URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400002014/links> (Дата обращения 21.11.2017)

2. 2015-2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық дамуы мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығы. [Электрон.ресурс] – 2017 - URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1400000874>. (Дата обращения 21.11.2017)

ЖАС АЛЫМДАРДЫ МІНБЕСІ ТРИБУНА МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ

УДК 65.011.44
МРНТИ 06.56.31

А.Ж. Курмантаева¹

¹ *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

МЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОРЛАР А ИНВЕСТИЦИЯНЫ ТАРТУ МЕХАНИЗМДЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада мемлекеттік секторларға инвестицияны тарту механизмдері қарастырылған. Қазіргі таңда кәсіпорынның қаржылық ресурстарын басқарудың жаңа тәсілдерін қажет етеді және ол әлемдік тәжірибеде қабылданған есеп беру мен есептеме-лердің халықаралық стандарттарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Сонымен қатар кәсіпорындар қызметі өндірісті дамыту, табыстылық деңгейінің өсімін қамтамасыз ету, инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін қаржы ресурстарын құруға бағытталуы тиіс. Сондықтан кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығын бағалау оның болашақтағы даму перспективасын анықтауға мүмкіндік береді.

Қазіргі жағдайда басқарушылық шешім қабылдауға негіз болатын көрсеткіштерді ғана есептеу жеткілікті деп саналады. Сонымен, кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығын оның төлем қабілеттілік көрсеткіштерін есептеуден бастау керек. Екінші кезекте кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы анықталуы тиіс. Соңғы кезекте инвестициялық тартымдылығын анықтау, яғни, қаражаттарды осы өндіріске инвестициялаудың мақсатқа сай екендігін шешу қажет.

Түйін сөздер: Инвестициялық тартымдылық, табыстылық деңгейі, инвестициялық белсенділік, төлем қабілеттілік көрсеткіштері, қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері, мүлікті пайдалану тиімділігінің көрсеткіштері.

Аннотация

А.Ж. Курмантаева¹

¹ *Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г.Алматы, Казахстан*

МЕХАНИЗМЫ ПРИВЛЕЧЕНИЯ ИНВЕСТИЦИЙ В ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СЕКТОР

В данной статье рассматриваются механизмы привлечения инвестиций в государственные сектора. В данное время требуются новые методы управления финансовыми ресурсами предприятия, и они должны осуществляться в соответствии с принятыми в

мировой практике международными стандартами учета и отчетности. А также деятельность предприятия должно быть направлены на развитие производства, обеспечение уровня роста прибыльности, формирование финансовых ресурсов для повышения инвестиционной привлекательности. Поэтому оценка инвестиционной привлекательности предприятия дает возможность определить его перспективу развития.

В данное время считается достаточным использовать показатели, которые являются основами принятия управленческих решений. Итак, инвестиционную привлекательность предприятия надо начать считать с показателей платежеспособности. Во вторых надо определить финансовую устойчивость предприятия. И наконец, необходимо определить инвестиционную привлекательность, то есть, соответствие инвестирования цели производства.

Ключевые слова: Инвестиционная привлекательность, уровень прибыльности, инвестиционная активность, показатели платежеспособности, показатели финансовой устойчивости, показатели эффективности использования имущества.

Abstract

Kurmantaeva A.ZH¹.

*¹Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

THE MECHANISMS FOR ATTRACTING INVESTMENTS IN THE PUBLIC SECTOR

This article discusses the mechanisms of attracting investments in the public sector. At this time, requires new methods of management of financial resources of the enterprise, and they must be carried out in accordance with accepted in world practice international standards of accounting and reporting. As well as the activities of the enterprise should be directed on production development, ensuring growth of profitability, the financial resources to increase investment attractiveness. Therefore, evaluation of investment attractiveness of the company allows to define its future development.


At this time is considered sufficient to use indicators, which are the foundations of managerial decision-making. So, the investment appeal of the enterprise must begin to count with indicators of solvency. Secondly it is necessary to determine the financial stability of the enterprise. And finally, it is necessary to determine the investment attractiveness, that is, compliance with the investment objectives of production.

Key words: Investment attractiveness, profitability, investment activity, indicators of solvency, indicators of financial stability, indicators of efficiency of use of the property.

Экономикалық дамудың қазіргі жағдайы кәсіпорынның қаржылық ресурстарын басқарудың жаңа тәсілдерін қажет етеді және ол әлемдік тәжірибеде қабылданған есеп беру мен есептемелердің халықаралық стандарттарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Сонымен қатар кәсіпорындар қызметі өндірісті дамыту, табыстылық деңгейінің өсімін қамтамасыз ету, инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін қаржы ресурстарын құруға бағытталуы тиіс. Сондықтан кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығын бағалау оның болашақтағы даму перспективасын анықтауға мүмкіндік береді [1].

Еліміздегі әртүрлі меншік нысандарындағы кәсіпорындардың қызмет тиімділігін арттыру оның инвестициялық белсенділігін, тартымдылығы мен қаржылық жағдайын бағалауға негізделеді. Бұл кәсіпорынның инвестициялық белсенділігі мен тартымдылығын қоса алғандағы шаруашылық қызметін сипаттайтын көрсеткіштерді қалыптастыру қажеттілігін анықтайды. Қазіргі кезде Қазақстанда кәсіпорындар қызметін бағалайтын көрсеткіштердің ұтымды бірыңғай көрсеткіштері қалыптаспаған. Көбінесе ол Ресейдің және батыстың экономикалық әдебиеттеріндегі әдістемелерге сүйеніп жасалады.

Халықаралық тәжірибені, экономикалық әдебиеттерді және отандық кәсіпорындар тәжірибесін зерттеу нәтижелері көрсеткендей, отандық ғалымдардың пікірінше жүйелі сипатты иеленбейтін коэффициенттер өте көп. Сондықтан қазіргі жағдайда басқарушылық шешім қабылдауға негіз болатын көрсеткіштерді ғана есептеу жеткілікті деп саналады. Осыған байланысты төмендегі 1-суреттегі кезектілікті сақтай отырып, кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығын бағалау мақсатқа сай болады.



Дерек көзі: [1]

Сурет–1. Кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығын бағалау кезектілігі

Сонымен бірінші суреттен көріп отырғанымыздай, кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығын оның төлем қабілеттілік көрсеткіштерін есептеуден бастау керек. Яғни, кәсіпорында өз қарыздарын жабуға қажетті қаражаттардың болуын анықтау қажет. Екінші кезекте кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы анықталуы тиіс. Демек кәсіпорынның қарыздық қаражаттарының орнын толтырғаннан кейінгі тәуелсіздік деңгейінің қаншалықты жоғары дәрежеде екендігін анықтау. Соңғы кезекте инвестициялық тартымдылығын анықтау, яғни, қаражаттарды осы өндіріске инвестициялаудың мақсатқа сай екендігін шешу қажет.

Кәсіпорынның төлем қабілеттілігі деп оның қысқа мерзімді қарыздарын өз қаражаттарымен жабуға дайындығын айтамыз. Төлем қабілеттілік кәсіпорынның қаржылық жағдайын сипаттайтын маңызды көрсеткіштердің бірі. Төлем қабілеттілікті бағалау баланс мәліметтері бойынша айналым қорларының немесе ағымдағы активтердің өтімділік сипаттамалары негізінде жүргізіледі. Яғни, ол айналым қорларының қолма-қол ақшаға айналу жылдамдығын сипат-

тайды. Осыған байланысты кәсіпорынның өтімділігі жөнінде айтқанда активтің өтімділігі және баланстың өтімділігі түсініктерін ажыратып алу қажет.

Активтің өтімділігі деп – оның ақшалай қаражаттарға айналу мүмкіндігін (кабілетін) айтамыз. Баланстың өтімділігі кәсіпорын активтерінің міндеттемелерін жабу дәрежесі ретінде анықталады. Мұнда активтердің ақшаға айналу мерзімі міндеттемелерді жабу мерзімімен сәйкес келеді.

Баланстың өтімділігінің активтердің өтімділігінен айырмашылығы активтердің көлемі мен өтімділігі міндеттемелерді жабу мерзімі мен көлеміне сай келеді. Сондай-ақ, активтердің өтімділігі баланстың пассивіне қатыссыз анықталады.

Кәсіпорынның өтімділігін бағалау үшін абсолютті көрсеткіштермен қатар салыстырмалы көрсеткіштер де есептеледі. Оларға ағымдағы өтімділік коэффициенті, жылдам өтімділік коэффициенті және абсолютті өтімділік коэффициенті жатқызылады. Бұл көрсеткіштер кәсіпорын басшылығы үшін ғана емес, сыртқы субъектілер үшін де үлкен қызығушылық туғызады.

Абсолютті өтімділік коэффициенті (ақшалай резервтер нормасы) кәсіпорынның ақшалай қаражаттары мен қысқа мерзімді қаржылық салымдарының (тез өткізілетін бағалы қағаздардың) қысқа мерзімді міндеттемелеріне қатынасымен анықталады. Бұл көрсеткіштің мәні қысқа мерзімді міндеттемелерінің қандай бөлігі тез арада жабыла алатындығын көрсетеді. Мұның мәні неғұрлым жоғары болса, қарыздарды жабу кепілдігі де соғұрлым көп болады.

Жедел өтімділік коэффициенті (аралық жабу коэффициенті) – ақшалай қаражаттар, қысқа мерзімді қаржылық салымдар (бағалы қағаздар), қысқа мерзімді дебиторлық берешектің қысқа мерзімді міндеттемелерге қатынасымен есептеледі. Бұл көрсеткіш ағымдағы міндеттемелердің қандай бөлігін ақшалай қаражаттармен ғана емес, күтіліп отырған ақшалай түсімдердің (дебиторлық берешектің) есебінен жабылатындығын көрсетеді. Оның шекті мәні 0,7-1 шамасында болу тиіс, бірақ, оның өзгеруіне әсер еткен факторларды (ақшалай қаражаттар әлде дебиторлық берешек) ескеру керек.

Ағымдағы өтімділік коэффициенті (жалпы жабу коэффициенті) ағымдағы активтердің (болашақ кезеннің шығындарынан басқа) ағымдағы (қысқа мерзімді) міндеттемелерге (болашақ кезеннің табыстары) қатынасымен анықталады. Ол ағымдағы активтердің ағымдағы міндеттемелерді жабу дәрежесін көрсетеді. Басқаша айтқанда, ағымдағы міндеттемелердің бір теңгесіне келетін ағымдағы активтердің мөлшерін көрсетеді.

Егер ағымдағы активтер ағымдағы міндеттемелерден жоғары болса, кәсіпорын жақсы жұмыс істеп отыр деп айта аламыз. Бұл көрсеткіштің мәні 2-ден көп >2 болу тиіс. Алайда бұл мәнді барлық салалар үшін бірыңғай мәні ретінде белгілеу мүмкін емес. Өйткені ол қызмет сферасына, активтердің сапасы мен құрылымына, өндірістік цикілдің ұзақтығына т.б. байланысты болады.

Келесі көрсеткіштер тобына қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері жатады. Қаржылық тұрақтылық – бұл табыстың шығыннан тұрақты дәрежеге артуы. Бұл ақша қаражаттарын еркін пайдалануды қамтамасыз етеді және оларды тиімді пайдалану арқылы өнім өндіру және өткізу үрдісінің үздіксіз болуына

жағдай жасайды. Сондықтан да қаржылық тұрақтылық барлық өндірістік – шаруашылық қызмет үрдісінде қалыптасады және кәсіпорынның жалпы тұрақтылығының негізгі бөлігі болып табылады.

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы – бұл тәуекелділіктің мүмкін болатын деңгейінде төлем қабілеттілігі мен несие қабілеттілігін сақтай отырып, табысты өсіру негізінде қаржыны бөлу, тарату мен пайдалану арқылы кәсіпорынның дамуын көрсететін қаржы ресурстарының жағдайы.

Қаржы тұрақтылық көрсеткіштері кәсіпорын активтерінің жағдайы мен құрылымы, қарыздық капиталдарды тарту деңгейі және осы қарыздарға қызмет көрсетуді ұйымдастыру қабілетін сипаттайды. Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы бірқатар көрсеткіштермен сипатталады. Олар келесі көрсеткіштер:

1. Тәуелсіздік коэффициенті – меншікті капиталдың кәсіпорын капиталына қатынасымен анықталады. Ол кәсіпорын капиталының (активтерінің) қандай бөлігін меншікті қаражаттары құрайтындығын, яғни, қаржылық тәуелсіздік дәрежесін көрсетеді. Бұл көрсеткіштің мәні неғұрлым жоғары болса, соғұлым қаржылай тұрақты және сыртқы қаражат көздеріне тәуелсіздігін көрсетеді. Нарықтық экономикасы дамыған елдерде бұл көрсеткіштің шекті мәні – 0,5-0,7 болып белгілінген.

2. Тәуелділік коэффициенті – бұл тәуелсіздік коэффициентінің кері шамасы. Ол кәсіпорын капиталының (баланс валютасы) меншікті капиталға қатынасына арқылы есептеледі. Бұл көрсеткіштің мәні меншікті қаражаттардың 1 теңгесіне кәсіпорын активтерінің қандай сомасы келетінін көрсетеді. Осы көрсеткіштің мәнінің өсуі кәсіпорынды қаржыландыруда қарыздық қаражаттар үлесінің артқанын көрсетеді. Егер оның мәні 1-ге тең болса, онда кәсіпорынның барлық активтері тек қана меншікті капиталдың есебінен қалыптасқанын көрсетеді.

3. Қарыздарды меншікті капиталмен жабу коэффициенті (төлем қабілеттілік коэффициенті). Бұл көрсеткіш меншікті капиталдың қарыздық капиталға қатынасы арқылы есептеледі. Яғни, қарыздық капиталдың бір теңгесіне меншікті капиталдың қанша теңгесі келетінін көрсетеді.

4. Қарыздық леверидж немесе қаржылық коэффициенті қарыздық капиталдың меншікті капиталға қатынасы арқылы есептеледі. Бұл коэффициент қаржылық тұрақтылықтың негізгі индикаторларының бірі болып есептеледі. Оның мәні неғұлым жоғары болса, бұл кәсіпорынға капитал салу тәуекелі де соғұрлым жоғары болады. Яғни меншікті капиталдың 1-теңгесіне қанша қарыздық қаражат тартылғанын көрсетеді. Бұл коэффициент кәсіпорын активтеріне салынған меншікті қаражаттардың әрбір теңгесіне қанша қарыздық қаражат тартқанын көрсетеді. Оның мәні жоғарылаған сайын мұндай кәсіпорынға капитал тарту тәуекелі жоғары болады. Кәсіпорын активтерін қалыптастыруда меншікті және айналым капиталының үлесі және қаржылық леверидж деңгейі кәсіпорынның салалық ерекшеліктеріне байланысты болады. Айналымнан тыс активтердің үлесі жоғары және капитал баяу айналатын салаларда қаржылық леверидждің мәні үлкен болмауы керек. Ал, негізгі капиталдың үлесі аз, капитал айналымдылығы жоғары салаларда оның мәні айтарлықтай жоғары болады.

Қаржылық леверидж деңгейі тауар және қаржы нарығының конъюнктурасына, негізгі қызметтің рентабельділігіне, кәсіпорынның қаржылық стратегиясына және тағы басқаларға байланысты болады.

5) Тұрақты қаржыландыру коэффициенті – баланс активінің қандай бөлігі тұрақты көздер есебінен екенін сипаттайды. Ол меншікті капитал мен ұзақ мерзімді міндеттемелердің жалпы капиталға (баланс, валютасы) қатынасымен анықталады. Егер кәсіпорын ұзақ мерзімді несиелер мен заемдарды пайдаланбайтын болса, онда оның мәні қаржылық тәуелсіздік коэффициентінің мәнімен сәйкес келеді.

Кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығын бағалаудың маңызды көрсеткіштерінің бірі – мүлікті пайдалану тиімділігін сипаттайтын көрсеткіштерге бірқатар рентабельділік коэффициенттерін жатқызуға болады. Рентабельділік көрсеткіштері кәсіпорынның салыстырмалы табыстылығын сипаттайды, яғни, әртүрлі тұрғыдан капиталдың немесе қаражаттардың шығындарға қатынасының пайыз түрінде өлшенуі немесе есептелуі. Олардын ішінде негізгілері ретінде келесілерді бөліп көрсетуге болады:

1. Активтердің (табыстылығы) рентабельділігі – кәсіпорынның таза табысының активтерінің құнына (орташа жылдық құнына) қатынасымен анықталады. Ол кәсіпорын активтеріне салынған 1 теңге қанша теңге таза табыс әкелетінін көрсетеді.

2. Ағымдағы активтердің рентабельділігі айналымдағы активтерді пайдалану тиімділігін сипаттайды. Ол кәсіпорынның таза табысының ағымдағы активтер құнына қатынасы арқылы есептеледі.

3. Меншікті капиталдың рентабельділігі меншікті капиталды пайдалану тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді. Ол таза табыстың меншікті капитал көлеміне қатынасы арқылы есептеледі. Оның мәні меншік иелерінің салған салымдарының әрбір ақшалай бірлігі қанша таза табыс тапқанын көрсетеді.

4. Негізгі өндірістік қорлардың рентабельділігі таза табыстың негізгі өндірістік қорлар құнына қатынасымен анықталады. Ол негізгі қорларды пайдалану тиімділігін сипаттайды және негізгі қорлардың бір теңгесіне таза табыстың қанша теңгесі келетінін көрсетеді.

5. Сатудың рентабельділігі. Бұл көрсеткішті жалпы табыс және таза табыс арқылы да есептеуге болады. Яғни, жалпы табыстың (таза табыстың) сатудан түскен табысқа қатынасы арқылы есептеледі. Бірінші жағдайда оның мәні кәсіпорынның баға белгілеу саясатындағы өзгерістерді, өнімді сатудың өзіндік құнын бақылау мүмкіндігін көрсетеді. Бұл коэффициенттің динамикасын (өсуі) материалдық – өндірістік қорларды пайдалануын бақылауды күшейтуді немесе бағаларын қайта қарау қажеттілігін көрсетеді. Екінші жағдайда, яғни таза табыс арқылы есептегенде оның мәні сатылған өнімнің әрбір теңгесі таза табыстың қанша теңгесін әкелгенін көрсетеді. Сонымен қатар, кәсіпорын қызметінің тиімділігін бағалағанда сатылған өнімнің бір теңгесіне келетін шығындар көлемін анықтау да маңызды. Ол сатылған өнімнің толық өзіндік құнының (сатылған

өнімнің өзіндік құны + кезең шығындары) өнімді сатудан түскен табысқа қатынасымен анықталады.

6. Өнімнің рентабельділігін есептегенде өндірілген өнімнің және сатылған өнімнің рентабельділіктерін анықтауға болады. Өндірілген өнімнің рентабельділігі таза табыстың өнімнің толық өзіндік құнына қатынасымен анықталса, сатылған өнімнің рентабельділігі таза табыстың сатылған өнімнің толық өзіндік құнына қатынасымен анықталады. Бұл көрсеткіштердің мәні өнімді өндіру мен сату бойынша жұмсалған әрбір теңгесіне келетін таза табыс мөлшерін көрсетеді.

7. Өндіріс рентабельділігі – таза табыстың негізгі өндірістік қорлар мен айналым қорларының орташа жылдық құнына қатынасымен анықталады. Бұл көрсеткіш өндірістік үрдістегі активтерді пайдалану тиімділігін сипаттайды. Яғни, негізгі өндірістік қорлар мен айналым қорларының әрбір теңгесіне келетін таза табыс мөлшерін көрсетеді.

Сонымен кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығын жоғарыда аталған көрсеткіштер арқылы бағалауға және сол арқылы қандай-да бір тұжырымдар жасауға болады.

Барлық өркенниетті мемлекеттерде неғұрлым болашағы бар кәсіпорындар өз қызметтерін кеңейте келе, міндетті түрде инвестиция тартуға талпыныс жасайды. Бұл өз кезегінде инвестициялық жобаларын тиімді де тартымды түрде ұсыну арқылы инвестиция тарту тәжірибесі кеңінен қолданылады. Инвестициялық жоба бойынша шешім қабылдау кезінде инвестицияның түрі, инвестициялық жобаның құны, қаржы ресурстардың шектеулігі, шешім қабылдаумен байланысты тәуекелділіктер сияқты факторлар ескерілуі тиіс [2].

Инвестицияны тартудың себептері көп болуы мүмкін, бірақ жалпы оларды үш түрге бөлуге болады: қолда бар материалды-техникалық базаны жаңарту, өндірісті кеңейту, жаңа өндіріс немесе қызмет түрін меңгеру. Инвестициялық жобаны қабылдау міндеті әр бағытта әртүрлі. Егер бар өндірістік қуатты ауыстыру керек болса, онда шешім оңай қабылданады, себебі кәсіпорынның басшылары жаңа өндірістің қандай сипаттамалармен қанша керектігін нақты біледі. Ал егер негізгі әрекетті кеңейтумен байланысты болса инвестиция туралы шешімді қабылдау қиынға түседі.

Күрделі қаржы жұмсалым тиімділігін материалдық және ақшалай бағалаудың ұштастырылу қағидасы. Тімділікті бағалаудың үш қағидасы бар:

1. Шығын мен шығарылымның салыстырмалы бағаларын салыстыру арқылы, яғни тек құнды және ақшалай талдау. Инвестициялаудың дүниежүзілік тәжірибесі тиімділікті тек ақшалай бағалауға сүйену жеткіліксіз екенін көрсетеді – мұндай тәсіл инфляция жағдайында тиімсіз.

2. Тиімділіктің ақшалай және техникалық критерийлерін ұштастыру арқылы, себебі, инвестициялық жобадағы кепілдікке алынған (жобаға салынған) технологияның өзіне де байланысты.

3. Тиімділікті бағалаудың техникалық тәсілі, ол бизнесті нарықтық (құндық) бағалауды ескермейді, осыған орай, ол көп қолданылмайды.

Кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығын талдамас бұрын еліміздің инвестициялық климатының қазіргі жағдайын қарастыру орынды. Себебі,

кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығы елдегі инвестициялық ахуалға тікелей байланысты болады.

Кез келген мемлекетке келетін шетелдік инвестициялардың ағыны және олардың тиімділігі елдегі қолайлы инвестициялық климатпен тығыз байланысты. Ұлттық экономиканың ерекшеліктері мен мүдделерімізді сақтай отырып қолайлы инвестициялық климатты құру мемлекеттік саясаттың маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Елімізде қолайлы инвестициялық климатты құру – ол қазіргі кездегі инвестициялық климатты бағалауды салыстырмалы талдауға негіз болатын көрсеткіштер жүйесін құрайтын әртүрлі шаралар кешені. Мұндай көрсеткіштерге келесілерді жатқызуға болады:

- мемлекет нарғының әлеуетінің сипаттамасы;
- табиғи және еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілуі;
- экономикалық реформалардың қозғалысы мен жағдайы;
- инвестициялық қызмет үшін заңнамалық база;
- мемлекеттік органдарда басқарушылық шешімдер қабылдауды реттеу;
- валюта нарығы мен нарықтық инфрақұрылымның дамуы;
- банктік жүйенің тұрақтылығы;
- саяси климаттың тұрақтылығы мен мақсатты бағытталуы.

Ел экономикасына инвестиция құюды көздеген инвесторлар жоғарыда аталғандардың әрқайсысын зерттейді және бағалайды, инвестициялық тәуекелді ескере отырып инвестиция құю жөнінде шешім қабылдайды. Инвестициялық климат және инвестициялық тәуекел бір – бірімен өзара тығыз байланысты. Елдегі инвестициялық климат неғұрлым жоғары болған сайын, инвестициялық тәуекел соғұрлым төмен болады. Керісінше, инвестициялық климат неғұрлым нашар болса, инвестициялық тәуекел деңгейі соғұрлым жоғары болады.

Еліміздегі нарықтың әлеуеті халық саны, жалпы ұлттық өнім (ЖҰӨ), жан басына шаққандағы жалпы ұлттық өнімнің мөлшері сияқты көрсеткіштермен сипатталады. Көптеген инвесторлар Қазақстанның маңызды артықшылығы ретінде ірі азиялық нарыққа жақындығын айтады. Сонымен қатар еліміздің инвестициялық тартымдылығы мен инвесторлардың үлкен қызығушылығын мол қазба – байлығымыз бен минералды шикізат ресурстарының болуы жоғарылатып отыр. Қазақстан шикізат мұнай мен табиғи газды өндіруші елдердің бірі болып табылады. Сондықтан да шетелдік инвесторлардың көпшілігі тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мұнай газ саласына ірі көлемде инвестициялар құйды. Бірақ соңғы жылдары елімізде бірқатар оң өзгерістер байқалып отыр. Ол елімізде жүргізілген экономикалық реформалардың табыстылығы, экономикалық дамудың жаңа кезеңіндегі экономикалық стратегиялар мен мемлекеттік бағдарламалар, сондай-ақ, экономиканы әртараптандыру мен өңдеуші өнеркәсіпті дамыту жөніндегі іс-шаралар, экономиканы жедел жаңарту бойынша Үкіметтің іс-әрекеті және өзге де құжаттар арқылы жүзеге асырылып отыр.

Экономиканы әртараптандыру және табыстың айтарлықтай жоғары өсіміне жету, жоғары қосылған құнды және бәсекеге қабілетті сапалы дайын өнімдер өндіруді ұлғайту мемлекеттік экономикалық саясатты әзірлеушілердің негізгі

міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл өте маңызды және жауапты іс. Осыған байланысты маңызды іс-шаралар қарастырылып жүзеге асырылуда.

Еліміздің бизнес-климатын талдау барысында күрделі қаржы бөлудің барлық параметрлерін балмен бағалайды, содан кейін жалпы қорытындыға келтіреді. Қорытындысында инвестициялық тәуекел көрсеткіш немесе елдің инвестициялауға сенімділік көрсеткіші арқылы инвестициялық климаты сандық жағынан өлшеу мүмкін болады. Бұл көрсеткіштер инвесторлардың тәуекел мен шығынын сондай-ақ шетелдік капиталды тартуға тұтынушы елдің шығынын білдіреді.

Елде инвестициялық климат нашар болған сайын күрделі қаржыны тарту шығыны жоғары болады. Демек инвестициялық климаттың түсінігі дерексіз түсінік емес, керісінше өзінің материалдық келбетін білдіреді. Инвестициялық тәуекелді өлшеудің әртүрлі жолдары бар. Себебі әртүрлі инвесторлар инвестициялау жағдайына, оның маңыздылығын бағалауға әртүрлі әдістер қолданады. Шетелдік экономикалық әдебиеттерде ең басты себептер мен шетелдік инвестициялау жағдайын анықтауға бірсыпыра талпыныстар жасалды. Бұл мақсатпен социологиялық зерттеулер де көп жүргізілді. Бұл зерттеулердің нәтижесінде сыртқы инвестициялардың басты белгілерінің (жиынтық белгілері) өте жүйелі шеңбері жасалды. Соның нәтижесінде маңызына қарай реттеу әдісін қолдана отырып инвестициялық тәуекел көрсеткіші есептеледі.

Инвестиция климаттық экономикалық ортадағы алатын орнына біріншіден экономиканың жалпы жағдайы (көрсетілуі, құлдырауы, тоқырау) қаржы жүйесі, валюталық-несиелік зерттеу, қолданып жатқан кедендік және салықтық жүйелер әсер етеді. Қаржы механизмінің жағдайы несиелік рейтингтің (бағалау, дәрежеге немесе категорияға жатқызу) және оның банктердегі көрсеткіштерін білдіреді. Рейтинг қаржы нарығының даму дәрежесі және соған сәйкес халықаралық капитал нарығынан қаржылар тартуға әсерін тигізеді. Елдің рейтингісі неғұрлым жоғары болған сайын жалпы инвестициялық тәуекелділік төмен (жайлы, ыңғайлы) болады. Шетел инвестициясын таратуға өте үлкен әсер ететін себептер ол ұлттық экономиканың даму деңгейі болып саналады. Қазақстанда дамыған нарықтық инфрақұрылым әлі қалыптасқан жоқ, соның әсерінен күрделі қаржыны кәсіпкерлікке тарту кең таралмағандықтан және жаңа технологияны игеру де баяу жүріп жатыр. Бизнес-климатың бағалауға өндіріс шығыны көлеміне (мөлшеріне, құнына) және жұмыс күші сапасына әсер ететін әлеуметтік жағдай тәртібі маңызды әсер етеді.

Кәсіпорынға қаржыны тартумен байланысты мәселені шешкен жағдайда мыналарды ескерген жөн:

- инвестициялау үлгісін;
- Қазақстан нарығының шетел салымшыларының бағалауын;
- өз кәсіпорнына назар аударту әдісін; инвестициялау сатыларын;
- жобаларды жүргізген жағдайдағы тәуекелдік және олардың минимизациясы;
- жобаларды түрлі салаларда инвестициялау ерекшеліктері.

Инвестицияны тарту аясындағы басты міндет күрделі қаржының сапасын жақсарту, приоритеттік экономика секторын ескере отырып оларды үлестеп бөлу. Депрессивтік аймақтарда, кейіннен, қазіргі уақыттағы тікелей инвестицияны тарту механизміне жүйелі түрде талдау жүргізу қажеттілігін және оны жүзеге асыру ұсынысын әзірлеуді талап ететін мемлекет қызметін белсендіру керек. Кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығының негізгі факторларының бірі болып қажетті капиталдың болуы немесе инвестициялық ресурстар табылады.

Инвестициялық климаттың әлеуметтік жағы қоғамның идеологиялық бірлігі дәрежесіне, жалпы алғанда жиі көрінетін қоғамдық сандық қатынастың жеке меншік сипатын береді. Мемлекеттік саясаттың шетелдік капитал салуына халықаралық келісімдердің дәстүрін сақтауға, қауіпсіздігін сақтауға жекеше рөл атқаруға тиіс. Инвестициялық климат бүкіл күрделі қаржыны қабылдау жүйесін жетілдірудің методологиялық кілті. Ол институттық құрамымен бекітілген және кешенді шара жүйесі деп анықтама беруге болады.

Күрделі қаржыны қабылдау жүйесінің құрылымының негізі төмендегідей бөліктерден тұрады:

- шетелдік күрделі қаржы салуды сенімді құқықтық қамтамасыз ету;
- ақша-несиелік және қаржылық тетігі;
- нарықтық реттеу әдісі;
- қауіпсіздендіру және сақтантыру жүйесі
- елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету механизмі

Сонымен қатар ұлттық экономиканың дамуына шетелдік инвестицияны пайдалану бұл ел экономикасының дүние жүзілік шаруашылық жүйесінде тез қалыптасуын қамтамасыз етеді. Қазақстан қазір шетелдік инвесторлар қызметіне әлеуметтік экономикалық құқықтық ережелер жасап олардың мүделеріне сәйкес инвестициялық климатты өте ыңғайлы жасауға ұмтылып отыр, сонымен қатар өзіндегі (экономикадағы) қиындықтарды шешіп өзінің алдына қойған мақсаттарына жетуді де көздейді. Республикада саясатшылар мен экономистердің пікірінше шетелдік күрделі қаржыны тарту төмендегі проблемаларды шешуге мүмкіндік береді:

- сыртқа шығару мүмкіндігінің артуы;
- оны шикізат сипатынан арылту;
- елдің сыртқа шығару қызметтерін күшейту және сыртқы нарықтағы үлесін арттыру;
- сырттан әкелінетін өнімдерді ауыстыратын өнімдерді дамыту;
- өндірістің ғылыми-техникалық деңгейі, жаңа техника мен технология, басқару әдісін, өнім өткізу арқылы көтеру;
- дайын өнімді шығарудың технологиялық бөлігінің қалыптасуын бітіру, аяқтау;
- артта қалған және тоқырап ыдыраған аудандардың дамуына көмектесу;
- ұлттық экономикада жаңа жұмыс орнын жасау;
- қазіргі заманғы өндірістік және басқару мамандарын оқыту, дайындау тәжірибелерін үйрену;
- Қазақстанның экономикалық өз дербестігін қамтамасыз ету. [3].

Жоғарыдағы айтылған мақсатты белгілерді барлық дамыған және дамушы мемлекеттер пайдаланады. Кейбір жағдайда қаржы министрлігі немесе басқа мекемелер өзінің қалауы бойынша шетелдік үлес қосушыларға жоба жағдайына өзгеріс енгізу, оны бастауды кейінге қалдыру, кейбір жағдайда келісімді талдауды талап ете алады. Бұл саланы жүйелі реттеуші заң шығару кезек күттірмейтін мәселенің бірі.

Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізген күннен бастап экономикалық жағдайды тұрақтандыру, ішкі экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және инвестициялар тарту жөніндегі саясатты белсенді жүргізіп келеді. Қазіргі уақытта жүргізілген реформалардың оң нәтижелерін айқын аңғаруға болады. Елімізге тартылған инвестициялар өндіруші салаларда басымдылықпен дамығаны белгілі. Бірақ экономикалық даму стратегиямыздың өзгеруіне байланысты индустриялық–инновациялық даму жағдайында инвестицияны өңдеуші салада басымдықпен дамыту қолға алынып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Басовский, Л.Е. *Экономическая оценка инвестиций: Учебное пособие* / Л.Е. Басовский, Е.Н. Басовская. – М.: ИНФРА-М, 2013. – 241 с.
2. Турманидзе, Т.У. *Анализ и оценка эффективности инвестиций: Учебник.* / Т.У. Турманидзе. – М.: ЮНИТИ, 2015. – 247 с.
3. Шапкин, А.С. *Экономические и финансовые риски: оценка, управление, портфель инвестиций* / А.С. Шапкин, В.А. Шапкин. – М.: Дашков и К, 2016. – 544 с.

УДК 338:37
МРНТИ 06.71.45

А.Ж. Асанова¹

¹ *Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЕЙ В ПРОФОРИЕНТАЦИОННОЙ РАБОТЕ ВУЗА

Аннотация

В данной статье рассмотрен вопрос продвижения бренда образовательного учреждения и образовательных услуг в Интернет-ресурсах. Предложен метод использования социальных сетей для привлечения широкой аудитории абитуриентов. Использование систем методов дает возможность разносторонне смотреть на объект совершенствования, который помогает продвижению бренда образовательного учреждения и кафедры, как отдельного объекта. Также проведен анализ популярных социальных сетей. Раскрыты понятия скрытой рекламы и контента. Комплексное применение различных подходов к продвижению вуза, планы на будущее развитие и обновление образовательных услуг, подкрепленное маркетинговыми исследованиями

с учетом требований работодателей, их видения и пожеланий относительно профессиональных навыков выпускников, организация рекламной деятельности и продвижение образовательных услуг является главным ключом в повышении статуса образовательного учреждения.

Ключевые слова: профессиональная ориентация, контент, продвижение в социальных сетях, маркетинг образовательных услуг, высшее учебное заведение, бренд.

Аңдатпа

А.Ж. Асанова¹

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУ ЖҰМЫСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

Бұл мақалада интернет ресурстардағы білім беру қызметі мен білім беру мекемелерінде брендті жылжыту мәселесі қарастырылған. Абитуриенттердің ауқымды аудиториясын тарту үшін әлеуметтік желілерді пайдалану әдісі ұсынылған. Білім беру мекемелері және кафедраның бөлек объектісі ретінде брендті жылжытуға көмектесетін әдістер жүйесін қолдануды жетілдіру объектіге жан-жақты қарауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар әйгілі әлеуметтік желілерге талдау жасалған. Жасырын жарнама және контекст анықтамасы ашылған. Білім беру мекемелерінің мәртебесін арттырудағы басты кілт ЖОО дамытуға түрлі көзқарастарды кешенді қолдану, жұмыс берушілердің кәсіби дағдыларын байқау және соған қатысты ұсыныс жасау, білім беру қызметін жаңарту және дамыту жоспарлары болып табылады.

Түйін сөздер: кәсіби бағдарлау, контент, әлеуметтік желілерде жылжыту, білім беру маркетингі, жоғары оқу орны, бренд.

Abstract

Assanova A.Zh¹

*¹Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

THE USE SOCIAL NETWORKS IN THE PROFORIENTATION OF THE HIGHER EDUCATION

This article examines the issue of promoting the brand of an educational institution and educational services in Internet resources. The method of using social networks is proposed to attract a wide audience of entrants. The use of systems of methods makes it possible to look at the object of improvement in a diversified manner, which helps to promote the brand of the educational institution and the department as a separate object. The analysis of popular social networks is also conducted. The concepts of hidden advertising and content are disclosed. Comprehensive application of various approaches to university promotion, plans for future development and renewal of educational services, supported by marketing research, taking into account the requirements of employers, their visions and wishes regarding the professional skills of graduates, organization of advertising activities and promotion of educational services is the main key in raising the status of an educational institution.

Key words: professional orientation, content, promotion in social networks, marketing of educational services, higher educational institution, brand.

На сегодняшний день наблюдается кризис высшего образования, несмотря на усилия педагогического состава вузов. Это связано с двумя причинами: первая демографическая – сейчас идет выпуск из школ как раз молодежи, которая рождалась в трудные года – 90-е годы («дети перестройки»), и вторая причина – все больше молодежи по окончании девятого класса уходит в колледжи и профессиональные лицеи [1]. Но предполагается, что контингент обучающихся все-таки будет увеличиваться с учетом демографической ситуации. По данным экспертов, к 2020 году 80% всех профессий будут требовать высшей квалификации, то есть в мире есть такая тенденция массификации высшего образования.

Сегодня профориентация понимается как деятельность, направленная на помощь в выборе профессии через организацию процесса определения индивидуальным видом трудовой деятельности, в которой он хочет себя проявить; оказание консультационной помощи в осознании им склонностей и способностей к этому виду деятельности; предоставление информации о каналах и средствах приобретения знаний, умений и навыков для овладения профессией.

На сегодняшний день рынок образовательных услуг активно развивается и расширяется. Учебные заведения рекламируют свои образовательные услуги, что способствует конкурентоспособности образовательных учреждений, так как потребители становятся более информированные в вопросах, касающихся выбора образовательного учреждения. Целевая аудитория становится более требовательная. Именно поэтому необходимо особое внимание уделять продвижению образовательного учреждения.

Современные технологии привлечения студентов в вузы позволяют не только увеличить число поступающих в вузы, но и повысить их качественный уровень.

Способы привлечения абитуриентов за счет разовых визитов в школы преподавателей Дни открытых дверей, в последнее время показывают свою неэффективность. Также является неэффективной прямая реклама в интернете. Большой эффект дает скрытая сопутствующая реклама, т.е. когда предлагается контент со встроенной в него контекстной рекламой.

Скрытая реклама – это достаточно большой набор технологий и методов по продвижению на рынок торговой марки, услуги или компании, которые обычно сопровождают прямую рекламу и направлены на достижение оптимальных маркетинговых результатов. При этом используются коммуникации, не входящие в сферу деятельности рекламных агентств. Зачастую средства скрытой рекламы более креативны и эффективны, чем использование прямой рекламы в чистом виде.

Если прямая реклама направлена, главным образом, на увеличение объема продаж, то цель скрытой рекламы – добиться хороших позиций имиджа бренда и отношения к нему потенциальных потребителей и целевой аудитории. Как правило, методы скрытой рекламы используют те рекламодатели, которые уделяют большое внимание прямой рекламе и регулярно работают с реклам-

ными агентствами. Задача агентства, занимающегося скрытой рекламой – предложить определенный комплекс имиджеобразующих мероприятий, направленных на создание узнаваемости торговой марки или продукта при его появлении или продвижении на рынке, а также на укрепление уже существующего имиджа. Кроме того, непрямую рекламу используют в политических кампаниях, в социальных и предвыборных проектах [2].

По определению скрытая реклама – это та реклама, в которой не использован логотип или официальный слоган рекламного заказчика, не показана продукция компании. К скрытой рекламе следует также отнести неакцентированное использование логотипа или продукции компании на фоне главного объекта рекламного сообщения. Некоторые ученые считают, что скрытая реклама оказывает более мощное влияние на аудиторию именно благодаря тому, что прямым объектом влияния на аудиторию становится именно подсознание.

Существует мнение, что термин «контент» означает текстовую часть наполнения страниц веб-сайтов, т.е. несущую основную информационную нагрузку. Однако такая точка зрения не совсем корректна. Фактически вся информация, размещенная на сайтах в Интернете, является контентом. Под это определение попадает текстовое наполнение ресурсов, видеоролики, фотографии и рисунки, аудиозаписи. Все виды рекламы и элементы управления. В итоге у понятия контент получается очень широкое определение.

Наиболее простым ответом на подобный вопрос будет – наполнение сайта и разделение его на различные типы и виды [3].

Назначение контента:

1. Информационный. К этому виду относится контент, полезный для пользователя. Например, описания товаров, новости, различные обзоры, тематическая информация. Этот вид составляет основное наполнение практически любого сайта. И от его качества и полезности зависит и лояльность пользователей к ресурсу, и его популярность.

2. Коммерческий, или продающий контент. К нему относится любая реклама, сообщения об акциях, скидках, а также продающие тексты. И не очень хорошо, когда такой контент занимает большую часть наполнения сайтов. Однако некоторые создатели ставят своей целью максимально быстрое получение прибыли от своего проекта. Как результат, получается ресурс с кучей навязчивой рекламы, всплывающими окнами и бесполезными коммерческими статьями, у которых вряд ли найдутся читатели.

3. Развлекательный. Сюда можно отнести картинки, веселые истории, шутки, интересные факты – все то, что развлекает посетителей, привлекает внимание.

4. Обучающий. Отличный вид контента, позволяющий привлечь внимание посетителей и повышающий «полезность» ресурса. Но не стоит путать обучающий контент со школьными дисциплинами, например, алгеброй или геометрией. Сюда можно отнести такие полезности, как мастер классы, пошаговые инструкции, обучающие видео и т.д. Гармоничное сочетание всех этих

видов контента делает сайт полезным, информативным и популярным у пользователей Интернета [3].

Применение различных подходов к продвижению вуза, планы на будущее развитие и обновление образовательных услуг, подкрепленные маркетинговыми исследованиями с учетом требований работодателей, их видения и пожеланий относительно профессиональных навыков выпускников, организация рекламной деятельности и продвижение образовательных услуг является главным в вопросе повышения статуса образовательного учреждения.

По данным TNS (международная исследовательская группа) в 2016 году социальные сети являются одним из наиболее популярных интернет-ресурсов (около 80%). В зависимости от региона пользователи тратят на социальные сети от 30 до 41% от всего времени, проведенного в интернете. При этом больше времени в социальных сетях проводят жители городов с численностью населения менее 100 тыс. - 41%[4].

Таковы результаты пока не опубликованного исследования, представленные в Астане агентством «Медиа-Систем» в партнёрстве с Brand Analytics: активная месячная аудитория соцсетей – 3,3 млн человек, которые делают в месяц до 45 млн публикаций. Первой по уровню активности соцсетью является ВКонтакте – 1,9 млн авторов, далее идет Instagram – 1,3 млн. В Facebook 126 800 активных авторов, а в Twitter – 16 600. Одним из явных трендов является стремительное увеличение активной аудитории в Instagram, размер которой увеличился по сравнению с весной 2015 года в 6 раз. При этом отмечается уменьшение активной аудитории Twitter.

Сегодня социальные сети сравнялись с традиционными СМИ по уровню влияния на репутацию и корпоративный имидж, считает вице-президент национальной Ассоциации по связям с общественностью Майра Салыкова: «Одна строчка текста, опубликованная на личной социальной страничке частного лица, может оказаться убийственной для бренда. Или, наоборот, в одночасье сделает компанию самой популярной и уважаемой».

Анализ отзывов, обсуждений и комментариев интернет-пользователей даёт оперативную и объективную информацию о том, что реально думают потребители о компании и ее продуктах[5].

За год возросло количество «мобильных» пользователей (использующих мобильные устройства для выхода в интернет) на 48% в городах с населением от 100 до 799 тысяч жителей. Большинство пользователей мобильного интернета (49%) выходят в сеть с помощью смартфонов. Среди тех, кто ежедневно выходят в Сеть 76% составляет молодежь в возрасте от 18 до 24 лет.

Социальная сеть – инструмент, объединяющий по интересам людей, которые генерируют свой контент. С этим контентом необходимо работать при организации маркетинга. Специалист по работе в социальных сетях собирает клиентов в сообщества и вступает с ними в коммуникацию, обсуждение. Традиционные каналы коммуникации неизбежно теряют свою эффективность. Все это заставляет искать новые пути продвижения услуг на рынке и практика

вовлечения абитуриента в общее обсуждение проблемы или услуги становится особенно важной [6].

Развитие сети Интернет и информационных технологий позволило осуществлять работу по продвижению образовательных услуг с использованием образовательных порталов на базе различных инструментов и методов, направленных на привлечение потенциальных потребителей образовательных услуг и формирования имиджа и репутации ВУЗа. Сейчас почти все крупные ВУЗы начали заниматься продвижением своих образовательных услуг с помощью образовательных порталов [6].

Не менее актуальным является создание социальной страницы кафедры, например в Instagram, т.к. ее использование позволяет повысить качество образовательных услуг. Данный ресурс дает возможность получить информацию о сотрудниках кафедры, учебную информацию для студентов, абитуриентов, а также обсудить интересующие темы, посмотреть фото-отчеты с мероприятий и т.д.

Продвижение образовательных услуг включает комплекс мер по продвижению как сайта и портала, так и образовательных услуг в целом в сети. Продвижение в сети существенно отличается от известных нам ранее инструментов (газеты-журналы-радио-телевидение-Интернет) маркетинга и рекламы. В социальной сети мы говорим не о рекламе своих услуг, а обсуждаем с потребителем интересующие его темы, в нашем случае – образование.

Отдельные подразделения ВУЗа (филиалы, институты, кафедры и др.) используют инструмент продвижения – социальные платформы. Необходимо отметить, что сегодня социальные сети стали незаменимым средством коммуникации. Социальные медиа – это технологии и методы, которые позволяют пользователям делиться личными мнениями, контентом (текст, изображения, аудио, видео), а также обмениваться наблюдениями и взглядами. Могут быть выделены следующие цели продвижения вуза в социальных сетях [3]:

- усиление присутствия бренда вуза на социальных платформах; увеличения трафика сайта вуза; усиление положительного имиджа вуза;
- формирование положительного отношения потребителей образовательных услуг.

Немаловажным является для будущих студентов мнение их родственников, друзей, а также школьных педагогов. Поэтому при продвижении вуза через социальные сети желательно придерживаться следующих правил:

- выбор социальной сети должен соответствовать запросам и потребностям целевой аудитории;
- контент в социальных медиа играет самую важную роль (поэтому посты должны быть тщательно выверенными, всегда оставаться политкорректными, предоставлять информацию, бесплатные ресурсы и передовой опыт);
- обновления контентов должны быть частыми и последовательными; все элементы профиля (фон, изображения и сообщения) должны последовательно отражать корпоративную культуру учебного заведения.

Очевидно, что с каждым годом значение продвижения в системе образования будет увеличиваться, что связано с ростом рынка образовательных услуг. Вузы будут конкурентоспособными только при наличии сильного бренда, который предполагает положительный имидж образовательного учреждения и высокий уровень корпоративной культуры. Дальнейшие исследования в области формирования бренда вуза будут чрезвычайно актуальными и востребованными.

Список использованной литературы

1. Ермолаев Ю.В. Некоторые проблемы технического образования // *Современные наукоемкие технологии*. 2005. №1. – С. 53-54.
2. Лухменева Е.П., Калиева О.М. Особенности формирования и продвижения бренда вуза // *Вестник ОГУ*. 2012. №13 (149). – С. 228-231.
3. Родригез М. Значение контента [Электрон.ресурс]. – 2015. – URL: <http://fb.ru/article/163177/kontent---chto-eto-takoe-znachenie-slova-kontent> (дата обращения: 19.11.2017)
4. В Казахстане самые активные пользователи социальных сетей сидят ВКонтакте [Электрон.ресурс]. – 2016. – URL: <https://informburo.kz/novosti/v-kazahstane-samy-aktivnye-polzovateli-socialnyh-setey-sidyat-vkontakte.html> (дата обращения: 19.11.2017)
5. Воробьева А.М. Модели продвижения образовательных услуг в системе интернет-маркетинга // *Журнал СевКавГТИ*. 2012. Вып. 12. – С. 5762.
6. Бакланова Е.М. Эффективный маркетинг образовательных услуг в социальных сетях. *Вопросы современной науки и практики*. 2011. №3(34). – С. 111-115.

УДК 336.71

МРНТИ 06.73.55

А.К. Адельбаева¹

*¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

БАНК ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ МАРКЕТИНГІ

Аңдатпа

Нарықтық экономика жағдайындағы елдердің банк жүйесінің дамуы коммерциялық банктер үшін маркетингтің заманауи тәсілдері мен әдістерін игеру қажеттілігін туындатып отыр. Банк қызметін әмбебаптандыру, банктің күнделікті жүзеге асырып отырған дәстүрлі операциялар шеңберінен шығуы, банктік емес ұйымдармен бәсекелестіктің күшеюі маркетингтік технологияларды қолдануға итермелейді. Бәсекелестік ортада қалыспау үшін банктер жаңа қызметтер мен бизнес түрлерін меңгеріп, бірінші орынға тек қана акционерлердің мүдделерін қоюмен ғана шектелмей, әрбір клиент үшін күресті шығарып отыр. Бәсекелестіктің күшеюі мен банк қызметтеріне деген клиент талаптарының артуына байланысты банктер маркетингке жүгінуіне тура келеді. Сыртқы орта өзгерістеріне бейімделіп, бәсекелестік күресте табысқа жету үшін стратегиялық маркетингтік жоспарлар құрады. Мақалада банктің маркетингтік қызметінің негізі қарастырылған.

Түйін сөздер: банк, маркетинг, зерттеу, нарық, бәсекеге қабілеттілік, клиенттер.

Аннотация

А.К. Адельбаева¹

*¹ Казахский национальный педагогический университет имени Абая
г. Алматы, Казахстан*

МАРКЕТИНГ БАНКОВСКИХ УСЛУГ

Развитие банковских систем стран с рыночной экономикой в настоящее время вызвали необходимость освоения коммерческими банками самых современных приёмов и способов маркетинга. Универсализация банковской деятельности, выход её за границы традиционных операций, усиление конкуренции банков с небанковскими учреждениями способствуют применению маркетинговых технологий. Чтобы выжить в конкурентной борьбе, банкам предстоит осваивать новые услуги и формы бизнеса, выдвигать на первое место не только интересы акционеров, но бороться за каждого клиента. Усиление конкуренции и увеличение требований клиентов к банковским услугам приводят к тому, что все большее число банков обращаются к маркетингу, разрабатывают стратегические маркетинговые планы, чтобы адаптироваться к изменениям внешней среды и обеспечить успех в конкурентной борьбе. В данной статье рассматриваются основы маркетинговой деятельности банка.

Ключевые слова: банк, маркетинг, исследования, рынок, конкурентоспособность, клиенты.

Abstract

Adelbaeva A.K.¹

¹ Kazakh national pedagogical university named after Abai, Almaty, Kazakhstan

MARKETING OF BANKING SERVICES

The development of banking systems of countries with market economies at the present time has necessitated the development of commercial banks, the most modern techniques and methods of marketing. The universalization of banking activities, its output beyond the boundaries of traditional operations, the increased competition of banks with non-banking institutions contribute to the application of marketing technologies. To survive the competition, banks will have to develop new services and businesses, to put forward in the first place not only the interests of shareholders, but to fight for every customer. Strengthening competition and increasing requirements of the customers to banking services lead to the fact that an increasing number of banks are turning to marketing, developing strategic marketing plans to adapt to changes in the external environment and ensure the success of the competition. This article covers the basics of the marketing activities of the Bank.

Key words: Bank, marketing, research, market, competition, customers

Экономикалық мазмұны бойынша банктік маркетинг – клиенттерін қажетті қызмет түрімен уақтылы қамтамасыз етуге бағытталған банктің өндірістік – экономикалық және коммерциялық қызметін кешенді ұйымдастырудың нарықтық формасы. Банк жүйесіндегі маркетингтің ерекшелігі банк өнімінің спецификасына (айырықшалығына) байланысты. Тиімді қызмет ету үшін банктер банк қызметінің кең спектрін ұсыну керек. Заманауи банктік маркетинг банк қызметінің келесідей бағыттарын ерекше көрсетеді:

- жеке клиент немесе фирмаға бағытталған өнім (қызмет) жасап шығару;
- өнімнің (қызметтің) сапасы мен сенімділігі;
- өнімнің өндірістік әлеуеті. Клиент уақытын тиімді пайдалана алуы;
- тез арада ұсыну мен сенімділік;
- банктің ілеспе қызметтері, яғни бағыт-бағдар, кеңес беру;
- банк өніміне қызмет ету, яғни жаңа құжат, карточкалармен қамтамсыз ету, өзгерістер туралы хабарлап тұру;
- жарнамалық қолдау;
- жеңілдіктер беру арқылы бағаларды төмендету, ынталандыру. [1]

Банктің маркетингтің негізгі мақсаты болып клиенттің анықталған талғамына сай банктік қызмет нарығында сұранысты қалыптастыру мен ынталандыру жатады. Бұдан әрі банктік қызмет маркетингінің негізгі міндеттеріне, банктің маркетингтік қызметінің функцияларына, банктік маркетинг түрлері мен заманауи маркетингтік дамуына тоқталып өтпекпін.



Дерек көзі: [2]

Сурет 1. Банктік қызмет маркетингінің негізгі міндеттері

Енді банктің маркетинг қызметінің маңызды функцияларын көрсетейік.




Дерек көзі: [3]

Сурет 2. Маркетингтің функциялары

Банктік маркетингті жүргізудің бірнеше әдістері бар. Ең кең тарағаны болып клиенттермен банктің тікелей араатынас орнатуы жатады. Басқаша айтқанда,

тұрақты клиенттеріне басқа банктерде көрсетілмейтін қызмет түрін ұсыну, әр түрлі жеңілдіктер беру, яғни ерекше сервис көрсету. Клиенттер нақты және потенциалды болып бөлінеді. Банктік маркетингтің түрлеріне нақтырақ тоқталып өтейік.



Дерек көзі: [2]

Сурет 3. Банктік маркетинг түрлері


Белсенді банктік маркетингке тікелей маркетинг, яғни белсенді жарнама, пошта, телефон және теледидарды, сонымен қоса халықтан сұрақ-жауап алу, әлуетті клиентпен тікелей сөйлесу, «фокус - топтар» – жекелеген маркетингтік мәселелерді шешуге арналған банкпен ұйымдастырылған пікірталас клубтарын жасау жатады.

Белсенділігі төмен маркетингке банк қызметі мен жағдайы туралы мәліметтерді, банк қызметінің тиімділігі туралы ақпарат беттеріне жариялау жатады.

Онымен қоса, интерактивті маркетинг бүгінгі таңда кеңінен қолданылуда. Бүкіл көрсетілетін қызметтер мен банк өнімдері туралы ақпаратты банктің ресми сайтынан және тәулік бойына жұмыс істейтін телефондары арқылы алуға болады. Шоттар мен коммуналдық және басқа да қызметтер бойынша төлемдерді қосқанда операцияларды Интернет желісі арқылы жүзеге асыруға болады. Соңғы уақытта СМС – жолдаулар арқылы да клиенттерге жүргізілген операциялардың жекелеген түрлерінен хабардар етуі жиілеп барады. «Банк-Клиент» и интернет-банк жүйесіне де сұраныс артып келеді. [4]

Кез келген банк нарықтағы сынақтарға тез арада жауап беруге дайын конъюктураның өзгерістеріне бейімделетін көптеген әдістерді ойлап шығарды. Ондай әдістердің біріне стратегиялық критерийлер немесе белгілі бір тактика жасау, сондай-ақ, банктің нарықтағы тұрақты орнын сақтап қалуы үшін баламалы нұсқалар ойластырып табуын жатқызаыыз. Банк қызметтерін тиімді жылжыту үшін дәстүрлі Product (өнім), Place (тарату), Promotion (жылжыту), Price

(баға) 4P тұжырымдамасы жетілдірілді. Ол үшін тактикалық маркетингтік құралдар кешені бар банктің маркетингтік стратегиясын жүзеге асыратын жүйе керек, яғни бірнеше маңызды құралымнан тұратын «микс – маркетинг» жүйесі. Нақтырақ төменгі суреттен көре аламыз.



Дерек көзі: [2]

Сурет 4. Заманауи маркетингтік дамуы

Қосымша көрсетілген People – қызмет көрсететін персонал жұмысын бақылау: тиісінше дресс – код, кәсіби біліктілік, ішкі стандарттар т.с.с. Physical Evidence – қызмет көрсетудің материалдық ортасы: офис дизайны, құжаттарда, іскерлік қағаздарда, әр түрлі жарнамалық тасымалдаушыларда фирмалық үлгі элементтерін сақтау. Process – қызмет көрсетудің фирмалық процесі: техникалық жабдықталу, қызмет көрсету жылдамдығы, ақпаратпен қамсыздандыру т.б.

Бүгінгі таңда банктер өз қызметін үнемі тұтынушылар мен клиенттерге өткізіп, үзіліссіз жылжытып отыру арқылы негізгі мақсаттарын жүзеге асырады. Яғни ақпараттық, сендіру және итермелеу. Ақпараттық мақсатқа перспективті тұтынушыларға өнім туралы, қызмет туралы мағлұмат беруді жатқызсақ, сендіру мақсатына тұтынушыға нақты қызмет түрінің артықшылығын алға тарту арқылы таңдау жасату. Ал итермелеу мақсатына тауарды сатып алуды неесе қызмет түрін пайдалануды ертеңге қалдырмай, дәл осы мезетте пайдалануға көндіруді жатқызамыз. Қойылған мақсаттарды жарнама, бірегей стиль, ақпарат тарату, журналдарда жариялар жасау және басқа коммуникациялық қызмет түрлерін пайдалану арқылы жүзеге асырсақ болады. [2]

Тиісінше, банк саласында коммуникациялардың орны ерекше, ол банктің сыртқы ортамен қатынасын орнатады, тұтынушылармен жеке арақатынасын реттейді. Коммуникациялар ақпарат тарату процесіне айналып отыр. Одан бөлек дұрыс бағытталған маркетингтік коммуникациялар тұтынушының өнім немесе қызметке деген оңтайлы көзқарасын тудырады. Өркениетті елдерде онлайн – банкингі пайдалану кеңінен тарап отыр. Интернет – банкинг (онлайн – банкинг) қызметі Интернет желісіне қосылған кез келген құралдардан

(компьютер, ұялы телефон, планшет т.с.с) әлемнің барлық бұрышында дистанционды банктік қызмет алу мүмкіндігін тудырып отыр.

Заманауи маркетинг шеңберінде банк пен клиент арасындағы қатынас өзгеше. Бұрынырақта банк клиенттеріне банк қызметтерінің стандартты түрлерін ұсынса, бүгінгі таңда үлкен кәсіпорын, кішігірім мекеме немесе жекелеген тұлғаларға арналған банк өнімінің жаңа түрлерін жасап, ұсынып отыру қажеттілікке айналып отыр. Осы орайда банктік маркетинг тұжырымдамасын қолдану керек деп есептеймін.

Банктік маркетинг концепциясын алғашында 1950 жылы АҚШ-та жасап қолдана бастаған, ал Батыс Еуропа елдерінде бұл қажеттілік кейінірек 1960 жылдардан бастап ене бастады. Банктер назарын қызмет көрсету саласына максималды түрде бұрып, клиентті банкке нақты айтқанда байлап қойғысы келді. Маркетингті жаңа технология ретінде емес, философия ретінде қарастыра бастады. [5]

Банк сипатына (көлемі, қызмет ерекшелігі және т.б.) және мақсаты мен міндеттеріне байланысты маркетингтік тұжырымдама таңдалады. Банктік кәсіпкерлікте банктік тұжырымдаманың келесідей түрлері қолданылады:

➤ өндірістік немесе банктік технологияларды жетілдіру тұжырымдамасы. Ол дегеніміз клиенттер банкті таңдағанда баға жағынан қымбат келмейтін қолжетімді қызмет түрлеріне қарай таңдайды. Бұл тұжырымдаманы қолданатын банктер табысы орташа топтарға тиімділігі жағынан жоғары дәстүрлі қызметтерін ұсынады.

➤ Өнімділік, яғни банктік қызметтерді жетілдіру тұжырымдамасы. Бұл тұжырымдаманың негізгі принципі тұтынушыларға дәл осы қызметті немесе өнімді басқа бәсекелестердің ұсынған қызмет түрінен тиімді шарттарда ұсыну. Бұл тұжырымдаманы ұстанатын банктер көбіне қымбаттау, бірақ ерекше, жеке-лей, тіпті бірегей қызмет түрін ұсынуға талпынады.

➤ Сауда тұжырымдамасы немесе коммерциялық күштерді ынталандыру тұжырымдамасы. Ол бойынша өнімді көп көлемде өткізу үшін маркетингтік зерттеулер жасап, белсенді ақпараттандыру мен жарнамаға ерекше назар аударады. Бұл тұжырымдаманың негізгі әдісіне банктермен сақтандыру компанияларын, лизинг компанияларын ашу арқылы жан-жақты кеңестер беру, ноу-хау қызметтерін ұсыну жатады.

➤ Дәстүрлі маркетингтік тұжырымдама. Бұл тұжырымдама сәйкес банк қызметін тұтыну көлемін халықтың жекелеген әлеуметтік топтарының сұранысын ынталандыру мен қажеттіліктерін анықтап, талдау арқылы қамтамасыз етуге болады. Басқаша айтқанда, маркетинг банктің белгілі бір қызметіне деген ұсыныс пен сұранысты зерттеуден басталу керек және содан кейін барып оларды өткізу немесе жылжыту бойынша ұсыныстар жасалу керек.

➤ Әлеуметтік – этикалық тұжырымдама. Ол банк философиясы, идеологиясы мен стратегиясы және саясаты жалпыадамгершілік басымдықтарға негізделуі тиіс. Кейде бұл тұжырымдаманы «адамға бағытталған» немесе «интеллектуалды тұтыну» тұжырымдамасы деп атайды. Ол 80 жылдардың басында

калыптасқан. Бұл тұжырымдаманың баламасы ретінде 7 – С тұжырымдамасын айтсақ болады. Онда маркетинг құралдары арқылы тұтынушылар мен өндірушілердің, жалпы алғанда қоғамның мүдделері арасында тепе-теңдік бар. [6]

Соңғы кезде қаржы нарығында күрт өскен бәсекелестік әсерінен және банк пен клиентер арақатынасындағы өзгерістер, банк қызметі маркетингінің мәні мен мақсатын айқындап, оның маңыздылығын көрсетіп отыр. Қорыта айтқанда банктік маркетинг басшылардан бастап төменгі буындағы қызметкерлеріне дейін барлық бөлімшелерінің белсенді жұмысын терең, әрі жан-жақты зерттеу, дайындықты талап ететін банктің стратегиясы мен философиясы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1. Тулембаева А.Н. Банковский маркетинг: Учебное пособие/ А.Н.Тулембаева. – Алматы: Триумф «Т», 2007. – 446 с.*
- 2. Маркетинг банковских услуг на примере ОАО "Сбербанк России" / Е.А. Грахова, К. О. Прудникова // Проблемы управления рыночной экономикой : межрегиональный сборник научных трудов /Национальный исследовательский Томский политехнический университет (ТПУ) ; под ред. И.Е. Никулиной ; Л.Р. Тухватулиной ; Н.В. Черепановой. [Электронный ресурс] – 2014. – Ч.1. – [С.18-27]. URL: <http://www.lib.tpu.ru/fulltext/c/2013/C53/004.pdf>. (Дата обращения 25.11.2017)*
- 3. Афанасьева Н.Э., Штоль В.А. Банковский маркетинг: его специфика и влияние на успешность банка. [Электронный ресурс]. – 2016.- URL: <http://ego.uapa.ru/en/issue/2016/02/2/>. (Дата обращения 25.11.2017)*
- 4. Адельбаева А.К. Банктік маркетинг және оның қажеттілігі // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия. Экономическая . № 1 (43), 2015. – С 81-82.*
- 5. Курбанова Т.И. Необходимость формирования стратегии развития банковского маркетинга в рамках банковской концепции маркетинга, индивидуальной для каждого Казахстанского банка // Вестник КазНПУ 2011 № 1 (27). – С.48*
- 6. Концепция маркетинговой деятельности в банковском предпринимательстве. [Электронный ресурс]. – 2017.- URL: <http://bankworks.ru/view-article>. (Дата обращения 25.11.2017)*

А.Ж. Курмантаева¹

¹ *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТЕРДІ ҒАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МЕНШІККЕ САЛЫНАТЫН САЛЫҚТАРДЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада жергілікті бюджеттерді қалыптастырудағы меншікке салынатын салықтарды жетілдіру жолдары, атап айтқанда меншіктік салықтардың реттеушілік және фискалдык қызметтерінің рөлі мен маңыздылығы, салық салу механизмінің теориялық және практикалық проблемалары қарастырылған. Елімізде салық жүйесінің ашықтығын, салық салудағы бейтараптықты, салықтық әкімшілендірудің қарапайымдылығы мен тиімділігін қамтамасыз етіп, экономиканың сапалы дамуы үшін ынталандыру жүйелерін құру өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сонымен бірге, Қазақстандық тәжірибеде меншіктік салықтардың реттеушілік және фискалдык қызметтерінің рөлі мен маңызы өз дәрежесінде бағаланбай келеді. Сондықтан меншікке салынатын салықтардың проблемаларын шешуге бағытталған іс-шаралар өзекті болып табылады. Біздің салық жүйеміз отандық өндірушілерді ынталандыруы қажет, себебі, әлемдік тәжірибе көрсеткендей, экономиканың өсуі шағын және ірі бизнестің дамуына байланысты болады.

Түйін сөздер: меншікке салынатын салықтар, экономиканың сапалы дамуы, салық жүйесі, салық механизмінің элементтері, салық ставкалары, бюджет.

Аннотация

А.Ж. Курмантаева¹

¹ *Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

ПУТИ ПОВЫШЕНИЯ НАЛОГА НА ИМУЩЕСТВО В ФОРМИРОВАНИИ МЕТНОГО БЮДЖЕТА

В данной статье рассматриваются пути повышения налога на имущество в формировании местного бюджета, то есть значимость и роль фискальной и регулирующей функции налогов на имущество, а также рассмотрены теоретические и практические проблемы механизмов налогообложения. Формирование системы стимулирования для качественного развития экономики, обеспечивая эффективность и простоту налогового администрирования, нейтральность в налогообложении, прозрач-

ность налоговой системы страны является одной из актуальных проблем. А также в Казахстане практически не достаточно оцениваются значение и роль фискальной и регулирующей функции налогов на имущество. Поэтому мероприятия, направленные на решение проблемы налогов на имущество является актуальной. Наша налоговая система должна стимулировать отечественных производителей. Как показывает мировой опыт, развитие экономики зависит от развития малого и крупного бизнеса.

Ключевые слова: налог на имущество, качественное развитие экономики, налоговая система, элементы налогового механизма, налоговые ставки, бюджет.

Abstract

Kurmantaeva A. ZH¹.

*¹Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

WAYS TO RAISE PROPERTY TAX IN THE FORMATION OF A METICULOUS BUDGET

In this article, ways of increasing the property tax in the formation of the local budget are considered, that is, the significance and role of the fiscal and regulatory functions of property taxes, as well as theoretical and practical problems of taxation mechanisms. Formation of incentive system for qualitative development of the economy, ensuring efficiency and simplicity of tax administration, neutrality in taxation, transparency of the country's tax system is one of the urgent problems. And also in Kazakhstan, the value and role of the fiscal and regulatory function of property taxes are not sufficiently estimated. Therefore, measures aimed at solving the problem of property taxes are topical. Our tax system should stimulate domestic producers. As the world experience shows, the development of the economy depends on the development of small and large businesses.

Key words: Property tax, quality development of the economy, the tax system, elements of the tax mechanism, tax rates, budget.

Мемлекеттің тұрақты өмір сүріп, одан әрі дамуының басты кепілдері ретінде бірнеше факторларды атап өтуге болады, сол тізімнің бас жағында «Салық» ұғымы тұрады. Ұлттық табысты қайта бөлудің басты қаржылық құралына айналып отырған бұл міндетті төлемдер мемлекеттік кірісті қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Салық жүйесінсіз ұлттық экономиканың әлемдік деңгейде бәсекеге қабілеттілігін арттыру тым қиынға соғатыны сондықтан.

Әлемдегі 200-ден астам елдің барлығы дерлік өзінің салық механизмін пайдаланып, ішінара салық саясатын өзгерте отырып, экономикалық өсімге қол жеткізіп отыр. Мемлекеттің салықтық реттеуі қолайлы бизнес-климат жасауға тікелей ықпал етіп, инновациялық қызметті дамытуға жол ашады.

Елімізде салық жүйесінің ашықтығын, салық салудағы бейтараптықты, салықтық әкімшілендірудің қарапайымдылығы мен тиімділігін қамтамасыз

етіп, экономиканың сапалы дамуы үшін ынталандыру жүйелерін құру өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Себебі ғылыми негізделген, шынайы өзгерістерді бейнелейтін және жүйелі түрде реттейтін салық жүйесі экономикалық процестерге оң ықпал етіп, жағымсыз жағдайлардың орын алуына жол бермей, қоғамда өркениетті құқықтық қатынастарды нығайта түседі. Қазіргі қолданыстағы салық жүйесінде салық ауыртпалығы негізінен заңды және жеке тұлғалардың табыстарына көбірек түсуде. Бұған табысқа салынатын салықтан түскен түсімдердің меншікке қатысты салықтардан түсетін түсім мөлшерінен бірнеше есе жоғары болуы әсерін тигізуде. Сол себепті бюджеттің кіріс көзінің басым бөлігін құрайтын, дәстүрлі салалардың табысына салынатын шектен тыс салық ауыртпалығының бір бөлігін бүгінгі күні салық жүйесімен мүлде ескерілмей келген меншіктен түсетін кіріс түрлеріне аударған жөн.

Меншік басқа салық салу объектілермен салыстырғанда салық салудың барынша тұрақты объектілерінің бірі – меншікке салық салу оны барынша тиімді пайдалануға ынталандырады, мүлікті салық салудан жасыру мүмкін емес.

Меншікке салықтарды жергілікті деңгейде қолдану салықтың негізгі функциялары – фискалдық, реттеушілік және бақылау қызметтерін айтарлықтай дәрежеде көтеруге мүмкіндік береді. Меншікке салынатын салықтар әлемнің көптеген елдерінде салық жүйесінің құрамдас бөлігі бола отырып, олар жалпы мемлекеттік кірістердің құрамында айтарлықтай жоғары орын алады және көптеген мемлекеттердің жергілікті бюджеттерінің негізі болып табылады. Олар жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қаржы көздерін жақсартудың ең негізгі құралы болуымен қатар, өндірістің ұлғайып дамуына да оң ықпалын тигізеді.

Меншікке салық салудың қажет екендігіне негіз болатын бірнеше объективті факторлар бар [1].

Біріншіден, меншікке салынатын салықтар сараланған рента түрінде алынатын кіріс көзі ретінде қарастырылады. Бұл рента бойынша меншікті иеленудің өзі табыс алу үшін қолайлы жағдай туғызады, яғни меншікті иеленуден, сондай-ақ оны пайдаланумен байланысты қызметпен айналысудан табыс алуға болады. Демек, меншікке салынатын салықтар арқылы меншікті иелену және оны пайдаланудан алынған рентаның белгілі бір бөлігін қоғамға қайтаруға болады. Мемлекеттің меншік иелерінің қызметін реттеу саласындағы билігі ауқымды, яғни мемлекет мүлікті белсенді түрде пайдаланбай-ақ, оны иелену құқығына барынша жоғары ставка бойынша салық сала алады немесе өз меншігін тарту не пайдалану құқығын басқаларға беру (жалгерлік) арқылы меншікті иеленудің әрекетсіздік жағдайынан белсенді шаруашылық қызметіне көшкен тұлғаларға салық жеңілдіктерін бере алады.

Екіншіден, меншік иелерін қорғау мақсатында ішкі тәртіпті сақтау, қорғаныс және т.б. қамтамасыз ету бойынша тұтастай бір мемлекеттік қызмет түр-

лері көрсетіледі. Мемлекет шығындары меншіктің нақты құнынан жоғары болғандықтан, салық салу жүйесі арқылы меншік иелері салықты төлеуге тиіс. Оның үстіне, мұндай мемлекеттік қызметтер қоғамдық тауар болғандықтан, оларға есептен шығару принципі қолданылмайды, сондықтан меншік иелеріне бұл қызметтерді төлеуде дербестендірілген тәсіл қолданылуы мүмкін емес. Бұл жағдайда, сіздің меншігіңіз шалғайда орналасқан ба, әлде орнықты жеке-жайыңыз астанада ма, оған қарамастан мемлекет сіздің мүлкіңізді қорғаумен байланысты қызмет көрсету ауқымын шектемейді. Бірақ, дәулетті адамдар бұл көмекті көбірек қажет ететіндігі даусыз, соған қарамастан мұндай факт басқаларға оны көп мөлшерде алуға негіз болмайды. Басқаша айтқанда, меншікке салық салу үшін меншікті иелену фактісі жеткілікті болып табылады.

Үшіншіден, меншікке салынатын салықтар табыс салығынан жасырылған табыстарды айқындауда бақылау құралы болуы мүмкін. Салық заңынан тысқары алынған табыстар, қалай болғанда да, салық салу объектісі болуға тиіс меншіктің нақты бір түріне заттандырылады. Табыс және меншік салықтары өзара өте тығыз байланысты. Меншік салықтары ұзақ уақыт бойы табысқа салық салудың құрамдас бір бөлігі болып келді, бірақ табыс салықтарының дамуы барысында бара-бара оқшауланды. Алайда олар дербестеніп бөлінгенімен, табыс салықтарымен байланыс мүлдем үзілген жоқ, өзара байланыс қайта күшейе түсті. Бұл салықтардың реттеушілік функциялары бірыңғай – мүліктік сараланудың төмендеуі ретінде анықталады. Мұндай мақсаттың табысқа салық салу арқылы жүзеге асырылуы қолайсыз жағдай тудыруы мүмкін, ал меншік салықтары табыс салығына ішінара толықтаушы бола отырып, мемлекеттің табысты теңестіру саясатын жүзеге асыруға көмектеседі. Меншікке салынатын салықтар әлеуметтік әділеттілік көзқарасы тұрғысынан салық салудың ең тиімді нысандарының бірі болып табылады және көп жағдайда табыс салығының «әділетсіздігінің» орнын толтырады. Мемлекет тұлғаның барынша жоғары табыс алуға деген ынта-жігерін төмендетпеу мақсатында табыс салығының шамадан тыс жоғары үдемелі ставкасын белгілемейді, яғни ол еңбекке деген ынтаны түсірмейтіндей ставкаларды белгілейді. Мұндай жағдайда азаматтардың әл-ауқаты деңгейінде пайда болған теңсіздік меншік құнының жоғарлауына қарай артатын меншікке салынатын салықтарды қолдану арқылы азаяды.

Қазақстан Республикасындағы жергілікті бюджеттің кіріс бөлігіндегі салықтық түсімдердің ішінде меншікке салынатын салықтардың үлесі 15,3% құрайды.

Қазақстандық тәжірибеде меншіктік салықтардың реттеушілік және фискалдық қызметтерінің рөлі мен маңызы өз дәрежесінде бағаланбай келеді. Сондықтан меншікке салықтардың проблемаларын шешуге бағытталған іс-шаралар өзекті болып табылады.

Соңғы он жылдың ішінде Қазақстанның салық жүйесі тұрақты түрде жетілдіріліп отырды. ҚҚС, ұжымдық табыс салығы, әлеуметтік салық пен жеке табыс салығының ережелері қайта қаралып, түзетілгенін осы бағыттағы жемісті жү-

мыстардың бірі ретінде атауға болады. Қазақстанның салық жүйесі, бірқатар шетелдік сарапшылардың пікірінше, ТМД елдері арасындағы ең оңтайлысы болып есептелгенмен, салада түйіні шешілмей келе жатқан мәселелер баршылық. Айталық, меншік салығын (жер салығы мен заңды және жеке тұлғалардың мүлік салығы) ұстау механизміне байланысты нақты проблемалар туындап отыр. Оның үстіне, Қазақстанның қолданыстағы заңнамасы бойынша жер салығы жер учаскелерін пайдалану мақсатына қарай ұсталады. Мамандардың пікірінше, қазіргі жер салығын есептеу механизмі тиімсіз. Мұндағы ең басты кемшілік – жаһандану жағдайындағы жер құнының нарықтық бағасы мен оның рөлі есепке алынбай келеді.

Мүлік және жер салығының көлемі субъектілердің қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне байланысты емес. Олардың салыстырмалы тұрақты салық базасы бар. Экономиканың өсіп, халықтың тұрмыстық деңгейі жақсаруына байланысты, жылжымайтын мүлік саны мен бағасы тұрақты өсіп отыратыны заңды құбылыс. Ал бюджетке негізгі кірісті келтіретін бұл екі салықтың үлес салмағы өте төмен және жылдар бойы өзгеріссіз қалады. Жер учаскелері заңды және жеке тұлғалардың меншігі ретінде жеке кәсіпкерліктің негізгі табыс көзі екені белгілі. Сондықтан, бүгінде жеке және заңды тұлғалар төлейтін жер және мүлік салығының көлемі, біздіңше, нарықтық экономика талаптарына жауап бере алмайды.

Салық төлемдерінің бюджетке толық көлемде түсуінің алуан әдістерін қолданып қадағаламайынша құқықтық мемлекет болуға бағдар ұстап отырған еліміздің бұл бағытта табысты қадамын қамтамасыз ету мүмкін емес.

Салықтық түсімдер мен бюджетке төленетін басқа да төлемдер бойынша, соның ішінде мүлік салығын есептеу және төлеу механизмін жетілдіру барысында бойынша салық комитетінің тарапынан атқарылып жатқан жұмыстар да жеткілікті.

Қазір шығынмен жұмыс істейтін, салықтарды, басқа төлемдерді төлеуге қабілетсіз кәсіпорындар қатары сиремеуде.

Осы орайда, салық комитеті салықтан қарызы көп кәсіпорын-мекемелердің есеп шоттарын жауып, қаржы түскен бойда бюджетке алып отыр. Бұл өзің отырған бұтақты кескенмен тең. Жалпы өндіріс дамымай қай саланың да жағдайы оңбайды. Өндіріс жүрсе салық та молаяды. Сондықтан жоғары жаққа олардың есепшоттарына түскен қаржының тең жартысын өздерінде қалдыруға ұсыныс жасалып отыр.

Жалпы қалада базалық салаларда өсім бар. Бұрынғыға қарағанда көрсеткіштер бойынша өсім байқалуда.

Алайда, ірі салық төлеуші кәсіпорындар тоқтап тұр, кәсіпорындардың есеп шоттары жабылып, ақша төлемдері қазынашылық қадағалаумен өтеді. Әрине, бұл жетіскендіктің нәтижесі емес. Алайда, ең бірінші кезекте салық төлемдерін жинаудың басқаша мүмкіндігі болмай отыр. Жеке тұлғалардан, базарлардан,

мекемелерден, май құю станциялары сияқтылардан түсетін салықтар ерекше өзгеріс жасай алмайды.

Жаһандану жағдайындағы әлемдік тәжірибе мен салық жүйелерінің ықпалдастығын ескерсек, Қазақстандағы мүлік және жер салығын салу жүйесін реформалау қажет. Заңды және жеке тұлғалардан ұсталатын мүлік салығын жетілдіру жұмыстары мүлік салығын салудан жылжымайтын мүлік салығына көшуге бағытталуы тиіс. Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуында айтарлықтай айырмашылықтың болуына байланысты, жеке және заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер, шағын бизнес субъектілері үшін жылжымайтын мүлік салығын анықтауда сараланған мөлшерлеме пайдаланылғаны жөн [2].

Салық механизмінің элементтері салықтық жоспарлау мен болжау, шешімді қабылдау және өңдеулер жүйесінде негізгі элементтер болып табылады.

Салықтық жоспарлау мен болжаудың негізгі мақсаты - бюджеттік тапсырмалардың сандық және сапалық көрсеткіштердің экономикалық негізін қамтамасыз ету және салық концепцияларының заңдық тәртібіте қабылданған және өңдеулерден елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету.

Әртүрлі деңгейдегі бюджеттерге нақты салықтық түсімдердің есебіне үш принципіалды мағыналы қондырғылар үлкен маңызға ие.

1. Салық төлеуші мен бюджет арасындағы қарым-қатынастардың негативті және позитивті жақтарын жекелеп талдау;

2. Салықтық-бюджет жүйесінде факторлық талдауды жүргізу, оның мақсаты жалпы салық жүйесінің әсерін, жекелеген салық түрлерінің қаржы-шаруашылық көрсеткіштеріне, керісінше тиімділігін көрсету;

3. Экономикалық фискалды, бюджеттік және салықтық құбылыстардың пайда болу мүмкіншіліктеріне болжамды баға беру, салық төлеуші мақсатымен бюджет мақсаты арасындағы алшақтық. Оларды толық жою немесе сәйкестендіру мақсатында кешенді шараларды өңдеу.

ҚР Салық кодексі оның либералды салық салу жүйесінің болуы Қазақстан үшін маңызды және әлемдік салық салу жүйесінде өзін танытып, халықаралық кәсіпкерлерді тарту үшін қолайлы салықтық және инвестициялық ахуалды жасап, біздің елге тарту болып табылады.

Шетелдік инвестицияларды Қазақстан экономикасына тарту үшін, салық жүйесін бәсекеге түсе алатындықтай жоғарылату үшін үлкен шаралар қабылданып, жасалуда.

Негізінен, ол еліміздің экономикасына қосымша шетел инвестициясын тартуға, халықаралық капитал мен ұйымдастырылған бизнес (кәсіпкерлік) түрін тартуға бағытталған. Егер бұрын мемлекетіміз ішкі мәселелерді шешуге бағытталған болса, енді Қазақстан қазір дүниежүзілік салық жүйесіндегі орнына көзқарасын түбегейлі қайтадан қарастырды және өзінің сыртқы салық жүйесінің саясатының бағытын айтарлықтай өзгертті.

Қазақстан Республикасының салық жүйесінің қызмет етуін талдап зерттегенде, салық салу механизмінің теориялық және практикалық проблемалары әлі шешілмегені анықталды.

Салық механизмінің тиімсіз аспектілерінің бірі негізінде салық жинау проблемалары жатыр. Соңғы жылдары осы проблемаларды шешу мемлекеттің салық саясатының басты мәселенің бірі ретінде саналады.

Қазіргі таңда салық ставкалары жоғары екені бәріне белгілі. Олардың анықталуы кезінде тапшылықта тұрған кәсіпорындардың мүмкіншілігін ескермейді. Негізінен, басқа елдердің қолданылып жүрген ставкаларын қабылдайды, бірақ сол елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын, халықтың өмір сүру деңгейін ескермейді.

Салық механизмінің маңызды бір бағыты ТМД елдерімен және басқа елдермен ақпарат алмастыратын жүйе құру қажет. Ол Қазақстан Республикасынан тыс жерде жұмыс істейтін жеке тұлғалардың табысын анықтап отыру үшін және салықтардан жалтартпау үшін белгілі бір жағдай жасау керек.

Ішкі инвестицияларды ынталандырмайынша экономиканы көтеру мүмкін емес. Сол сияқты Қазақстан Республикасының салықтық қарым-қатынастарды жаңғыртудың басты бағыттарын болжамдайды:

- Қазақстан Республикасының Парламент Мәжілісіне салықтық және кедендік заңдарды жаңғырту мақсатында маманды ассоциация және қоғам ұйымдарының өкілдері, заңгерлер, аудиторлардан тұратын тәуелсіз байқауларды тартуда комиссия құруды ұсынады;

- қаржы тапшылығына байланысты отандық және шетел инвесторлары мен өндірушілерін қолдауға бағытталған салық және кеден ісі жөнінде жұмыстарды жүргізу жүйесін құрастыруды ұсыну;

- Қазақстан Республикасының Үкіметіне салық және кеден заң актілерін жаңғырту жұмыстарын жүргізген кезде максималды түрде кәсіпкерлердің, тәуелсіз аудиторлардың, қоғамдық бірлестіктер мен құрылымдардың жұмыс тәжірибиесін ұсыну. [3]

Егер осы айтылған ұсыныстар іске асырылса, онда Қазақстан Республикасының салықтық қарым-қатынастары жақсы дамиды.

Қазіргі кезде Қазақстанда өндірістің дамуына ғана емес, сонымен бірге кезкелген бизнестің дамуына жақсы жағдайлар жасалған. Бүгінгі таңда шағын және ірі бизнеспен айналысатын кәсіпкерлер келесідей негізгі проблемалармен қақтығысады: салықтар, заңдылықтардың тұрақсыздылығы, мемлекеттік органдардың қайшы келуі, сот жүйесінің дамымауы, несие берудің аздығы, қылмыс. Яғни, шағын және ірі кәсіпорындарға, жеке кәсіпорындарға салық жеңілдіктерін енгізу қажет.

Экономиканың тұрақтылығының жоқ болуы, өндірістің төмендеу жағдайларында белгілі бір қызмет түрлеріне салық каникулын, салықтық несие, салықтық жеңілдіктерін беру арқылы ынталандыру қажет. Біздің салық жүйеміз отан-

дық өндірушілерді ынталандыруы қажет. Өйткені, әлемдік тәжірибе көрсеткендей, экономиканың өсуі шағын және ірі бизнестің дамуына байланысты болады.

Түйіндей келгенде, салық жүйесі де тірі организм секілді. Оны тұрақты түрде жетілдіріп, реформалап отыру қажет. Мемлекеттік бюджеттің 70 пайызын салықтар құрайтынын ескерсек, тіпті, бұл заман талабынан туындап отырған қажеттілік екенін аңғару қиын емес. Ал заңды түрде белгіленген сол салықтарды, алымдар мен өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркімнің мемлекет алдындағы борышы әрі міндеті екенін ұмытпауға тиіспіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Нұржанова Б.Т. Салық органдарының бақылауы қызметі: Оқу құралы. / Нұржанова Б.Т. 2-басылым. – Астана: Фолиант, 2013. – 120 б.
2. Нұрымов А. А., Исаева А. Т. Салық әкімшілігі: Оқу құралы / А.А. Нұрымов, А.Т. Исаева. – Астана: ҚазЭҚХСУ, 2012. – 316 б.
3. Сабельников Л.В., Зотов Г.М., Чеботарева Е.Д. Налогообложение в Европе: учебник / Л.В. Сабельников., Г.М.Зотов., Е.Д. Чеботарева.– М., 2015. – 201 с.

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕ ТЕОРИЯ И МЕТОДОЛОГИЯ

Иманбердиев Б.Д., Маткаримова Л.К. Конкурентоспособность Казахстана в системе глобальных трендов.....	3
Imanberdiev B.D., Matkarimova L.K. Kazakhstan's competitiveness in the global trends	
Адиетова Э.М., Альдешова С.Б., Пұсырманова А.Б. Адам капиталын бағалаудың әдістемелік негіздері.....	11
Adiyetova E.M., Aldeshova S.B., Pussyrmanova A.B. Methodological bases assessment of the human capital	
Исаева А.Т. Қазақстан Республикасының қазіргі таңдағы жоғары оқу орындарының рейтингі.....	23
Isaeva A.T. Rating rate of higher educational institutions of republic of Kazakhstan	
Джубалиева З.У., Кумісбек А. Технологии продвижения брендов.....	35
Dzhubaliev Z.U., Kumisbek A. Brand promotion technologies	
Файзуллина С.А., Спанова А.С. ҚЕХС сәйкес ұйымдардағы	

қаржылық есептілікті ұсыну.....	45
Faizullina S.A., Spanova A.S. Provision of financial statements in accordance with IFRS	
Джакишева У.К. Методология, теория и практика бухгалтерского учета в условиях модернизации экономики Казахстана.....	51
Dzhakisheva U.K. Methodology, theory and practice of record-keeping in the conditions of modernisation of economy of Kazakhstan	
Кошкарбаев К.У., Есенгулова Г.М. Экономическая сущность банковского менеджмента.....	58
Koshkarbaev K.U., Yessengulova G.M. Economic essence of banking management	
Кошкарбаев К.У., Нуртай Е. Экономическая сущность финансовых рисков.....	64
Koshkarbaev K.U., Nurtai. Economic essence of financial risks	
Телагусова Э.О., Орақов Н.Н. Банктік өнімдер маркетингі ерекшеліктері және оның банк қызметіне әсері.....	74
Telagusova E.O., Orakov N.N. Peculiarities of marketing banking products and its influence on the activities of the bank	
Оралбаева Ж.З., Төлеген Г. Жеке тұлғалардың табыстарына салынатын салықтардың экономикалық мәні.....	82
Oralbaeva Zh.Z., Tolegen G. Economic essence of taxes on individual income	
Файзуллина С.А., Лесбай Г.Г. Теоретические основы учета товарно-материальных запасов.....	90
Faizullina S.A., Lesbay G.G. Theoretical aspects of accounting and audit of inventories	
Телагусова Э.О., Алсеитова М. Мемлекеттің салық саясатының экономикадағы алатын орны мен маңызы.....	99
Telagusova E.O., Alseitova M. Place and importance of the tax policy of the state in economic development	
Файзуллина С.А., Бекова Р.Ж. Конкурентоспособность казахстанских сетевых предприятий розничной торговли	104
Fayzullina SA., Bekova R.Zh. Competitiveness of Kazakhstan networking enterprises of retail trade	

МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ РЕТТЕУ МАКРОЭКОНОМИЧЕСКОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ

Байбуриев Р.М., Ақтымбаева А.С., Плохих Р.В. Оценка мультипликативного эффекта развития экологического туризма в Казахстане...	113
Baiburyiev R.M., Aktymbaeva A.S., Plokhikh R.V. Evaluation of multiplicative effect of ecological tourism development in Kazakhstan	

Исаева А.Т. Қазақстан Республикасында шағын және орта бизнеске талдау және оның динамикасы.....	122
Isaeva A.T. Analysis and dynamics municipality for business Kazakhstan	
Оралбаева Ж.З., Әбділда Ж. Аудиторлық қызметтің өзіндік құнын қалыптастыру ерекшеліктері.....	136
Oralbaeva Zh.Z., Abdilda Zh. Features of formation of the cost of auditing services	
Абиева С.Н., Ермек Ж.Е. Ұйымның қаржы шаруашылық қызметін талдау.....	144
Abieva S.N., Yermek Zh.E. Analysis of the financial and economic activities of the organization	
Оралбаева Ж.З., Жайлау Б. Қосылған құн салығының пайда болуының алғы шарттары, оның мәні мен маңыздылығы.....	150
Oralbaeva Zh.Z., Zhaylau B. Prerequisites for the appearance of value added tax, its essence and meaning	
Канабекова М.А., Жақсыбай А.М. Концепция управления персоналом на предприятии.....	157
Kanabekova M.A., Zhaksybay A.M. Concept of personnel management on enterprise	
Джубалиева З.У., Чжу Баолэй. Особенности развития рынка рекламы.....	164
Dzhubalievа Z.U., Zhu Baolei. Features of the advertising market development	
Оралбаева Ж.З., Жалынов Е.Е. Учет кредитных операций в коммерческих банках Республики Казахстан и пути его совершенствования.....	173
OralbaevaZh. Z.,Zhalunov E. Accounting of credit operations in commercial banks of the Republic of Kazakhstan and ways of its improvement	
Азбергенова Р.Б., Цзяо Ши. Организация страхования в зарубежных странах.....	180
Azbergenova R.B., Jiao Shi. Organization of insurance in foreign countries	
Телагусова Э.О. Қазақстан Республикасында индустриалды-инновациялық даму басымдылықтары.....	190
Telagusova E.O. Priorities of industrial-innovative development of Kazakhstan	

ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ МІНБЕСІ ТРИБУНА МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ

Курмантаева А.Ж. Мемлекеттік секторларға инвестицияны тарту механизмдері.....	196
Kurmantaeva A.Zh. The mechanisms for attracting investments in the	

public sector

Асанова А.Ж. Использование социальных сетей в профориентационной работе вуза.....	206
Assanova A.Zh. The use social networks in the proforientation of the higher education	
Адельбаева А.К. Банк қызметтерінің маркетингі.....	212
Adelbaeva A.K. Marketing of banking services	
Курмантаева А.Ж. Жергілікті бюджеттерді қалыптастырудағы меншікке салынатын салықтарды жетілдіру жолдары.....	219
Kurmantaeva A.Zh. Ways to raise property tax in the formation of a meticulous budget	

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

«Экономика» сериясы
Серия «Экономическая»
«Economic» series
№ 4 (54)

Басуға 01.02.2018 қол қойылды. Пішімі 60x84^{1/16}.
Қаріп түрі «Times New Roman». Riso басылым. Сықтывқар қағазы.
Көлемі 14.56. Таралымы 300 дана. Тапсырыс 111.

050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
«Ұлағат» баспасының баспаханасында басылды.